



20
20

«АСТАНА» ХАЛЫҚ-
АРАЛЫҚ ҚАРЖЫ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

МАЗМҰНЫ

01. КІРІСПЕ	02
Алғы сөз	04
Табысқа жету жолында: АХҚО-ның қалыптасу кезеңдері	08
02. ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨҢІРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУЫ, ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛЫ ЖӘНЕ АХҚО-НЫҢ РӨЛІ	16
Қазақстан мен өңірдің макроэкономикалық ахуалы	18
АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы	26
АХҚО жаһандық контексте	30
03. АХҚО ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛАЙЛЫ БИЗНЕС ОРТАСЫ	32
АХҚО экожүйесінің артықшылықтары	34
АХҚО жаһандық аренада	58
АХҚО Нұр-Сұлтан қаласы инфрақұрылымының ажырамас бөлігі ретінде	61
04. АХҚО — ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ХАБ	64
АХҚО даму стратегиясын іске асыру моделі	66
АХҚО инвестициялық хаб ретінде	70
АХҚО өңірлік қаржы орталығы ретінде	84
05. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	108
Корпоративтік басқару құрылымы	110
Тәуекелдерді басқару және ішкі аудит	118
Этикалық мәдениет	120
06. АХҚО — ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛЫНДА	122
Орнықты экономикалық есуді қолдау	124
07. ҚОСЫМША	136
АХҚО-да бизнес ашу	138
АХҚО-ның құқықтық және реттеушілік базасы	139
АХҚО байланыстары	140
АХҚО-ның жылжымайтын мүлкі	143
Библиография	152
Глоссарий	153



01.

КІРІСПЕ

АЛҒЫ СӨЗ



Қасым-Жомарт Тоқаев

Қазақстан Республикасының Президенті

«Әр инвесторға арналған жекелеген қолдау шаралары қолға алынуы керек. Сол шараларды басымдылығына және тұтас экономикаға тигізетін нақты әсеріне қарай қабылдаған жөн.

Осы маңызды жұмыс аясында Үкімет басымдығы бар салалардағы стратегиялық инвесторлар үшін бүкіл инвестициялық заңнаманың тұрақтылық режімін қамтамасыз етуге тиіс.

Инвестиция тартып, қор нарығын дамыту үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) әлеуетін тиімді пайдалануымыз керек. Бұл мемлекеттік активтерді жеке-шелендіру барысында аса маңызды болмақ.

Сонымен қатар бизнестегі дау-дамайлар кезінде отандық кәсіпкерлер үшін ағылшын құқығының басымдығы мен АХҚО төрелігін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

Ұлттық компанияларымызға тиесілі жекелеген құрылымдарды шетелдік юрисдикциялардан АХҚО-ға біртіндеп көшіруді бастаған жөн».

**2020 ЖЫЛҒЫ
11 МАМЫР**

«Ірі инвесторларды бір ғана ел аса қызықтырмауы мүмкін, ал сауда және өнеркәсіптік салалар бойынша байланысы мығым Еуразиялық одақ пен Орталық Азияның бүкіл аймағын елемей қиын. Қазіргі жағдайда өңірдегі елдер арасындағы кез келген бәсеке өзара күш біріктіру және дамуға ынталандыру тұрғысынан қарастырылуы қажет деп санаймын. Инвесторлар осы елдердің біріне қызығушылық танытса, бұл өзге мемлекеттерге де табыс әкеледі деген сөз. Осыған орай АХҚО өзінің бірегей мүмкіндіктері арқылы өңірдегі елдерді байланыстыратын әмбебап платформа ретінде қызмет атқара алады».

**2020 ЖЫЛҒЫ
2 ШІЛДЕ**

«АХҚО сенімді қаржылық платформа ұғымының синониміне айналып, шетелдік инвесторлардың Қазақстанға деген сенімін арттыруы керек. Жалпы құқықтың тәуелсіз сот жүйесі — АХҚО сотына АХҚО-ның жұмысында, сәйкесінше Қазақстанның инвестициялық бағдарламасын тиімді жүзеге асыру ісінде маңызды рөл беріліп отыр.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының соты Қазақстанда жұмыс істеп жатқан немесе елімізге келуді жоспарлап отырған инвесторларға әлемдегі барлық ірі қаржы орталықтарындағыдай лайықты соттармен, сот процесстерімен, тәжірибесімен және стандарттарымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Жалпы құқық бойынша тәжірибелі соттар өздерінің бейтараптылығымен, әділдігімен және бармақ басты, көз қыстыға көнбейтіндігімен танымал. Сондай-ақ олар сот жүйесінің тұрақтылығы мен құқық бұзылмауының кепілі».

**2020 ЖЫЛҒЫ
8 ШІЛДЕ**



Доктор Қайрат Келімбетов

«Астана» халықаралық
қаржы орталығының
Басқарушысы

Өткен жылдың дәл осы уақытына қарап, 2020 жылы әлем қандай проблемаларға тап болатынын ешкім елестете алмады. COVID-19 пандемиясы бүкіл әлемдік экономикаға айтарлықтай әсер етті және бүкіл әлемде іскерлік белсенділіктің айтқысыз төмендеуіне алып келді.

Пандемияның болжап болмайтын сипатына қарамастан, өткен жылы АХҚО айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Пандемиядан туындаған шектеулерге байланысты АХҚО қатысушыларына жәрдемдесу шараларын ұсыну, процестерді тиімді цифрлық трансформациялауды қамтамасыз ету, сондай-ақ қалыпты режимде бизнес жүргізу мүмкіндігі үшін АХҚО органдары мен олардың ұйымдарына қашықтықтан үзіліссіз жұмыс істеу арқылы қаржы нарықтарын қолдауға ерекше назар аударды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында және жақында қабылданған Қазақстанның 2025 жылға дейінгі дамуының ұлттық жоспарында атап өтілгендей, АХҚО елімізге тікелей және портфельдік инвестицияларды тартудың негізгі платформаларының бірі болуы тиіс. АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі жаңа даму стратегиясына сәйкес біз алдымызға қаржы орталығы және инвестициялық хаб ретінде халықаралық мойындалу өршіл мақсатын қойдық. Біз осы тұрақсыз

уақытта АХҚО-ның өңірлік қаржы орталығы ретіндегі мәртебесін нығайту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз.

Өткен жылы жаңа стратегияның негізгі бағыттарын дамытуға ықпал ететін арнайы әзірленген жобалар бірінші орынға қойылды. Осы бастама шеңберінде АХҚО жобаларды әзірлеуден бастап іске асыру басталғанға дейін толассыз сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мемлекеттік деңгейде инвесторларды тарту мен қолдаудың жаңа тетігі — Task Force әлеуетті инвесторлармен жұмыс жөніндегі арнайы топқа қосылды.

АХҚО әлемдік қаржы қауымдастығының сеніміне ие болуды жалғастыруда, қазірдің өзінде әлемнің 53 елінен 800-ден астам компания оның қатысушысы атанды, олардың қатарында халықаралық инвестициялық компаниялар мен ірі әлемдік банктер де бар. Жалпы құқық юрисдикциясы және жеңілдетілген салық режимі сияқты АХҚО-ның бірегей артықшылықтарымен ұштасқан табысты шешімдер мен технологиялар бірлесе отырып, Еуразия өңірін экономикалық дамыту және гүлдендіруге мүдделі қатысушылар мен инвесторларды белсенді тартуға ықпал етеді.

Осы есепте көрсетілген АХҚО-ның 2020 жылы қол жеткізген жетістіктері біздің негізгі мүдделі тараптарымыздың бейілдігі мен қолдауының нәтижесі болып саналады. Бұдан әрі күш-жігеріміз АХҚО-ның өңірлік қаржы орталығы және инвестициялық хаб ретіндегі рөлін кеңейтуге жұмсалатын болады. АХҚО-ның осы стратегиялық бағыттарына Үкіметпен, акционерлермен, серіктестермен, қатысушылармен, қызметкерлермен және жалпы қауымдастықпен тығыз ынтымақтастықта қол жеткізу біздің алдағы кезеңдегі басты басымдығымыз болып қала береді.

ТАБЫСҚА ЖЕТУ ЖОЛЫНДА: АХҚО-НЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

2015-2020 ЖЫЛДАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



**Наурыз**

- АХҚО биржасында Қатар Халықаралық ислам банкінің ислам бағалы қағаздарының (сукук) бірінші кросс-листингі өтті.
- АХҚО биржасында Қазақстанда юаньмен номинацияланған алғашқы облигациялардың листингі өтті.

Сәуір

- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті COVID-19 жаһандық пандемиясының сын-қатерлеріне жауап ретінде қаржы нарығын қолдау шараларын ұсынды.

Шілде

- Astana Finance Days үшінші форумы өтті.
- АХҚО-ны Басқару жөніндегі кеңес АХҚО-ны 2025 жылға дейін дамытудың жаңа стратегиясын айқындады.
- Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен АХҚО сотының төрағасы Лорд Манстың ант беру рәсімі өтті.
- АХҚО өзінің 500-інші қатысушысын тіркеді.
- Райффайзенбанк кастодиандық қызметтерді ұсыну бойынша AIX CSD алғашқы халықаралық қатысушысы атанды.
- АХҚО биржасы Өңірлік акциялар нарығының сегментін (REMS) іске қосты.
- Еуразиялық Даму Банкі АХҚО Жасыл қаржы орталығының акционері болды.

Тамыз

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АХҚО биржасында алғашқы жасыл облигацияларды орналастырды.
- АХҚО биржасы FTSE Frontier Index Series талаптарына сәйкес келетін сауда алаңы деп танылды.

Мамыр

- Заң технологияларын дамыту жөніндегі консультативтік кеңес құрылды.

2020

Қыркүйек

- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің компанияларды тіркеу жөніндегі қызметтері толығымен цифрлық форматқа көшірілді.
- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті сақтандыру компанияларын трансшекаралық қадағалау саласындағы жаһандық келісімнің (IAIS MMoU) 75-ші қатысушысы атанды.
- 2020 жылы төрелік және дауларды баламалы шешу жөнінде ХТО Саммиті өтті.
- АХҚО биржасы өзінің сауда инфрақұрылымын (Nasdaq сауда жүйесі) Amazon Web Services бұлтты шешіміне көшірген әлемдегі алғашқы биржа атанды.

Қазан

- АХҚО IOSCO аясында виртуалды Дүниежүзілік инвесторлар аптасын ұйымдастырды.
- Kaspi.kz АХҚО биржасының ресми тізіміне қосылды.
- АХҚО соты мен ХТО-ның 2020 жылғы 3-ші сот отырысының конкурсы өткізілді.

Қараша


- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті құқық қолдану саласындағы трансшекаралық ынтымақтастыққа қатысты IOSCO өзара түсіністік туралы кеңейтілген көпжақты меморандумына (IOSCO EMMoU) қол қойды.

Желтоқсан

- Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы заңнамалық деңгейде қабылданды.
- АХҚО Экспат орталығы көрсеткен қызметтер саны 10 000-ға жетті.
- Бөлшек сауда инвесторларына арналған Tabus қосымшасы іске қосылды.
- АХҚО биржасында Еуразиялық даму банкінің АҚШ долларындағы облигациялардың бірінші листингі өтті.
- АХҚО биржасында Ислам даму банкінің ислам бағалы қағаздарының (жасыл сукук, тұрақты сукук және дәстүрлі сукук) кросс-листингі өтті.
- Ислам даму банкінің техникалық көмегімен (грант) Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамытудың 2025 жылға дейінгі Бас жоспары (жол картасы) әзірленді.



АХҚО ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫ





«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ

Негізгі көрсеткіштер
(2020 жылдың соңындағы
жағдай бойынша)

\$35,8 МЛРД

АХҚО биржасын-
да листингтелген
компаниялардың
нарықтық капитал-
дандыруы

\$425 МЛН

АХҚО қаржы қызмет-
тері секторындағы
активтердің көлемі

80

АХҚО-ның жалпы
қолданыстағы және
қаржылық реттеу
актілері

658

49 елдің ішінен
АХҚО-да тіркелген
компаниялар

130+

АХҚО платформа-
сындағы стартаптар

34

FinTech Lab
АХҚО реттеуші
құм алаңындағы
компаниялар

\$4,4 МЛРД

АХҚО алаңы арқылы
салынған инвестиция-
лардың жалпы көлемі

(2021 жылғы мамырдағы
жағдай бойынша)

330

АХҚО соты және ХТО
рұқсат еткен сот,
төрелік істер және
медиация

12 000+

АХҚО-ның кадрлық
резерві

17 000 М²

ЭКСПО аумағындағы
АХҚО қатысушы-
ларына арналып
бөлінген «А» класты
кеңсе алаңдары

10 000+

АХҚО Экспат
орталығы көрсеткен
қызметтер саны

\$1,1 МЛРД

АХҚО алаңы
арқылы салынған
инвестициялардың
жалпы көлемі

(2020 жылы)

222

Тараптардың мүддесін
білдіру құқығымен АХҚО
Сотында тіркелген заң-
герлердің саны



02.



ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨҢІРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУЫ, ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛЫ ЖӘНЕ АХҚО-НЫҢ РӨЛІ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨҢІРДІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛЫ

Географиялық қолайлы орналасуы, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) сияқты альянстардың болуы және Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасы шеңберіндегі өзара іс-қимыл Орталық Азия мен оның елдерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) жаһандық рөліне айтарлықтай әсер етті.

2021 жылы Қазақстан ЖІӨ

3%


дейін өседі деп болжануда

Қазақстан негізгі экономикалық серіктес бола отырып, Орталық Азия, Кавказ, ЕЭО, Шығыс Еуропа, Батыс Қытай және Моңғолия елдері (бұдан әрі — Өңір) үшін іскерлік және қаржылық торабы ретінде өз ұстанымын нығайтуда. Инфрақұрылымға инвестициялар, жаңа әуежайлар, жолдар мен құрғақ порттар салу елге Өңір елдерімен, Қытай және Ресеймен көлік қатынасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

COVID-19 жаһандық пандемиясының аясында экспорт көлемінің күрт төмендеуі бүкіл Орталық Азия, Ресей және Қытайға әсер еткені байқалды. Өнеркәсіптік өндірістің төмендеуі мұнай экспортына айтарлықтай тәуелді ОПЕК + мүше елдердің мұнай өндірісінің төмендеуіне әкелді. Азия даму банкінің 2021 жылғы Азияның дамуына жасаған шолуына сәйкес 2020 жылы сауда, шикізат тауарлары мен ақша аударымдары саласындағы құлдыраудан кейін Орталық Азияның субөңірлік экономикасы орта есеппен 1,9%-ға қысқарды, өйткені ол еуроаймақтың, Ресей мен Қытайдың сауда, тауарлар мен ақша аударымдары арқылы ықпалының жағымсыз әсеріне тап болды.

Дегенмен, күрделі уақытқа қарамастан, Қазақстанның ЖІӨ-нің 2020 жылы құлдырауы (-2,6%-ға дейін) өңірдегі елдердің жартысының көрсеткіштерінен төмен болмады.

1 СУРЕТ. ЖІӨ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ, 2020 ЖЫЛ, ЖЫЛЫНА %¹



Дереккөз: Азия даму банкі.
Азияның 2021 жылғы дамуының шолуы (сәуір, 2021)

2021 жылы Қазақстан экономикасының 3%-ға дейін өсуі мен қалпына келуі болжануда², бұл өңірдің қытайлық BRI бастамасы шеңберінде өзінің интеграциясын кеңейтетіндіктен, шикізат тауарлары бағасының және тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) бірқалыпты өсуімен қатар жүруі мүмкін. Қазақстанның 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес атаулы ЖІӨ 2021 жылғы 183.2 млрд АҚШ долларынан 2025 жылы 249.6 млрд АҚШ долларына дейін өседі³.


Сонымен қатар, Қазақстан өзінің экономикалық байланыстарын кеңейту үшін жұмыс жүргізуде және Батыс пен Шығыс арасындағы байланыстырып тұратын буын болып отыр. Өңірдегі экономикалық және көлік байланыстарының дамуына қарай көлем де өседі және бұл ТШИ ағынының артуына алып келеді⁴.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде елдердің инвестициялары үшін аса тартымды ел ретінде беделге ие болды. Қазақстанның бірегей географиялық орналасуы бизнес шекарасын кеңейтіп, континенттерді байланыстыруға елеулі артықшылықтар береді. Сонымен қатар, мұнай мен газ сияқты табиғи ресурстардың бай қоры елдің экономикалық өсуіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Саяси тұрақтылық, елдің сенімді стратегиялық бағыты мемлекеттің одан әрі дамуына мүмкіндіктер туғызды. Қазақстан көршілес Орталық Азия елдеріне қарағанда, Дүниежүзілік банктің «Бизнесті жүргізу»⁵ атты жыл сайынғы баяндамасында жоғары орынды иелене отырып, ел ішіндегі инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша жақсы нәтижелер көрсетуде.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған сәттен бастап дамыған елдермен тығыз қарым-қатынас жасауда, атап айтқанда, 2020 жылы Нидерландтан бастап, Кипр сияқты елдерге дейін ірі инвесторлар атанды⁶.

2 СУРЕТ. 2020 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТОП-10 ИНВЕСТОР, МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫ



2020 жылы Қазақстанның ТШИ-ге ең көп үлес қосқан елдердің қатарына Нидерланд (30%), Қытай (6%), АҚШ (13%-ға дейін), Швейцария (10%-ға дейін), Ресей (7%) және Ұлыбритания (5%) кірді. Қазақстан түрлі секторларда инвестициялық басымдықтары бар осы мемлекеттер ел экономикасын әртараптандыруға көп жағдайда ықпал етеді деп күтеді⁷.

3 СУРЕТ. ТШИ-ДІҢ ЖАЛПЫ ТҮСІМІ, 2020 ЖЫЛ, ЕЛДЕР БОЙЫНША, %




Қазақстанның инвестициялық ахуалы

Бірқатар кешенді бастамаларды іске асыра отырып, Қазақстан өңірдегі инвестициялық ахуалды жақсарту үшін белсенді жұмыс істеуде. Инвестициялық қызметтің жаңа түрлерін дамыту үшін елде тиісті нормативтік құқықтық база дайындалды. Инвесторларды тіркеу процестері жақсарды, салық режимі, сондай-ақ инвесторларды қолдау бойынша инфрақұрылым жеңілдетілді.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстан нарықтық экономиканы дамытуда және шетелдік инвестицияларды тартуда айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Еліміз өңірдегі ТШИ алушы көлемі бойынша екінші және Орталық Азиядағы ең ірі болып қалып отыр.

4 СУРЕТ. ТШИ ТҮСІМІ, МЛРД АҚШ ДОЛЛАРЫ




1993 жылдан бастап Қазақстанға ТШИ-дің жалпы түсімі

\$365 млрд


жетті. Соңғы жылдары шетелдік инвестициялар түсімінің 2015 жылғы 15,4 млрд-тан 2019 жылы 24,3 млрд АҚШ долларына дейін өсуі байқалды. Қазақстанға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің үштен бірі соңғы бес жылда тартылды. Алайда, COVID-19 пандемиясынан туындаған әлемдік экономика қарқынының және елдер арасындағы капитал түсімінің баяулауы Қазақстанға ТШИ жалпы көлемінің 2020 жылы 30%, 17,1 млрд АҚШ долларына дейін қысқаруына алып келді⁸.

Қазақстанның ТШИ жылдық көлемі көрші елдермен салыстырғанда Орталық Азияда ең жоғары болып табылады (5 сурет).

5 СУРЕТ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ АРАСЫНДА ТШИ-ДЫҢ 2020 ЖЫЛЫ БӨЛІНУІ, МЛРД АҚШ ДОЛЛАРЫ



6 СУРЕТ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫ



Бизнес жүргізу жеңілдігі индексі

2020 жылы Қазақстан Дүниежүзілік банктің бизнес жүргізу жеңілдігі индексінде

25 ОРЫНДЫ

иеленді? — бұл Орталық Азия елдері арасындағы ең жоғары рейтинг

Қазақстан түрлі халықаралық қаржы институттары мен компаниялардың қызметі үшін тартымды орын ретінде танылды. Бірнеше жыл қатарынан Қазақстан миноритарлық инвесторлардың құқықтарын қорғау және келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша жетекші елдердің бірі болып саналады.

2020 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ ЖЕҢІЛДІГІ


Аймақ
ЕУРОПА ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

Табыс санаты
ТАБЫС ОРТАШАДАН ЖОҒАРЫ

Халық
18 276 499 | Қамтылған қала
АЛМАТЫ

ДБ бағасы
79,6 | ДБ рейтингі
25

7 СУРЕТ. БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША РЕЙТИНГ



Қазақстан бизнесті дамыту тұрғысынан Орталық Азиядағы ең тартымды ел болып табылады.



2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҰЛТТЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ: COVID-19-БЕН КҮРЕСУДІҢ НЕГІЗГІ БАСТАМАЛАРЫ МЕН РЕФОРМАЛАРЫ

Пандемиядан кейінгі кезеңде әрі қарай экономикалық өсуді қамтамасыз ету мен сапалы және тұрақты даму тұғырын жасау мақсатында Қазақстанның 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары (бұдан әрі — Жоспар) қабылданды. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру үшін қабылданған ұлттық жоспар әлемдік экономиканың алдында тұрған түрлі сын-қатерлерге, оның ішінде COVID-19 пандемиясының салдарларына жауап береді. Жоспар шеңберінде белгіленген елдің жаңа экономикалық бағыты ұлттық басымдықтарды іске асыруды және дағдарыс салдарымен күрес бойынша қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Үкімет елдің экономикалық белсенділігін арттыру, кірістілігі мен экспорттық әлеуетін ұлғайту міндеттерін қойды. Осы міндеттерді іске асыру пандемиядан кейін экономиканы біртіндеп, бірақ кепілді түрде қалпына келтіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ел басшылығы дағдарыстың бизнеске және ҚР азаматтарына әсерін барынша азайту шараларын қабылдады. Үкіметтің жаңа бастамалары медициналық көмек қызметтеріне, оның ішінде сақтандырылмаған тұлғаларға қолжетімділікті жақсартты, сондай-ақ салықтарды төлеуді кейінге қалдыру, кредиттерді субсидиялау түрінде тікелей қолдау көрсетілді.

ЖОСПАР ЕЛГЕ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР АҒЫНЫН ТЕЗ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ, ТШИ КӨЛЕМІН 30 МЛРД АҚШ ДОЛЛАРЫНА ДЕЙІН ЖӘНЕ НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ 2025 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЖІӨ-НІ 30%-ҒА ДЕЙІН ҰЛҒАЙТУҒА ЫҚПАЛ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІРҚАТАР МІНДЕТТЕРДІ КӨЗДЕЙДІ.

Осы міндеттерге қол жеткізу үшін инвестицияларды тарту бойынша жетілдірілген тәсілдер енгізілді. АХҚО инвесторларды қорғау деңгейін, реттеушілік базаның ашықтығын арттыру, инфрақұрылымды, сондай-ақ елдің визалық режимін жақсарту арқылы инвестицияларды тарту және қолдау үшін жағдайларды одан әрі жақсартуға ықпал ететін болады.

Экономиканың басым секторларында жобаларды іске асыруды жүзеге асыратын стратегиялық инвесторлар үшін ҚР заңнамасында және АХҚО юрисдикциясындағы (АХҚО соты мен ХТО-да дауларды шешу мүмкіндігін қоса алғандағы) көзделген жеңілдіктер мен артықшылықтарды беру бойынша ерекше шарттар мен рәсімдерді көздейтін стратегиялық инвестициялық келісімдер жасасу мүмкіндігі берілген.

Ұлттық жоспар шеңберінде АХҚО платформасын және жасыл экономика саласындағы жаңа қаржы құралдарын (атап айтқанда, жасыл облигациялар) белсенді пайдалану, венчурлық капиталды дамыту, АХҚО биржасында тау-кен сегментін құру, сондай-ақ келісімшарттарға АХҚО соты мен ХТО-ның үлгі ескертпелерін енгізу мүмкіндігі көзделген.

Еуропа қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ), Азия даму банкімен (АДБ), Халықаралық валюта қорымен (ХВҚ), сондай-ақ Moody's, Fitch және Standard & Poor's рейтингтік агенттіктерімен қоса бірқатар жетекші халықаралық қаржы институттары Қазақстан экономикасы үшін жағымды болжамдарды растады¹⁰. Қазақстан елдің экономикалық өсуін жеделдетуге мүмкіндік беретін жоғарыда аталған барлық реформалар мен шараларды табысты іске асыруға үміттенеді¹¹.





АХҚО-НЫҢ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

ПАЙЫМ МЕН МИССИЯ

АХҚО-ның пайымы — өңірдегі жетекші халықаралық қаржы орталығына айналу.

АХҚО-ның міндеті — корпорациялар мен бизнес-қоғамдастыққа инвестициялар тарту, өнеркәсіп пен көрсетілетін қызметтер саласында маңызды және өнімді жобалар жасау, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жаңа нарықтар құру үшін жаңа мүмкіндіктер ұсына отырып, Қазақстан мен өңірдің орнықты дамуына ықпал ету.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР МЕН МАҚСАТТАР

АХҚО-ны дамыту стратегиясы шеңберінде АХҚО-ның өңірлік қаржы орталығы ретіндегі рөлін белгілеу және ең алдымен, оның Қазақстан Республикасының қаржы және экономикалық саласында қажетті реформаларды іске асыру мен ілгерілетуге арналған платформа ретін-

АХҚО озық практиканы енгізу, заманауи институттар мен инфрақұрылымды құру, қолайлы бизнес-ортаны қамтамасыз ету үшін білім, мүмкіндіктер мен тиімді қаржы құралдарын ұсыну, оның ішінде компаниялардың одан әрі өсуі үшін капитал тарту арқылы Қазақстан экономикасының дамуына ықпал етеді. АХҚО бизнесті ашу және жүргізу үшін қолайлы ортаны, АХҚО қатысушыларының жайлы өмір сүруі және жұмыс істеуі үшін қонақжай атмосфераны одан әрі қамтамасыз етуді ұстанады және жалғастыратын болады.

дегі рөлін қамтамасыз ету көзделеді. АХҚО-ның даму стратегиясы АХҚО-ның құрылған инфрақұрылымының негізгі артықшылықтарын пайдаланады және



реттеушілік базаға сенімді қалыптастыру, халықаралық қаржы институттарымен серіктестік қарым-қатынастар, АХҚО-ның технологиялық мүмкіндіктері шеңберінде орталық жұмысының алғашқы жылдарындағы табыстарға, сол сияқты жергілікті және өңірлік компаниялар тарапынан қаржы құралдарының кең спектрін ұсынуға сүйенеді.

АХҚО-ның тұрақты даму саласындағы стратегиялық бағыттары тұйық циклді экономиканы, қаржылық технологияларды дамытуға және цифрлық қаржы орталығын құруға ықпал ету болады. Қалдықтарды жасайтын, пайдаланатын және қайта өңдейтін дәстүрлі желілік экономикадан айырмашылығы, экономиканың бұл түрі ресурстарды үнемі қалпына келтіруге негізделген.

АХҚО-НЫҢ КЕЛЕСІ МАҚСАТТАРЫ «АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ» КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢҒА СӘЙКЕС АХҚО-НЫ ДАМУ ТРАТЕГИЯСЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН:

01.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗ- МЕТТЕР САЛАСЫНДА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ҮШІН ТАРТЫМДЫ ОРТА ҚҰРУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ

- Құқықтық және реттеушілік база қаржылық делдалдық үшін өңірдегі үздік экожүйені қамтамасыз ететін бизнес үшін тартымды және қолайлы ортаны дамыту.
- АХҚО құзіретін, құқықтық және реттеушілік базасын одан әрі дамыту, сот қызметтерін кеңейту және адами капиталды күшейту.
- Үздік әлемдік практикаларға сәйкес инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасының құқықтық базасын одан әрі дамыту, сондай-ақ оны ілгерілету.
- Реттеушілік құқықтық базаны, бизнес-ахуалды дамыту мен мемлекеттік және жеке жобаларға инвестиция тарту үшін қазіргі заманғы қаржы құралдарын енгізу шеңберінде Үкіметпен байланыстарды одан әрі жақсарту.

02.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫН ДАМУ, ОНЫҢ КАПИТАЛДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ НАРЫҚТАРЫМЕН ЫҚПАЛДАСУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- Портфельдік инвестицияларды тарту, ірі ұлттық және жеке компаниялардың IPO/SPO-сын өткізу, корпоративтік және мемлекеттік қаржы құралдарын шығаруға және орналастыруға ықпал ету мақсатында АХҚО биржасын одан әрі дамыту.
- Биржалық өнімдерге (ETF, ETF) хабардарлықты және инвестицияларды арттыру арқылы инвесторлар базасын ұлғайту, осылайша нарықтағы өтімділікті арттыру.
- Экономикада өсуді қолдау және қосылған құнды құру үшін жеке секторға капитал тарту шаралары.
- Халықаралық нарықтың қатысушыларымен және қызмет көрсетушілермен серіктестікті кеңейту, депозитарийлер ретінде халықаралық сақтаушы банктерді тарту, шетелдік инвесторлардың акцияларды орналастыруға қатысуын қамтамасыз ету, нарықтың өтімділігін тарту және қолдау арқылы капиталды жаһандық нарықтарымен интеграциялау.
- Активтерді басқару нарығын дамыту және заманауи қаржы құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында реттеушілік және салықтық режимдерді күшейту.
- Активтер мен жеке капиталды басқару және тұтастай индустрия саласындағы жергілікті сараптама мен мүмкіндіктерді дамыту үшін Ұлттық қордың және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының басқарушы компанияларын оқшаулау.

03.

САҚТАНДЫРУ, БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІ, ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ, ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММЕРЦИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР НАРЫҒЫН ДАМУ

- Халықаралық қаржы институттарына қолжетімділікті және қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы ірі клиенттерге көрсетілетін банк қызметтерін және жеке тұлғалардың дәулеті саласында көрсетілетін қызметтерді одан әрі дамыту.
- Тәуекелдерді беру тиімділігін арттыру мақсатында қайта сақтандыру және кэптивті сақтандыру нарықтарының өсуіне ықпал ету.
- Халықаралық ислам қаржылық және қаржылық емес институттарын, сақтандыру компанияларын және активтерді басқару жөніндегі компанияларды оқшаулау арқылы Қазақстанда ислам қаржысы индустриясын одан әрі дамыту.
- Қаржылық инновациялар, технологиялар және электрондық коммерция саласындағы реттеушілік базаны одан әрі дамыту.
- Экологиялық факторлардың сақталуын ілгерілету және жасыл жобаларға арналған инвестицияларға қолжетімділікті жақсарту, сондай-ақ жасыл облигацияларды шығаруға және жасыл жобаларға капитал тартуға ықпал ету шеңберінде жасыл қаржыландыру саласындағы реттеушілік базаны жетілдіру.

04.

ЕҢ ҮЗДІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПРАКТИКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ДАМУ

- Өлемдік стандарттар мен үздік практикаларға сәйкес қаржылық және кәсіптік көрсетілетін қызметтерді орындаушылар үшін реттеушілік базаны одан әрі жетілдіру.
- Жергілікті мемлекеттік органдармен белсенді ынтымақтастықты қамтамасыз ету, сондай-ақ халықаралық қаржылық реттеу органдарымен, оның ішінде заманауи реттеу құралдарын енгізумен байланысты салаларда кең ауқымды жұмыс жүргізу.

05.

ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ТАНЫЛУ

- АХҚО брендин одан әрі дамыту және АХҚО артықшылықтарын ілгерілетуге, сондай-ақ әлеуетті серіктестер мен қатысушыларға қолжетімді өнімдер мен қызметтерге басымдық бере отырып, оның танымалдылығын арттыру.
- АХҚО-ның өңірлік және халықаралық экспансиясы, АХҚО-ның қатысуымен кеңейту.
- Құқықтық базаны одан әрі жетілдіру және Азиялық валюта нарығының құралдарын дамыту үшін инфрақұрылым құру арқылы «Белдеу және жол» бастамасы шеңберінде нарық құру.
- АХҚО-да Дүниежүзілік экономикалық форумның Төртінші өнеркәсіптік революциясының Аффилденген орталығын құру.
- Халықаралық бастамаларда Қазақстан Үкіметіне қолдау көрсету.

АХҚО-ның даму стратегиясының мақсаттарына табысты қол жеткізу үшін оны іске асыру моделі әзірленді (толығырақ есептің 4-тарауын қараңыз).

8 СУРЕТ

АХҚО ЖАҢАНДЫҚ КОНТЕКСТТЕ

2005

Қатар қаржы орталығы

900+ жалпылама компания*
+334 компания, 2020 ж.

\$5 000 тіркеу алымы
\$2 750** жылдық төлем

Қызмет бағыттары:

- | | |
|--|---|
| 01. Банк қызметтері | 09. Сақтандыру, қайта сақтандыру |
| 02. Корпоративтік/көтерме сауда банк ісі | 10. Еншілес сақтандыру |
| 03. Банктердің инвестициялық қызметі | 11. Исламдық қаржыландыру |
| 04. Жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару | 12. Инвестициялар жөніндегі кеңестер және инвестициялық қызметтер |
| 05. Активтерді басқару | 13. Фидуциарлық бизнес |
| 06. Бөлшек сауда тәсімі | 14. Еншілес құрылымдар |
| 07. Білікті инвесторлар тәсімі | 15. Капитал нарығындағы көлік құралдары |
| 08. Жеке орналастырым тәсімі | 16. Финтех |

ҚАТАР ҚОР БИРЖАСЫ 2019

48 эмитент*
\$167,09 млрд нарықтық капиталдандыру*
\$9,67 млрд 2020 ж. сауда құны

- АХҚО** — «Астана» халықаралық қаржы орталығы
DIFC — Дубай халықаралық қаржы орталығы
QFC — Қатар қаржы орталығы
SFC — Сингапур қаржы орталығы
AIX — «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы
QSE — Қатар қор биржасы
SGX — Сингапур биржасы

1971

Сингапур қаржы орталығы

3 261 жалпылама компания*
\$4 000 жылдық төлем (тіркеу жарнасы өткен жылдың жылдық жарнасына байланысты)

Қызмет бағыттары:

- | | |
|---------------------------------|---|
| 01. Активтерді басқару | 06. Инфрақұрылымдарды қаржыландыру |
| 02. Кәсіпорындарды қаржыландыру | 07. Турақты қаржыландыру |
| 03. Капиталды басқару | 08. Тәуекелдерді сақтандыру және қаржыландыру |
| 04. Валюта және дериватив | |
| 05. Тиянақталған табыс | |

СИНГАПУР БИРЖАСЫ 1999

755 эмитент*
\$8,11 млрд нарықтық капиталдандыру*
\$25,1 млрд 2020 ж. сауда құны

2002

Дубай халықаралық қаржы орталығы

2 584 жалпылама компания*
+915 компания, 2020 ж.
\$3 200** тіркеу алымы
\$4 000* жылдық төлем

Қызмет бағыттары:

- | | | |
|---|-------------------------------------|----------------------------|
| 01. Банк қызметтері | 09. Активтерді басқару | 18. Кафе мен мейрамханалар |
| 02. Жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару | 10. Әл-ауқатты басқару | 19. Көркемөнер галереялары |
| 03. Банктердің инвестициялық қызметі | 11. Жекеменшік акционерлік капитал | |
| 04. Брокерлік қызмет | 12. Корпоративтік кеңселер | |
| 05. Капитал нарықтары | 13. Кәсіби қызметтерді орындаушылар | |
| 06. Инновацияға лицензия | 14. Исламдық қаржыландыру | |
| 07. Сақтандыру, қайта сақтандыру мен кәптер | 15. Финтех | |
| 08. Ақшалай қаражаттарды басқару | 16. Белгіленген компаниялар | |
| | 17. Ритейл және бөлшек сауда | |

NASDAQ DUBAI 2005

144 эмитент*
\$15 трлн нарықтық капиталдандыру*
\$1,56 млрд 2020 ж. сауда құны

АХҚО бизнесті дамыту мен кеңейтуге ықпал ету үшін өңірде бірыңғай терезе болуды мақсат етіп отыр. АХҚО озық әлемдік практикаларды енгізеді және өз әлеуетін кеңейту бойынша жұмысты жалғастырады. АХҚО-ның таяуда, 2018 жылы ресми іске қосылғанына қарамастан, АХҚО-ны әлемдегі ең табысты халықаралық қаржы орталықтарымен салыстыруға болады.

2018

«Астана» халықаралық қаржы орталығы

800+ жалпылама компания*
+294 компания, 2020 ж.

\$400 тіркеу алымы
ДЕЙІН \$0 жылдық төлем

АХҚО БИРЖАСЫ 2018

56 эмитент*
\$35,8 млрд нарықтық капиталдандыру*
\$58,7 млн 2020 ж. сауда құны

Қызмет бағыттары:

- Капитал нарығы
- Брокерлік қызмет
- Активтерді басқару
- Ақшалай қаражаттарды басқару
- Жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару
- Банк қызметтері
- Исламдық қаржыландыру
- Сақтандыру, қайта сақтандыру
- Қаржы технологиялары
- Жасыл қаржылар
- Көрсетілетін көмекші қызметтерді орындаушылар
- Холдингтік компаниялар, бас кеңселер және реттеуге жатпайтын өзге де коммерциялық қызмет

* 2021 ж. мамырдағы жағдай бойынша

** орташа құнын есептеу, толығырақ Орталық сайтынан қараңыз



03.

АХҚО ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛАЙЛЫ БИЗНЕС ОРТАСЫ

АХҚО ЭКОЖҮЙЕСІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

АХҚО-ҒА ШОЛУ

АХҚО жайғасымы

АХҚО — Нью-Йорк пен Лондоннан бастап Дубайға, Гонконг пен Сингапурға дейінгі бүкіл әлемдегі озық қаржы орталықтарының үздік тәжірибесі мен заманауи практикаларын біріктіретін әлемнің қаржы картасындағы бірегей хаб.

АХҚО жаһандық деңгейде осындай орталықтар ұсынатын барлық мүмкіндіктерді барынша пайдалануға тырысады.

Қазіргі уақытта әлемдік экономикада айтарлықтай қаржы ресурстары бар, алайда дамыған елдерде инвестициялар үшін тартымды объектілердің салыстырмалы түрде жетіспеуі дамушы нарықтарға назар мен қызығушылықтың артуына ықпал етеді. Ұзақ мерзімді экономикалық өсу кезеңіне аяқ басқан Орталық Азия компаниялар, елдер және олардың азаматтары үшін жаңа көкжиектер мен қолайлы перспективаларға жол ашуда.

АХҚО Қазақстанға инвестициялар тартуға және қолайлы әрі достық инвестициялық орта құруға ықпал ету жөніндегі өзінің стратегиялық міндетінің шеңберінде компаниялар мен жеке тұлғалар үшін есік ашады және ірі қаржылық, өндірістік және сауда корпорацияларына да, сондай-ақ нарықтағы жаңа тұлғаларға да даму мен өсу үшін қосымша мүмкіндіктер ұсынуға дайын. АХҚО өңірдегі елдердің орташа капиталдандырылған компаниялары үшін де тартымды жағдайларды ұсынады.

Жалпы құқық негізіндегі юрисдикция, ашық және кемсітушіліктен ада реттеуші орта, қолайлы салық режимі, қызметтер үшін салыстырмалы түрде төмен алымдар және басқа артықшылықтар қатары АХҚО қатысушылары мен клиенттері үшін бизнес жүргізуге арналған қолайлы орта құруға көмектесіп, осылайша қаржы орталығының бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

АХҚО:

ИНВЕТОРЛАРҒА

• Қазақстан мен өңірдің басқа да елдерінен мемлекеттік және жеке эмитенттердің бағалы қағаздарын, сондай-ақ «Белдеу және жол» бастамасы шеңберіндегі ірі ауқымды бастамалардан бастап шағын IT-стартаптарға дейінгі бизнес-жобаларды ұсына отырып.

• заманауи қаржы қызметтерінің, оның ішінде банк ісі, сақтандыру, капитал нарықтары, ислам қаржысы және финтех салаларындағы кең ауқымды қызметтерді ұсына отырып.

БИЗНЕСКЕ

• инвесторларға, оның ішінде ірі халықаралық және өңірлік қаржы институттарына, сондай-ақ активтерді басқарушылар мен ислам қаржы институттарына шығуға мүмкіндік беру арқылы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН АХҚО ҰСЫНАТЫН МҮМКІНДІКТЕР

АХҚО әр түрлі клиенттер қоржыны бар динамикалық және жан-жақты платформа болуға тырысады. Орталық қызметінің төменде берілген негізгі бағыттары компаниялар мен қаржы институттарына дамушы өңірлік нарықтың артықшылықтарын пайдалану үшін кең мүмкіндіктер береді.

АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ

АХҚО-да активтерді басқару саласын реттеу инвестициялар мен портфельді басқару бойынша кәсіби қызметтерді алуға мүдделі клиенттер үшін де, активтерді басқару саласының дамыған экожүйесіне қол жеткізетін нарық қатысушылары үшін де өте лайықты.

КАПИТАЛ НАРЫҒЫ

Орталықтың юрисдикциясында әрекет ететін АХҚО биржасы инвесторлар мен эмитенттерге капитал нарығы саласында негізгі құралдарды ұсынады: акциялар, ЖДҚ, борыштық бағалы қағаздар (оның ішінде корпоративтік облигациялар, жасыл облигациялар, сукук), тәуелсіз облигациялар және еурооблигациялар, биржалық қорлар мен ноталар.

БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ

Дивидендтер мен кірістерді құн өсімінен бастап салық салуға дейін босататын қолайлы эжөжүйе, мультивалюталық сауда операциялары жергілікті және шетелдік брокерлерге шығындарды оңтайландыруға және Орталық Азия нарығына жол ашуға мүмкіндік береді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ

АХҚО қор басқарушыларына әртүрлі инвестициялық стратегиялары бар қорларды құрылымдау, басқару және құру үшін әлемдік деңгейдегі заңнамалық және нормативтік базаны ұсынады. АХҚО жаһандық және жергілікті басқарушы компанияларға Орталық Азияның дамушы капитал нарығына өз қызметін кеңейту үшін тамаша мүмкіндік береді. Қолайлы салық режимі барлық тартылған қатысушыларға (қор, басқарушы компания және инвестор) корпоративтік және жеке табыс салықтарынан босатылуға мүмкіндік береді.

ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

АХҚО краудфандинг, монеталарды бастапқы орналастыру (ICO), цифрлық активтерді сату, FinTech Lab реттеуші құм алаңы режимінде финтех қызметтерін тестілеу және дамыту, сондай-ақ Жаһандық қаржылық инновациялар желісі (қаржылық реттеушілер желісі) аясында бірнеше юрисдикцияларда финтех қызметін трансшекаралық тестілеу сияқты инвестициялардың жаңа нысандары үшін реттеушілік негіз құрған өңірдегі алғашқы юрисдикцияға айналды.

САҚТАНДЫРУ, ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

АХҚО қатысушылары көліктің жекелеген түрлерін сақтандыруды, олармен байланысты жүктерді сақтандыру мәселелерін, аталған көлік түрлері иелерінің АҚЖ сақтандыруды, сот шығыстарының кепілдіктері мен кепілгерліктерін сақтандыруды және титулдық сақтандыруды, сондай-ақ апатты, климаттық, кибер-тәуекелдер, лаңкестік тәуекелдер, саяси тәуекелдер, азаматтық тәртіпсіздіктер мен ереуілдер тәуекелдері сияқты ірі тәуекелдерді сақтандыруды қамтамасыз етеді.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН БАСҚАРУ

Жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару индустриясын дамыту, сондай-ақ өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің кең спектрін ұсыну (инвестициялық және портфельдік консалтинг, активтерді, капиталды басқару және салықтарды жоспарлау) жеке капиталды басқарудың ең үздік заманауи әлемдік практикасына сәйкес жергілікті компаниялардың өкілдіктері, филиалдары, консалтингтік компаниялар сияқты түрлі құрылымдар арқылы жүзеге асыру ұсынылады.

ҚОСАЛҚЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУШІЛЕР

АХҚО құқықтық сүйемелдеу, аудит, бухгалтерлік есеп, консалтинг және кредиттік рейтинг саласында қосымша қызметтер көрсететін қатысушыларды қолдайды.

ХОЛДИНГТІК КОМПАНИЯЛАР, БАС КЕҢСЕЛЕР ЖӘНЕ РЕТТЕУГЕ ЖАТПАЙТЫН ӨЗГЕ ДЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

АХҚО компаниялардың бас кеңселері мен өңірлік штаб-пәтерлерін орналастыру үшін кең аудандарды ұсынады. Орталық Азияның нақ ортасында болуы табысты іскерлік бастамаларды қалыптастыру, инвестициялық мүмкіндіктерді іске асыру және неғұрлым қорғалған реттеушілік ортаны қамтамасыз ету үшін мінсіз орын болып саналады. АХҚО өз серіктестеріне өз қызметін өнімді жүргізудің артықшылықтарын толық сезінуге мүмкіндік беретін қызметтердің кең спектрін ұсынады.

БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІ

Орталық Азия елдеріндегі жақсарып келе жатқан экономикалық жағдай, коммерциялық банктік қызмет көрсету және ірі клиенттерге қызмет көрсету саласындағы қызметтер спектріне сұраныстың артуы АХҚО алаңында жаңа банктер, сондай-ақ бүкіл әлемнен банктердің өкілдіктерін ашу үшін мүмкіндіктер туғызды.

ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ

Орталық Азия өңірі елдерінің жасыл экономикаға көшуі тұрғысынан және жасыл жобаларды қаржыландыруға артып келе жатқан қажеттілік аясында АХҚО Жасыл қаржы орталығы әлеуетті эмитенттерге, инвесторлар мен нарық ойыншыларына АХҚО биржасында жасыл облигацияларды шығаруға дайындық мәселесі бойынша бастапқы көмек көрсетеді. Жасыл қаржы орталығы жасыл облигацияларға міндетті сыртқы шолуды ұсынумен байланысты эмитенттердің шығындарын жабады.

ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Өңірде исламдық қаржыландыру индустриясының өсуімен АХҚО нарықтың ірі халықаралық қатысушыларымен тығыз байланыс орнатты. Исламдық қаржыландыруды дамыту үшін АХҚО-ның қолайлы құқықтық реттеушілік ортасы құрылды. АХҚО-ның Исламдық қаржы және бизнес хабы исламдық қаржы компанияларын лицензиялауда, сондай-ақ исламдық қаржы құралдары мен бағалы қағаздарды құрылымдауда және шығаруда нарықтың қазіргі және жаңа қатысушыларына кеңес беріп, қолдау көрсетеді. Халықаралық және отандық деңгейде саланың жетекші компанияларының сарапшыларымен бірлесіп исламдық қаржыландыру бойынша білім беру және ағарту семинарларын, шеберлік сыныптары мен сертификаттау бағдарламаларын өткізеді.

АХҚО-ның ұйымдық құрылымы

01 АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес — Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын және АХҚО-ның жоғары басқару органы болып табылатын тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган. Кеңес АХҚО-ны дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайды және АХҚО-ны жетекші халықаралық қаржы орталығы ретінде жайғастыру үшін қолайлы жағдайлардың дамуына ықпал етеді.

02 АХҚО БАСҚАРУШЫСЫ

АХҚО Басқарушысы — АХҚО органдарының келісіп жұмыс істеуі мақсатында, оның ішінде олардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен, институттармен, заңды және жеке тұлғалармен, өзге де құрылымдармен өзара іс-қимылы кезінде арнайы әкімшілік-басқарушылық функциялары және өкімдік өкілеттіктері бар лауазымды тұлға.

03 АХҚО ОРГАНДАРЫ

Authority

АХҚО әкімшілігі — орталықтың даму стратегиясын әзірлеуге және қаржылық қызметтерді реттеу саласына жатпайтын мәселелер бойынша АХҚО актілерін әзірлеуге жауапты орган. Орталықтың жаһандық нарықтармен интеграциясы аясында АХҚО әкімшілігі халықаралық қаржы орталықтарымен, институттармен және инвестициялық компаниялармен байланыс орнатады.

Court

АХҚО соты — орталық шеңберінде коммерциялық дауларды шешу жөніндегі сот органы. Сот жалпы құқық саласындағы жоғары білікті 10 судьядан тұрады және коммерциялық дауларды шешуде ерекше құзыретке ие (қылмыстық немесе әкімшілік дауларға қатысты құзыреті жоқ).

AFSA

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті — қаржылық және нарықтық қызметтің, қосалқы қызметтердің барлық түрлерінің интеграцияланған реттеушісі, сондай-ақ ол АХҚО қатысушыларын тіркеуді жүзеге асырады. Комитеттің миссиясы — АХҚО аясында қаржы жүйесінің, капитал нарығының әділ және ашық жұмысын қамтамасыз ету.

IAC

Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) АХҚО аясында азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін жоғары халықаралық стандарттар негізінде әрекет ете отырып, сот талқылауына тәуелсіз балама ұсынады. ХТО алқасына 38 беделді халықаралық төреші мен медиатор кіреді.

БИЗНЕСТІ ДАМУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН АХҚО ҰЙЫМДАРЫ



АХҚО биржасы жергілікті және шетелдік инвесторларды тарту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке бизнестің одан әрі өсуі мен жалпы экономиканы дамыту үшін платформа құру есебінен Қазақстан мен Орталық Азиядағы интеграцияланған капитал нарығын дамыту мақсатында құрылды.

Business Connect

АХҚО Business Connect инвесторлар мен халықаралық бизнес қауымдастығын Қазақстанда инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қажетті қолдаумен, ақпаратпен қамтамасыз етеді. Бұл құрылым жобаларды одан әрі халықаралық нарықтарға шығару үшін оларды іздеу және құрылымдау бойынша кешенді қызметтер ұсынады.

BCPD

АХҚО Үзіліссіз кәсіби даму бюросы үзіліссіз кәсіби даму саласындағы үздік әлемдік практикаларды қолдана отырып, халықаралық кәсіби сертифициаттауға дайындауға маманданған. Бюро АХҚО экожүйесінде және нарықта жұмыс істеу үшін кадрлық әлеуетті кеңейтуді және жергілікті мамандар арасынан халықаралық деңгейдегі кәсіпқойлар пулын қалыптастыруды мақсат етеді.

Fintech

АХҚО Финтех хабы АХҚО қызметінің негізгі бағыттарында табысқа жетуді қамтамасыз ету үшін жаңа қаржылық технологияларды пайдалану, сондай-ақ көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен серпінді финтех экожүйесін дамыту мақсатын көздейді. Қаржы институттарын, технологиялық серіктестерді, финтех компаниялар мен инвесторларды біріктіретін бұл жүйе Қазақстанға жаһандық финтех хаб және инновациялық технологиялар саласындағы өңірлік көшбасшы болуға мүмкіндік береді.

Expatriate Centre

АХҚО Экспат орталығы инвесторлар мен шетелдік азаматтарға «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес қызметтерді алуға ықпал етеді. 500-ден астам мемлекеттік қызметті (оның ішінде визалық және көші-қон қызметтері, салықтық тіркеу, цифрлық қолтаңбаны, жүргізуші куәлігін, көлік құралдарының мемлекеттік нөмірлерін алу), сондай-ақ мемлекеттік емес қызметтерді (оның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, көлік және өмір сүру мәселелері жөніндегі консультациялық қызметтерді) ұсыну шеңберінде азаматтардың өздеріне де, олардың отбасыларына да қолдау көрсетіледі.

GFC

Жасыл қаржы орталығы үкіметтік, қаржы институттары мен компанияларға стратегиялық шешімдерді, соның ішінде жасыл және әлеуметтік облигацияларды шығаруды қоса алғанда, жасыл және тұрақты қаржыландыру құралдарын пайдалануға көмек ұсына отырып, АХҚО-ны өңірдегі жасыл қаржыландыру хабы ретінде ілгерілетеді.

АХҚО ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ РЕТТЕУШІЛІК БАЗАСЫ

АХҚО Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын дәл белгіленген шекаралары бар, «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген қаржы саласындағы ерекше құқықтық режим қолданылатын Нұр-Сұлтан қаласының шегіндегі аумақты білдіреді.

Сонымен бірге, АХҚО географиялық қана емес, құқықтық және реттеуші компонент ретінде де қарастырылуы керек. Оны неғұрлым дұрыс белгілеу АХҚО-ның географиялық шекаралары шегінде жүзеге асырылатын қызметтер шеңберінде орталықтың қызметін шектейтін сөзбе-сөз, қатаң белгілеуден гөрі «АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес қызметті жүзеге асырумен» байланысты болады.

АХҚО — инвестицияларды тарту, жүзеге асыру және қорғау үшін жан-жақты құқықтық негізді ұсынатын өңірдегі алғашқы институт. АХҚО юрисдикциясы Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, нормаларына және/немесе әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген.

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті — АХҚО-дағы барлық қаржылық қызметтер мен олармен байланысты қызмет түрлері үшін тәуелсіз реттеуші.

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің міндеті — АХҚО қаржы жүйесінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын, сондай-ақ АХҚО-дағы қаржы нарығының әділ, тиімді және ашық жұмысын қамтамасыз ету арқылы бизнес-процестерге ықпал ету.

Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет өз қызметінде халықаралық стандарттарды және Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы, Халықаралық сақтандыру қадағалаушыларының қауымдастығы, Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің және Исламдық қаржы қызметтері жөніндегі кеңестің бағалы қағаздар нарықтарын реттеу мен қадағалау қағидаттарын сақтауға ұмтылады. Ақшаны жылыс-татуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының стандарттары ақшаны жылыс-татуға және терроризмді қаржыландыруға жол бермеу мақсатында АХҚО реттеуші базасына біріктірілген.

Өз қызметінде тәуелсіз және Қазақстанның сот жүйесінің бір бөлігі болып табылмайтын АХҚО соты

Бірінші инстанция сотынан (150 мың АҚШ долларына дейінгі сомаға талап-арыздарды қараудың арнайы жеделдетілген рәсімі бар шағын дау-дамайлар сотын қамтиды) және Апелляциялық соттан тұрады.

АХҚО соты мен ХТО инвесторлардың сенімін нығайтуда маңызды рөл атқарады, бұл өңірге шетелдік инвестицияларды тартуға ықпал етеді. Инвесторлар өздерінің мүдделерінің теңдік пен әділеттілік негізінде қорғалады және заңның ұлықтығы саласындағы ең жоғары халықаралық стандарттар қолданылады деп үміттенеді.

АХҚО соты коммерциялық дауларды шешу үшін осы стандарттарды ұстанады және АХҚО-да жүзеге асырылған операциялар мен қызмет бойынша дауларды шешу үшін айрықша құзыретке ие. Сонымен бірге, АХҚО соты тараптардың келісімі бойынша АХҚО сотына берілген дауларды қарай алады. АХҚО соты инвесторларға тәуелсіздік және халықаралық стандарттарға бейілділік қағидаттарымен дауларды шешу бойынша қызметтер алуға кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың АХҚО биржасын ресми іске қосуы



ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ БИРЖАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АХҚО биржасы үздік инновациялық шешімдер негізінде құрылды. Биржаның негізгі стратегиялық серіктестері Шанхай қор биржасы, NASDAQ жоғары технологиялық биржасы (сауда платформасын ұсынған), Goldman Sachs халықаралық қаржы корпорациясы, сондай-ақ «Белдеу және жол» баста-

масы шеңберіндегі жобаларға жол ашатын Жібек жолы қоры сияқты нарықтағы ықпалды ойыншылар болды.

Басшылық құрамға халықаралық мамандарды тарту және жоғары білікті қызметкерлер командасын құру есебінен АХҚО биржасы

қысқа мерзім ішінде листинг өткізілетін және түрлі инновациялық өнімдер іске қосылатын жоғары дәрежелі инфрақұрылымы мен шетелдік және жергілікті инвесторлардың интеграцияланған экосистемесі бар әлемдік деңгейдегі алаң ретінде беделге ие болды.

АХҚО биржасының 2020 жылғы нәтижелері

2020 жылы әлемдік капитал нарықтарына COVID-19 пандемиясы және оның салдарынан экономиканың құлдырауы айтарлықтай әсер етті. Осыған қарамастан, пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуіне және шетел валютасында капитал тартуға дайын перспективті жекеменшік компаниялардың пайда болуына байланысты Қазақстан мен Орталық Азия өңіріндегі халықаралық инвесторлар қызығушылығының жоғары деңгейі жыл бойы сақталды.

НӘТИЖЕЛЕР:

- | | |
|--|--|
| <p>01. АХҚО биржасының ресми тізіміне акциялар мен жаһандық депозитарлық қолхаттарды, облигацияларды, биржалық қорлар мен ноталарды қоса алғанда, 80-нен астам бағалы қағаз кірді.</p> | <p>06. 26 қазақстандық және шетелдік, оның ішінде Қытайдан, Ресейден және Еуропадан шыққан брокерлер АХҚО биржасының сауда мүшелері атанды.</p> |
| <p>02. Kaspi.kz (IPO), Қазатомөнеркәсіп (SPO), Ferro-Alloy және Kcell (кросс-листинг) секілді ірі эмитенттердің акциялары/жаһандық депозитарлық қолхаттары листингтен сәтті өтті.</p> | <p>07. 2020 жылы осы нарықтағы жетекші компаниялар биржаның жаңа сауда мүшелеріне айналды, олардың тәжірибесі инвесторлармен өнімді қарым-қатынас орнатуға қызмет етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Sovco Capital ТМД елдерін қоса алғанда, дамушы нарықтарда инвестиция салуға мүдделі институционалдық және корпоративтік клиенттерге инвестициялық-банктік қызметтердің толық спектрін ұсынады. • ITI Capital, британдық халықаралық қаржы компаниясы. • «ВТБ Капитал», Ресейдегі жетекші халықаралық инвестициялық банк. |
| <p>03. 2018 жылдан бастап АХҚО биржасының эмитенттері 321 млн АҚШ долларынан астам акционерлік капиталды (2020 жылы 104,7 млн) тартты.</p> | |
| <p>04. АХҚО биржасындағы листингке 8,6 млрд АҚШ доллары (2020 жылы 3,9 млрд, АҚШ доллары) сомасына борыштық бағалы қағаздар кірді.</p> | |
| <p>05. АХҚО биржасының Орталық депозитарийінде (AIX CSD) 98 мың шот тіркелді.</p> | |

АХҚО биржасының Басқарма төрағасы, Тимоти Беннетт:
2020 жылғы желтоқсан

«СОҢҒЫ 6-9 АЙДА БІЗ БАҚЫЛАҒАН ӨЗГЕРІСТЕР АХҚО БИРЖАСЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ИНВЕТОРЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМЫН ІС ЖҮЗІНДЕ НЫҒАЙТТЫ. БІЗ БҮКІЛ ӘЛЕМДЕ ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРДІҢ ТӨМЕНДЕУІН БАЙҚАП ОТЫРМЫЗ, СОНДЫҚТАН АКЦИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯ САЛУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨСТІ. ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗДІ СЕБЕПТЕРМЕН КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН, ҚАЗАҚСТАНҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ БҰРЫНҒЫСЫНША ЖОҒАРЫ».



Бөлшек сауда инвесторлары нарығын дамыту

АХҚО биржасының негізгі міндеттері — бөлшек сауда инвесторларының санын өсіру, бағалы қағаздарға инвестициялаудың қолжетімділігін арттыру және депозиттер мен жылжымайтын мүлікке инвестициялаудың тиімді баламасы ретінде биржалық инвестициялар тұжырымдамасын ілгерілету. Сондай-ақ, еліміздің барлық азаматтарына қолжетімді болатын жаңа қаржы өнімдерін жасау және дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Соңғы уақытта АХҚО биржасы жергілікті бөлшек сауда инвесторлары-

на инвестициялық мүмкіндіктердің кең спектрін ұсыну мақсатында жаңа қаржы өнімі — **биржалық ноталар (ETN)** шығарды. Қазіргі уақытта АҚШ-тың жоғары кірісті корпоративтік облигациялары және жоғары дивидендік компаниялар сияқты әртүрлі биржалық индекстерді бақылайтын 9 биржалық нота шығарылды.

Бұл ноталар тек брокерлер арқылы ғана емес, қор нарығымен әлі таныс емес бөлшек сауда инвесторлар үшін әзірленген **Tabys** мобильді қосымшасы арқылы да саудалануы мүмкін.

BCC Invest АХҚО биржасына «ЦентрКредит — Валюталық» ірі отандық аралық үлеспұл инвестициялық қорларының бірінің қызметімен байланысты BCC Global Exchange Traded Notes биржа ноталарын орналастырды.

2020 жылғы желтоқсанда АХҚО биржасында Бастапқы жария ұсыныстар қорының көрсеткіштеріне байланған Freedom Finance IPO Fund биржалық облигациялары орналастырылды. Фридом Финанс инвесторлар үшін қол жетімділік пен өтімділікті қамтамасыз ететін маркет-мейкер ретінде әрекет етті.



АХҚО биржасының жария сауда алаңы

Әлемде алғашқылардың бірі болып АХҚО биржасы өзінің сауда инфрақұрылымын — Nasdaq сауда жүйесін Amazon Web Services (AWS) бұлтты шешімге көшірді. Инфрақұрылымды бұлтқа ауыстыру AIX-ке көрсетілетін трейдинг қызметтерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ инвестициялық қоғамдастық үшін жобалардың үлкен серпінділігі мен ауқымдылығын қамтамасыз етеді. Технологияны жаңарту биржаны операцияларды жасау, хабарламалар мен деректер алмасу үшін стандартталған және кешенді инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді, бұл бағалы қағаздар нарығында жаңа өнімдер мен қызметтерді неғұрлым жедел және үнемді іске қосу үшін икемділік береді.

Nasdaq Сауда платформасы әлемнің 50-ден астам елінде брокер-дилерлерді, қор биржаларын, клирингтік орталықтарды, бағалы қағаздар мен реттеушілердің орталық депозитарийін қоса алғанда, 250-ден астам нарықтық инфрақұрылым ұйымдар мен әлемдік нарыққа қатысушыларды кешенді және аса маңызды технологиялық шешімдермен қамтамасыз етеді.

АХҚО биржасының Басқарма төрағасы, Тимоти Беннетт:
2020 жылғы қыркүйек

«АХҚО БИРЖАСЫ БҰРЫНҒЫСЫНША КЛИЕНТТЕРГЕ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ӨҢІРДЕ КАПИТАЛ НАРЫҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН НЫҒАЙТУ ҮШІН ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ ПРОЦЕСІМЕН АЙНАЛЫСУДА. NASDAQ САУДА ЖҮЙЕСІН AWS БҰЛТТЫ ШЕШІМІНЕ АУЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ АХҚО БИРЖАСЫ САУДА АЛАҒЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕС ЖАҢҒЫРТУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА. АХҚО БИРЖАСЫНЫҢ САУДА, БАҚЫЛАУ, НАРЫҚТЫҚ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ПОСТ-ТРЕЙДИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ БАРЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІ AWS БҰЛТТЫ ШЕШІМІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ, ОСЫЛАЙША САЛА ҮШІН ЖАҢА СТАНДАРТ ОРНАТЫЛУДА».

Орташа капиталдандырылған компанияларға мүмкіндіктер беру

2020 жылғы шілдеде АХҚО биржасы Қазақстан мен Орталық Азия өңірінің шағын және орта бизнес кәсіпорындары акционерлік капиталды тарту үшін құрылған **Өңірлік акциялар нарығының сегментін (REMS)** іске қосты.

АХҚО биржасы REMS компаниялары үшін нарықтық құны 200 млн АҚШ долларынан аспайтын реттеушілік талаптарды жеңілдетіп, эмитенттерге кірістер туралы тарихи деректерді ұсынбай, жылдық қаржылық есептілікке негізделген эмиссияның оңайлатылған аңдатпасын ұсынуға мүмкіндік берді.



АХҚО биржасының Орталық депозитарийі (AIX CSD)

АХҚО биржасының Орталық депозитарийі бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инфрақұрылымды басқаруды жүзеге асырады. Ол АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес тіркелген жекеменшік компания бола отырып, ақшалай қаражат, бағалы қағаздар және депозитарлық қызмет бойынша күнделікті операцияларға жауап береді, осылайша бағалы қағаздарды тіркеу мен сақтауды, ақша қаражаттарының орнына бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды жеңілдетеді, сондай-ақ бағалы қағаздарды және осы бағалы қағаздарға меншік құқығының өзгеруін бақылайды.

Бүкіл әлем бойынша саудадан кейінгі және кастодиандық тәуекел-

дерді бағалауды жүзеге асыратын Thomas Murray компаниясы 2020 жылы АХҚО биржасының Орталық депозитарийінің тәуекелдерін бағалап, оған «А» рейтингін берді, бұл тәуекелдің төмендігін білдіреді.

Сонымен қатар, Райффайзенбанк АХҚО биржасының орталық депозитарийінің бірінші халықаралық қатысушысы атанды, бұл халықаралық институционалдық инвесторларға өз активтерін AIX CSD-де банктің басқаруында ұстауға мүмкіндік береді. 2020 жылдың тағы бір елеулі оқиғасы ресейлік Ұлттық есеп айырысу депозитарийінде шетелдік номиналды ұстаушының шотының ашылуы болды.

АХҚО биржасының Орталық депозитарийі Еуропалық бағалы

қағаздардың орталық депозитарийлер қауымдастығы (ECSDA) қауымдастырылған мүшесі атанды. ECSDA құрамына Еуропаның 36 елінен 40 ұлттық және халықаралық орталық депозитарий кіреді. Қауымдастық пікір алмасу, үздік тәжірибелерді әзірлеу және өзара қызығушылық тудыратын жобаларды ілгерілету мақсатында Еуропалық орталық депозитарийлер үшін алаң ұсынады. Алаң қызметі еуропалық және жаһандық қаржы нарықтары үшін тиімді және тәуекелге ұшырамайтын инфрақұрылым құру үшін депозитарийлер қауымдастығы, еуропалық және халықаралық реттеуші органдар мен басқа да мүдделі тараптар арасындағы сындарлы диалогқа ықпал етуге бағытталған.



АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

АХҚО халықаралық қаржы орталықтары қолданатын ең сәтті шешімдер мен технологияларды ұсынады және оларды қосымша ерекше артықшылықтармен толықтырады.

01. АХҚО ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖІМІ

АХҚО актілері Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген. АХҚО соты коммерциялық дауларды шешу үшін аймақтағы алғашқы тәуелсіз жалпы құқық сот органы болып саналады.

02. АҒЫЛШЫН ТІЛІ НЕГІЗГІ РЕСМИ ТІЛ РЕТІНДЕ

АХҚО-ның ресми тілі — ағылшын. АХҚО актілерін әзірлеу және қабылдау, сот ісін жүргізу және құжаттама ағылшын тілінде жүргізіледі.

03. САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ

Қаржылық қызметтер көрсететін АХҚО қатысушыларын көрсетілген қаржылық және қосалқы қызметтер бойынша 2066 жылғы 1 қаңтарға дейін КТС төлемдерінен босату. Бұдан басқа, АХҚО қатысушыларының акциялары мен жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен дивидендтер мен кірістер, сондай-ақ сыйақылар, дивидендтер және АХҚО биржасында листингке алынған бағалы қағаздар бойынша құн өсімінен КТС пен ЖТС-тен босату.

04. РЕДОМИЦИЛЯЦИЯ

АХҚО-да компаниялардың басқа юрисдикциялардан АХҚО юрисдикциясына ауысуына мүмкіндік беретін актілер қабылданды.

05. ТАНЫЛҒАН ҚОР БИРЖАСЫ

Ұлыбританияның Салық және кеден қызметі АХҚО биржасына «Танылған қор биржасы» мәртебесін берді.

06. ТИІМДІ РЕТТЕУШІ

АХҚО қатысушыларын тіркеу процесі онлайн-форматта жүзеге асырылады, тіркеу мерзімі 2018 жылғы 3-5 күннен 2020 жылы 1 күнге дейін қысқартылды.

07. АХҚО ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ

АХҚО-да жаңа заңды тұлғаларды құруға арналған ұйымдық-құқықтық нысандардың 15 түрі бар. Көптеген компаниялар үшін жарғылық капиталдың ең аз мөлшері бойынша талаптар жоқ.

08. ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ВИЗАЛЫҚ РЕЖІМ

АХҚО қатысушыларының шетелдік қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері оны одан әрі ұзарту мүмкіндігімен 5 жылға дейінгі мерзімге виза ала алады. АХҚО қатысушылары жеңілдетілген визалық рәсімдерді пайдаланады және «бір терезе» қағидаты бойынша АХҚО-ның Экспат орталығында қажетті мемлекеттік қызметтерді ала алады.

2020 жылғы жетістіктер

294

жаңа қатысушы
(барлығы 49 елдің 658-і)

100%

цифрланған тіркеу процесі

АХҚО биржасында орналастырылған борыштық капитал —

\$3,9 млрд

\$425 млн

11 сот шешімі мен бұйрықты, 319 төрелік шешім мен медиацияны қоса алғанда

Қолданылатын құқық ретінде АХҚО құқығы және дауларды шешу орны ретінде АХҚО Соты мен ХТО көрсетілген ескертпелері бар

330 іс

4 000+

астам келісімшарт бекітілді

1 күн

E-Residence платформасы арқылы онлайн тіркелу үшін

60 жұмыс күні

реттелетін қызметті жүзеге асыратын өтініш берушілер үшін лицензиялаудың орташа мерзімі

Табысты мысал

Басқа юрисдикциядан АХҚО-ға Kazakhstan Energy Reinsurance Company редомициляциясы

АХҚО АКТИЛЕРІ

АХҚО актілері «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес арнайы әзірленген және бейімделген. Халықаралық ойыншылардың бизнес жүргізуіне ыңғайлы болу үшін АХҚО актілері ағылшын тілінде қабылданды.

Қазіргі уақытта АХҚО қатысушылары, танылған компаниялар және АХҚО-да қызметін жүзеге асыратын өзге тұлғалар арасында корпоративтік, шарттық, еңбек, сот, төрелік және өзге де мәселелер шеңберінде туындайтын қатынастардың көпшілігін қамтитын **АХҚО-ның**

80

актісі қабылданды. Бұл ретте АХҚО актілерінің қолданылу аясы тұрақты түрде кеңейуде.

Үздік әлемдік практикаларды енгізу, жалпы құқық ережелерін имплементациялау мақсатында АХҚО актілерінің көпшілігін белгілі лондондық заң фирмалары мен адвокаттық палаталардың (3 Verulam Buildings, Norton Rose Fulbright, White & Case, Michelmores, Baker McKenzie және Hogan Lovells) атынан халықаралық заңгерлер мүшелері болып табылатын АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесі бекітеді.

АХҚО құқығын тек АХҚО инвесторлары мен қатысушылары ғана емес, сондай-ақ АХҚО қатысушылары болып табылмайтын басқа да жеке және заңды тұлғалар да қолдана алады.

Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 11 мамырдағы отырысы барысында Мемлекет басшысы инвестициялар тарту және қазақстандық кәсіпкерлер үшін коммерциялық дауларды шешу кезінде ағылшын құқығы мен АХҚО төрелігінің артықшылықтарына қол жеткізу үшін АХҚО әлеуетін белсенді пайдалану қажеттігін ерекше атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстанның заңнамасына АХҚО юрисдикциясына қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған бірқатар түзетулер енгізілді. Бұл түзетулер АХҚО сотының шешімдерін орындау практикасына айқындық енгізді, Қазақстан соттарына жүгінетін тараптарға олардың дауларын АХҚО сотының қарауына беру туралы келісім жасасуға мүмкіндік беретін тетікті белгіледі.

Тәуелсіз реттеуші

Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет АХҚО-да қаржылық қызметтерді және олармен байланысты қызметті реттеу үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес құрылған АХҚО-ның тәуелсіз реттеушісі болып табылады. Комитеттің мақсаты — АХҚО қаржы жүйесінің қауіпсіздігі мен сенімділігін қолдау және АХҚО қаржы нарықтарының әділдігін, тиімділігін мен ашықтығын қамтамасыз ету арқылы бизнеске ықпал ету.

Комитеттің реттеу саласына банк ісі, сақтандыру, капитал нарығы, исламдық қаржыландыру, қаржылық технологиялар саласындағы қаржылық қызметтер, сондай-ақ қосалқы (қаржылық емес) қызметтер кіреді.

2020 жылы АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті реттеуші базаны одан әрі жетілдіру, пандемия кезінде бизнес-қоғамдастықты қолдау, АХҚО қатысушыларының санын ұлғайту және Комитетті халықаралық қоғамдастық деп тану бойынша жұмыс жүргізді.

2020 ЖЫЛЫ АХҚО ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ:

01. РЕТТЕУШІ БАЗА

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің күші бизнес пен инновацияларға жәрдемдесу, халықаралық стандарттарға сәйкес келу, сондай-ақ пандемияның теріс салдарын жеңілдету үшін шаралар қабылдау мақсатында реттеуші ортаны одан әрі дамытуға бағытталды. Қазіргі уақытта АХҚО қаржы қызметтерінің кең ауқымын ұсынады, оның ішінде қаржы қызметтерінің 27 түрі, капитал нарығы инфрақұрылымының жұмыс істеуіне байланысты қаржы қызметтерінің 8 түрі және қосалқы қызметтердің 5 түрі бар.

02. ТІРКЕУ

АХҚО-да тіркеу рәсімі оны толығымен онлайн форматқа ауыстыруына байланысты айтарлықтай жеңілдетілді. Тіркеу мерзімі орта есеппен 3-5 күннен 1 күнге дейін қысқартылды. 2020 жылдың соңына қарай АХҚО-ға тіркелген қатысушылар саны 658 қатысушыға жетті (2019 жылмен салыстырғанда 81%-ға көп).

03. ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЖӘНЕ АККРЕДИТТЕУ

2020 жылы реттелетін қызмет түрлерін (қаржылық қызметтерді) жүзеге асыруға түскен өтінімдер саны 2019 жылмен салыстырғанда артты, бұл бүкіл әлемнен қаржы қызметтерін ұсынатын компаниялар үшін АХҚО-ның артып келе жатқан тартымдылығын куәландырып отыр. Лицензияланатын компаниялардың саны 2019 жылмен салыстырғанда 85%-ға (13-тен 24-ке дейін) артты.

04. ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті нарықтың тиісінше жұмыс істеуін, қаржылық тұрақтылықты және АХҚО-дағы қаржы нарықтарының орнықтылығын қадағалаудың интеграцияланған жүйесі арқылы қамтамасыз етеді. Компанияларды қадағалау әдістерін өзгерткен (виртуалды немесе онлайн-инспекцияларды жүргізуді қоса алғанда) COVID-19 пандемиясына қарамастан, АХҚО комитетінің құрылған қадағалау жүйесі өзінің интеграцияланған және тұтас сипаты арқасында тиімді болып қала береді. 2020 жылдың соңына қарай пруденциалдық қадағалауға жататын АХҚО қатысушыларының саны: 10-нан 17 компанияға дейін айтарлықтай ұлғайды (оның ішінде 4 банк, 11 инвестициялық компания және 2 сақтандыру компаниясы бар). 130 компания мен 77 негізгі тұлға бизнесті жүргізуге қатысты қадағалауда болды.

АХҚО соты және Халықаралық төрелік орталығы (ХТО)

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап орталықта дауларды шешу үшін халықаралық институттар ретінде АХҚО соты және Халықаралық төрелік орталығы жұмыс істейді.

Халықаралық құқық саласындағы жетекші мамандардың (оның ішінде АХҚО сотының төрағасы Лорд Манс, ХТО төрағасы Барбара Доманн QC, сондай-ақ АХҚО соты мен ХТО аппаратының тіркеушісі мен басшысы Кристофер Кэмпбелл-Холттың) тәуелсіз және сараптамалық басқаруымен АХҚО соты және ХТО үш жылдық қызметінің қорытындысы бойынша әлемнің басқа қаржы орталықтарындағы ұқсас соттармен және жалпы құқықтың төрелік орталықтарымен салыстырғанда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

АХҚО соты және ХТО — АХҚО қатысушылары, сондай-ақ дауды АХҚО сотының және ХТО қарауына беру туралы келісімі болған жағдайда, орталықтан тыс жерлерде бизнес жүргізетін тараптарға коммерциялық дауларды халықаралық стандарттарға сәйкес шешу үшін құрылған орталықтың дербес және тәуелсіз екі органы.

Бұл институттар дауларды шешу бойынша ағылшын жалпы құқығына негізделген халықаралық стандарттар мен қағидаттарға сәйкес әрекет ететін Орталық Азиядағы жалғыз институттар болып табылады, олардың негізгі мақсаты — Орталық Азиядағы коммерциялық дауларды шешу үшін бірінші таңдаулы болу.

Төрағамен қатар, АХҚО сотының құрамына Англия мен Уэльстің жалпы құқық саласындағы әлемдік деңгейдегі тоғыз аса көрнекті судья кіреді, олардың әрқайсысының халықаралық дауларды шешуде айтарлықтай тәжірибесі бар. ХТО-ның жеке командасында көптеген халықаралық қаржы орталықтары мен юрисдикцияларда едәуір жұмыс тәжірибесі бар халықаралық төрешілер мен медиаторлар бар.

2020 жылдың соңына қарай АХҚО соты және ХТО жалпы 330 істі сәтті қарады. АХҚО соты 11 сот шешімі мен қаулылар шығарды және олардың барлығы Қазақстан Республикасында жергілікті қазақстандық соттардың қандай да бір араласуынсыз АХҚО соты мен атқарушы агенттер арасында тікелей әрекет ететін мәжбүрлеп орындаудың бірегей кезеңдік рәсімін пайдалана отырып, сәтті орындалды. Барлық шешімдер мен бұйрықтар АХҚО сотының сайтында ағылшын және орыс тілдерінде жарияланды.

ХТО аралық және түпкілікті төрелік шешімдерді қоса алғанда, 10 төрелік шешім шығарды және олардың үшеуі АХҚО сотының қаулылары ретінде Қазақстан Республикасында сәтті орындалды. ХТО-да 309 медиативтік реттеуге қол жеткізілді.

Барлық даулар коммерциялық сипатта және келісімшарттарды



АХҚО соты мен ХТО-ның қарамағында әлемдік деңгейдегі кеңселер бар, E-Justice электрондық сот төрелігін қоса алғанда, ең озық цифрлық технологиялар қолданылады, сондай-ақ бейне форматта тыңдаулар өткізу мүмкіндігі де бар.

бұзу, төлем жасамау, қаржы, жұмысқа орналасу, мүлік (жерді қоса алғанда), залалды өтеу және басқа да мәселелерге қатысты болды. АХҚО, Қазақстан және Ресей құқығы қолданылды. Дау тараптары Қазақстан мен Орталық Азияның өзге де елдерін, Ресей, Қытай және Ұлыбританияны қоса алғанда, 11 ел болды. Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да елдерін, сондай-ақ АҚШ, Ұлыбритания, Еуропа, Африка, Азия және Океанияны қоса алғанда, 25 елден 222 заңгер АХҚО сотында Тараптардың мүдделерін білдіру құқығын алу үшін АХҚО сотына тіркелді.

АХҚО сотында және ХТО-да дауларды шешу туралы ескертпелер 4 000-нан астам іскерлік келісімшарттарға, оның ішінде Chevron компаниялары және «Теңізшевройл» ЖШС келісімшарттарына енгізілді. Мысалға сүйене отырып, көптеген басқа компаниялар коммерциялық дауларды шешу үшін таңдау ретінде АХҚО соты мен ХТО-ға басымдылық берді.

Жеке компаниялардан басқа, АХҚО соты мен ХТО юрисдикциясы және АХҚО құқығын квазимемлекеттік сектор компаниялары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 шілдедегі № 548 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасына одан әрі инвестициялар тарту жөніндегі жол картасы шеңберінде коммерциялық және басқа да келісімшарттарда кеңінен қолданады.

Жол картасы шеңберінде АХҚО әкімшілігі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» ҰБХ, «Зерде», Astana Hub және «Инновациялық технологиялар паркі» ДҚК-ға АХҚО құқығын қолдану, АХҚО соты мен ХТО-ны пайдалану немесе келісімшарт тараптарының қажеттіліктеріне қарай оларды бейімдеу жөніндегі мәселелерді түсіндіруде толық ықпал етеді.

АХҚО сотында және ХТО-да дауларды шешу туралы ескертпелер

4 000

астам іскерлік келісімшарттарға

Англия мен Уэльстің жалпы құқығы жүйесінің әлемдік деңгейдегі

10

беделді судьясы

АХҚО соты

11

сот шешімі мен қаулылар шығарды

2020 жылдың соңына қарай АХҚО соты және ХТО жалпы

330

істі сәтті қарады



АХҚО салық артықшылықтары

АХҚО-да әртүрлі қызмет түрлері үшін бірқатар салықтық жеңілдіктерді қамтитын жергілікті және халықаралық ойыншыларға қолайлы салық режимі көзделген.

0%

АХҚО САЛЫҚТЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ 2066 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНА ДЕЙІН САЛЫҚТАР БОЙЫНША НӨЛДІК МӨЛШЕРЛЕМЕНІ КӨЗДЕЙДІ.

Қаржылық және қосалқы қызметтер көрсетуден түсетін кірістер бойынша салықтық жеңілдіктер

АХҚО аумағында қаржылық қызметтер көрсететін АХҚО қатысушылары корпоративтік табыс салығын (КТС) және ҚҚС төлеуден босатылады. Сондай-ақ қосалқы қызметтер көрсетуден түскен кіріс те КТС-тен босатылады.

АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ҮШІН ЗАҢГЕРЛІК, АУДИТОРЛЫҚ, БУХГАЛТЕРЛІК ЖӘНЕ КОНСАЛТИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕРГЕ КТС БОЙЫНША ЖЕҢІЛДІКТЕР

- АХҚО органдары;
- «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» ҚР Конституциялық заңында көзделген қаржы қызметтерін көрсететін АХҚО қатысушыларына беріледі.

АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕРГЕ КТС, ҚҚС БОЙЫНША ЖЕҢІЛДІКТЕР

- ислам банкінің банктік қызметтері;
- қайта сақтандыру қызметтері және брокерлік сақтандыру қызметтері;
- инвестициялық қорлардың активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметтер;
- брокерлік, дилерлік немесе андеррайтингтік қызметтер;
- АХҚО-ның, ҚР Қаржы министрлігінің және Ұлттық экономика министрлігінің ортақ бұйрығымен анықталатын басқа да қаржылық қызметтер.

Бұдан басқа, «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» ҚР Конституциялық заңында көзделген қаржылық және қосалқы қызметтерді көрсететін АХҚО қатысушылары АХҚО аумағында орналасқан **объектілер бойынша мүлік салығын және жер салығын** төлеуден босатылады. Сондай-ақ, АХҚО қатысушысының шетелдік жұмыскерлері «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» ҚР Конституциялық заңында көзделген қаржылық және қосалқы қызметтерді көрсететін АХҚО қатысушысымен жасалған еңбек шарты бойынша **орталықтағы қызметтен түскен кірістер бойынша ЖТС төлеуден** босатылады.

АХҚО-ға инвестициялардан түсетін кірістер бойынша салықтық жеңілдіктер

АХҚО-да АХҚО-ға инвестициялардан түсетін кірістер бойынша жеке және заңды тұлғалар үшін корпоративтік және жеке табыс салығын төлеуден де босату көзделген. Мұндай инвестицияларға мыналар жатады:

ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕ ҚҰН ӨСІМІНЕН ТҮСЕТІН КІРІС

- өткізу күні қор биржасының ресми тізімдеріндегі бағалы қағаздар;

- АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген қатысушы-заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы акциялары немесе қатысу үлестері.

ДИВИДЕНДТЕР

- есептеу күнінде қор биржасының ресми тізімдеріндегі бағалы қағаздар бойынша;
- АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген қатысушы-заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы акциялары немесе қатысу үлестері бойынша.

СЫЙАҚЫ

- есептеу күнінде қор биржасының ресми тізімдеріндегі бағалы қағаздар бойынша.

Инвестициялық қорлар мен инвестициялық қордың басқарушы компанияларын салықтардан босату

- АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген инвестициялық қорлар алған және инвестициялық қордың кастодианы немесе басқарушы компаниясы есепке алған инвестициялық кірістерді жылдық жиынтық кірістен алып тастау;

- АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген инвестициялық қорлардың операцияларын, сондай-ақ көрсетілген қорларды басқару жөніндегі қызметтерді ҚҚС-тан босату.

ҚОСАЛҚЫ ҚЫЗМЕТТЕР

АХҚО Экспат орталығы

АХҚО Экспат орталығы — Қазақстанда шетелдік азаматтардың тұруы мен бизнес жүргізуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға және дамытуға, сондай-ақ олардың жергілікті қоғамға жан-жақты интеграциялануына жәрдемдесуге арналған мамандандырылған көпфункционалды орталық.

АХҚО Экспат орталығы шетелдік инвесторлар мен сарапшыларға мемлекеттік қызметтер мен әлеуметтік интеграцияның кең спектріне қолжетімділікті ағылшын тілінде «бір терезе» қағидаты бойынша қамтамасыз етеді.

Шетелдік азамат Қазақстанда инвестор болуға шешім қабылдай салысымен, барлық қажетті рәсімділіктерді АХҚО Экспат орталығында реттеуге болады. Жаңа

инвесторларға өз қызметін тез және оңай бастау үшін толық қолдау және қажетті қызметтердің кең спектрі ұсынылады.

АХҚО Экспат орталығы бір жерде 500-ден астам мемлекеттік және қосалқы қызметтерге қол жеткізуді ұсынады, сондай-ақ барлық қажетті ақпаратты жинауға және клиент атынан мынадай қызметтер бойынша жұмыс жүргізуге ықпал ете алады:

- визалық және көші-қон мәселелері;
- салық төлеуші ретінде тіркелу;
- цифрлық қолтаңбаны алу;
- көлік құралын тіркеу, жүргізуші куәлігін алу;
- тұрғын үйді, медициналық мекемені және т.б. іздеу.

АХҚО Экспат орталығында Топ-5 сұранысқа ие қызмет

2020 жылы Экспат орталығы 4 645 қызмет көрсетті, оның ішінде ең көп сұранысқа ие болғандар:

01 ЖЕКЕ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІН (ЖСН) АЛУ

Банк шотын ашу, мүлікті сатып алу немесе табыс табу үшін шетелдік азамат АХҚО Экспат орталығында жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) алу арқылы салық төлеуші ретінде тіркелуі қажет.

02 ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБАНЫ (ЭЦҚ) АЛУ

ЭЦҚ алғаннан кейін, экспат бірден «Электрондық үкімет» порталы арқылы шетелдік азаматтар үшін қолжетімді барлық мемлекеттік қызметтерге толық қол жеткізе алады. ЭЦҚ өз қолымен қойылған қолтаңбамен бірдей мәртебеге ие (яғни, заңды болып табылады және заңды күші бар).

03 ВИЗА АЛУҒА ШАҚЫРУ ХАТ

АХҚО Экспат орталығының негізгі қызметтерінің бірі — шақыру хатын беруді қоса алғанда, визалық және көші-қон мәселелерінде көмек және сараптама жасау. АХҚО Экспат орталығы инвесторлар немесе олардың қызметкерлері үшін көші-қон мәселелері бойынша сараптамалық кеңес береді.

04 ВИЗАЛАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІН ҰЗARTY

Қазақстанға келген экспатрианттар қосымша визалық және көші-қон қызметтері ретінде АХҚО Экспат орталығынан өз визаларын ала алады және ұзарту алады.

05 СЕРТИФИКАТТАРДЫ EGOV.KZ АРҚЫЛЫ АЛУ (ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМ- ЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПЛАТФОРМАСЫ)

АХҚО Экспат орталығында шетелдік азаматтар шетелдік азаматтар үшін қол жетімді мемлекеттік қызметтерді алуда кәсіби көмек пен қолдау ала алады.

АХҚО уәкілетті органдармен бірлесіп, мемлекеттік қызметтерді алуға байланысты рәсімдер тәсілдерін оңтайландыру мен цифрландыруда белсенді рөл атқарады.

Инвесторларға қолдау көрсету қызметі

Бұдан басқа, АХҚО Экспат орталығын өңірлік фронт-офис ретінде, оның ішінде инвестициялар мәселелері бойынша қайта құру жұмысы жүргізілді. Осылайша, «Kazakh Invest» қызметтері АХҚО Экспат орталығының алаңында да қолжетімді. «Kazakh Invest» инвесторларға қызметтердің кең спектрін ұсынады, оның ішінде қазақстандық заңнама, Қазақстанда қолжетімді инвестициялық жеңілдіктер, перспективалы жобалар және т.б. бар.

COVID-19-ҒА АХҚО ЖАУАБЫ

COVID-19 пандемиясы кезеңінде АХҚО-ның күш-жігері бизнес процестерді, қаржы нарықтарын қолдауға, бірқатар жеңілдететін реттеу шараларын қоса алғанда, онлайн-форматта тіркеу рәсіміне көшуге және өз қызметтерін үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етуге бағытталды. Уақытылы шаралар қабылдау АХҚО қатысушыларына бизнестің операциялық қызметіне назар аударуға мүмкіндік берді.

Қашықтан жұмыс істеуге көшу

Қабылданған шаралар АХҚО органдары мен олардың ұйымдарының қызметтерін үздіксіз ұсынуын қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерді қоспағанда, басқа қызметкерлердің 80%-ын қашықтан жұмыс істеу форматына көшірді. Орталық қабылдаған жоғары жұмыс стандарттарының арқасында АХҚО-ның барлық қызметкерлері уақтылы және тиімді қызмет көрсету үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді. Карантиндік шектеу шараларының бүкіл кезеңінде серіктестер мен клиенттердің денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін іскерлік кездесулер цифрлық мүмкіндіктерді қолдана отырып, онлайн-кездесулерге ауыстырылды.

Бизнес үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында АХҚО елде COVID-19 пандемиясына байланысты төтенше жағдай қолданылған кезеңде АХҚО-ның барлық қатысушылары мен серіктестерін жалдау ақысынан толық босатты.

Қабылданған шаралар
қызметкерлердің

80%

қашықтықтан жұмыс істеуге
көшіруді қамтыды

Үзіліссіз қызмет

Қосымша артықшылықтарынан басқа, АХҚО-ның онлайн-қызметтері қатысушыларға сервистерді АХҚО аумағында тікелей жұмыс істегенде алатындай деңгейде сезінуге мүмкіндік берді.

**ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ:****АХҚО ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ**

Пандемия кезінде АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті қашықтықтан жұмыс істеу режиміне өтті және қаржы нарығын қадағалау жөніндегі операциялық қызметін жалғастырды, ал қаржы нарықтары тұтынушылар үшін қолжетімді болып қалды. **Бизнес қоғамдастықты қолдау үшін АХҚО комитеті келесі шараларды қабылдады:**

- 01.** Операциялық тұрақтылықты қолдауға арналған **COVID-19-ға байланысты шаралар** (мысалы, есептерді ұсыну, тексерулер жүргізу, лицензиялау процесі шеңберінде шарттарды орындау мерзімдерін ауыстыру).
- 02.** **Базалық капиталға қойылатын талаптарды төмендету** (мысалы, АХҚО-да банк ашу үшін компанияға 10 млн АҚШ долларының орнына **5 млн АҚШ доллары** мөлшеріндегі базалық капиталға қойылатын талапты орындау қажет болады (2023 жылдың соңына дейін қолданылады)).
- 03.** **Инвестициялық компаниялар үшін өтімділікке қойылатын талаптардың төмендеуі** (мысалы, трасттық қызметтер көрсетуді ұсынатын компаниялар үшін жылдық операциялық шығыстардың кемінде 25%-ын құрайтын өтімді активтердің болуы туралы талап 2023 жылдың соңына дейін 25-тен 10%-ға дейін төмендетілді).
- 04.** **Тіркеу процесін толығымен онлайн форматқа көшіру**, тіркеу кезеңін орта есеппен 3-5 күннен **1 күнге дейін** қысқартуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, АХҚО қатысушыларына Bloomberg және Refinitiv терминалдарына бір ай мерзімге тегін қолжетімділік берілді.

АХҚО БИРЖАСЫ

Цифрлық мүмкіндіктерінің арқасында АХҚО биржасы штаттық режимде бағалы қағаздармен сауда-саттық жүргізуді жалғастыра отырып, сауда жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, биржа өз қызметкерлерінің денсаулығына төнетін қауіптерді азайту бойынша шаралар кешенін қабылдады.

АХҚО СОТЫ ЖӘНЕ ХТО

АХҚО соты және ХТО өз клиенттері үшін онлайн режимде 100% үздіксіз жұмысты қамтамасыз етті. E-Justice электрондық сот төрелігі жүйесі және бейне форматта тыңдаулар өткізу сот төрелігіне жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ету және дауларды аз шығынмен жедел шешу үшін пайдаланылды. Атап айтқанда, E-Justice Нұр-Сұлтан қаласында нақты болу қажеттілігінсіз әлемнің кез келген нүктесінен АХҚО соты мен ХТО-ға онлайн режимде талап-арыз беруге мүмкіндік берді. АХҚО соты сотының немесе ХТО төрешісінің келісімі болған жағдайда, ауызша тыңдауды өткізу қажеттілігінсіз жазбаша ұсынулар арқылы бірқатар істер шешілді.

АХҚО ЭКСПАТ ОРТАЛЫҒЫ

АХҚО Экспат орталығының қызметтеріне өтінімдерді электронды түрде беру клиенттерге орталыққа бармай-ақ, онлайн кәсіби консультациялар алуға мүмкіндік берді. Өтінімдерді электрондық форматта берудің жаңа тәсілі мемлекеттік қызметтерді алуға, құжаттарды тексеруге және кез келген ыңғайлы уақытта АХҚО Экспат орталығына баруды брондауға мүмкіндік береді.

ҮЗІЛІССІЗ КӘСІБИ ДАМУ БЮРОСЫ

COVID-19 пандемиясы жаһандық білім беру жүйесінде және кәсіптік білім беру қызметтері нарығында іркіліске алып келді. Сонымен қатар, ҮҚДБ білім беру технологиялық бағдарламалары мен оқыту платформаларын енгізу бойынша жұмысты жалғастырды.

2020 жылы ҮҚДБ бүкіл ел бойынша кәсіпқойлар үшін ашық білім беру курстары мен семинарларын ұйымдастырды және әртүрлі кәсіби салаларда

6 000 АСТАМ АДАМДЫ
ОҚЫТТЫ



АХҚО ЖАҒАНДЫҚ АРЕНАДА

АХҚО инвестицияларды тарту және тәуекелдерді азайту үшін әлемдік деңгейдегі институционалдық негіз бен инфрақұрылым құрды. Шетелдік инвесторлар АХҚО юрисдикциясын мәмілелерді құрылымдау және бизнесті жүргізу үшін пайдалануды жөн көреді. Анықтама бойынша, АХҚО Қазақстанға және тұтас өңірге келетін барлық инвестициялар үшін тәуекелді азайту құралына айналуға.



FINANCIAL TIMES ҚОР БИРЖАСЫ (FTSE)

2020 жылы Лондон қор биржасының (LSE) еншілес компаниясы FTSE Russell АХҚО биржасын FTSE Frontier индекстер сериясының негізгі қағидаларына сәйкес келетін сауда алаңы ретінде таныды.

AIX-ті FTSE Frontier Index тізіміне қосу Қазақстанды қайталама дамушы нарықтар (Secondary Emerging Market) тізіміне қосу бойынша елдің орта мерзімді мақсатына қол жеткізуге қызмет етеді. FTSE Emerging Indexes нарығы 2019 жылдың аяғында шамамен 200 миллиард долларды құрайды. Қазақстанның FTSE Frontier Index-тегі ағымдағы салмағы **1,79%** құрайды (2020 жылдың ортасындағы жағдай бойынша).



ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ИНДЕКСІ (GFCI)

2020 жылы Қаржы орталықтарының жаһандық индексінің беделді рейтингі АХҚО-ға әлемдік орталықтардың жалпы рейтингінде **74-орынды** және Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдерінің рейтингінде **6-орынды** берді. АХҚО халықаралық танылуға қол жеткізу мақсаты бойынша айтарлықтай жетістіктер көрсетті.



THOMAS MURRAY

2020 жылы бүкіл әлем бойынша саудадан кейінгі және кастодиандық тәуекелдерді бағалауды жүзеге асыратын Thomas Murray компаниясы алғаш рет АХҚО биржасы Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің (AIX CSD) тәуекелдерін бағалауды жүргізді және оған «А» рейтингін берді, бұл тәуекелдің төмендігін білдіреді.



HOLON IQ AND EDCRUNCH

2020 жылдың тамыз айында QWANT мектебі Holon IQ және EdCrunch нұсқасы бойынша Ресей мен ТМД елдеріндегі білім беру технологиялары саласындағы **ең инновациялық 100 компанияның** тізіміне енді.



ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ БОЙЫНША ЖАҒАНДЫҚ ЕСЕП (IFCI)

Исламдық қаржы индустриясын дамытуға және ілгерілетуге бағытталған АХҚО бастамалары Исламдық қаржы жөніндегі жаһандық есепке (GIFR 2020) сәйкес исламдық қаржы жөніндегі беделді елдік индексте Қазақстанның позициясын **14-орынға** дейін жақсартуға мүмкіндік берді.



ИСЛАМДЫҚ ФИНТЕХ ТУРАЛЫ ЖАҒАНДЫҚ ЕСЕП (GIFI)

2021 жылы Қазақстан исламдық финтех бойынша әлемде **27-орынды** және ТМД елдері арасында 1-орынды иеленді.



ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ЖАҒАНДЫҚ ИНДЕКСІ (GGFI)

Индекс орнықты дамуды қамтамасыз ететін қаржы жүйесін құру бағытындағы әлемнің қаржы орталықтарының прогресін көрсетеді және дамудың әлеуметтік және экологиялық аспектілерін бағалайды. АХҚО индекске енгізу бойынша жұмысты 2020 жылы бастады және GGFI'7-де Шығыс Еуропа және Орталық Азия өңірінде **1-орын** алды.



IOSCO ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН МЕМОРАНДУМЫ

Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO) консультациялар мен ынтымақтастыққа және ақпарат алмасуға қатысты өзара түсіністік туралы (EMMoU) беделді көпжақты келісіміне қол қойды, ол бағалы қағаздар және туынды қаржы құралдары туралы заңдар мен қағидаларды сақтауды қамтамасыз етудегі халықаралық ынтымақтастықтың жағандық бағдары болып табылады және 2002 жылы қабылданған Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумды толықтырады.

EMMoU қол қоюшылары бір-біріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін активтерді тоқтату, мәжбүрлі айғақтар алу, аудиторлық құжаттармен алмасу және т. б. сияқты трансшекаралық құқық қорғау саласындағы ынтымақтастықтың жаңа нысандарын ұсынуға келіседі.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЛЬЯНСЫ (WAIFC)

АХҚО төрт континенттегі 17 жетекші халықаралық қаржы орталықтарының өкілі болып табылатын, Бельгияда тіркелген WAIFC-тің белсенді мүшесі болып табылады. WAIFC мүшелігіне өздерінің қаржы орталықтарын дамытатын және ілгерілететін мемлекеттік ұйымдар, қауымдастықтар және ұқсас институттар кіреді.



IAIS-ПЕН ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет сақтандыру секторындағы трансшекаралық қадағалау туралы жағандық келісімге қол қойды. Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығының (IAIS) Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумы бүкіл әлем бойынша 76 сақтандыруды қадағалау органдарының (әлемдік сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 76%) арасындағы құпиялылық талаптарында ынтымақтастық пен ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

АХҚО НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫН ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ТҰРҒЫЛАНДЫРУДАҒЫ АХҚО РӨЛІ

АХҚО-ның Қазақстанның елордасы Нұр-Сұлтан қаласында орналасуы бүкіл өңірмен серіктестік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Нұр-Сұлтан қаласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес АХҚО Қазақстан астанасында қаржылық қызметтер кластерін дамыту үшін мүмкіндіктер ұсынады. Ұсынылатын қаржылық және іскерлік қызметтердің сапасы артады, білім беру, сараптама және технологиялар арқылы қаржылық технологиялар мен инновациялар саласы дамиды.

АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі қабылданған Даму стратегиясы орталықты сараптама мен білімнің жергілікті орталығы ретінде дамытуды көздейді, бұл жетекші әлемдік сарапшыларды тарту үшін қолайлы

орта құра отырып, адами капитал деңгейін арттыруға ықпал ететін болады. Жергілікті персоналдың кәсіби өсуіне Үзіліссіз кәсіби даму бюросы (ҮҚДБ) жүзеге асыратын Қазақстандағы кәсіптік білім беру секторын дамыту бойынша АХҚО жұмысы ықпал етеді. Бюро халықаралық кәсіби сертификаттау бойынша дайындық курстарын өткізеді және адами капиталды дамыту мен жергілікті кәсіпқойлар пулын құрудың үздік халықаралық тәжірибелерін қолданады. АХҚО кадрлық резерві қазіргі үрдістер мен нарық талаптарына сәйкес дайындалған 12000 кәсіпқойдан тұрады.

«АХҚО — НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ БАР АУМАҚ ҚАНА ЕМЕС, ҚАРЖЫЛЫҚ ОРТАЛЫҚ, ҚҰЗЫРЕТТЕР МЕН КӘСІБИ ДАМУДЫҢ, АДАМИ КАПИТАЛ, «ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ОРТАЛЫҒЫ»

Қасым-Жомарт Тоқаев

Қазақстан Республикасының Президенті

Нұр-Сұлтан қаласы мен АХҚО жаһандық инвесторлар үшін өңірдегі «бірыңғай терезе» және өңір елдерінің бизнесі үшін халықаралық нарықтарға шығудың байланыстырушы «көпірі» ретінде қызмет етеді¹². АХҚО Нұр-Сұлтанда бола отырып, бизнеске бүкіл әлем бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасайды. АХҚО-ның жалпы құқыққа негізделген құқықтық базасы мен юрисдикциясы халықаралық компаниялар үшін түсінікті және таныс болып табылады. Осылайша, АХҚО-ны құру жергілікті инфрақұрылымды қалыптастыруға, капиталды тартуға және Нұр-Сұлтан қаласын инвесторларды тарту орталығына айналдыруға көмектеседі.

АХҚО-ның рөлі шетелдік капиталды тарту орталығы ретінде және ерекше юрисдикция ретінде әрекет ету ғана емес, сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласының «жаһандық қала» ретінде қалыптасуына ықпал ету болып табылады. Орталық қызметінің дамуы туризм, консалтинг, логистика және көлік, қонақ үй және іскерлік бизнес сияқты салалардың өсуіне ықпал етеді. Қазірдің өзінде көптеген жергілікті компаниялар, сондай-ақ девелоперлер өз объектілерін АХҚО-ға жақын орналастыруға тырысады, бұл оларға бірқатар қосымша артықшылықтар мен мүмкіндіктер береді.

АХҚО-ның Нұр-Сұлтан қаласының іскерлік картасында пайда болуы, ағылшын тілін белсенді пайдалану жергілікті тұрғындардың да, елорда қонақтарының да, экспаттардың да өмір сүру деңгейін арттырады,

сондай-ақ, елордада медицинаның, білімнің және қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етеді. Қалаларды цифрландыру және қызметтер сапасын арттыру саласында жаһандық қалаларды дамытудың халықаралық үрдістерін ұстану қажет.

Осы мақсаттарға қол жеткізу АХҚО-ның өңірлік қаржы орталығы ретінде халықаралық деңгейде танылуына мүмкіндік береді, осылайша Нұр-Сұлтан қаласының инфрақұрылымын жақсартады, бұл өз кезегінде оған Еуразия жүрегінде бизнес пен өмір сүру үшін тартылыс орталығы болуға мүмкіндік береді.

ЭКСПО аумағындағы АХҚО инфрақұрылымы

АХҚО органдары мен олардың ұйымдарының кеңселері ЭКСПО аумағындағы С3 және С4 павильондарында орналасқан. Павильондардың жалпы ауданы 72 000 шаршы метрден асады, олардың жартысын АХҚО қатысушылары мен серіктестері (негізінен С4 павильонында орналасқан), сондай-ақ АХҚО органдары мен олардың ұйымдары алады.

АХҚО-ның арнайы құрылған тобы — AIFC Property басқаратын АХҚО инфрақұрылымында нарықтың әртүрлі секторларын ұсынатын ірі компаниялар орналастырылған, оның ішінде:

- | | | |
|--|---|---|
| 01. Еуразия даму банкі | 05. Kazakh Invest | 08. Қазақстан Республикасы |
| 02. Еуропалық қайта құру және даму банкі | 06. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар комитеті | Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. |
| 03. Қытай құрылыс банкі | 07. Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымы | |
| 04. Сбербанк | | |





04.

**АХҚО —
ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ
ОРТАЛЫҒЫ ЖӘНЕ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ХАБ**



АХҚО ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ МОДЕЛІ

Ел экономикасына инвестициялар тарту АХҚО үшін басты басымдық болып қала береді.

Бизнес-ортаны дамытудағы елеулі прогреске қарамастан, АХҚО жергілікті және халықаралық деңгейде де АХҚО юрисдикциясын, қызметтерді, өнімдерді, преференцияларды ұсыну саласын одан әрі дамыту және АХҚО ұсынатын бірегей орта мен мүмкіндіктер туралы хабардар болуды арттыру қажеттілігін сезінеді. Осы прогреске қол жеткізу үшін АХҚО тиісті мемлекеттік органдар тарапынан өзара іс-қимыл мен қолдаудың неғұрлым жоғары деңгейін талап етеді.

2020 жылы АХҚО-ның өңірлік және жаһандық қаржы орталығы ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету үшін АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы қабылданды. Өз міндеттеріне қол жеткізу үшін АХҚО екі негізгі салаға бағытталған бірегей қосвекторлы тәсілді қолданады:



**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ХАБТЫ ДАМУ
ЕСЕБІНЕН ӨЗАРА
ІС-ҚИМЫЛ ЖЕЛІСІН
КЕҢЕЙТУ**



**ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ
ОРТАЛЫҒЫН ДАМУ
ЕСЕБІНЕН АҒЫҢДАР МЕН
ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТІ
ҰЛҒАЙТУ**



АХҚО-НЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ХАБ РЕТІНДЕ ДАМУ МОДЕЛІН БЕЙНЕЛІ ТҮРДЕ ӘУЕЖАЙ-МЕН, АЛ АХҚО-НЫ ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ДАМУ МОДЕЛІН САУДА ОРТАЛЫҒЫМЕН САЛЫСТЫРУҒА БОЛАДЫ

Осы екі әуежай мен сауда орталығы моделінің айырмашылығы неде?

Әлемнің кез-келген әуежайының негізгі ойыншылары — клиенттерге қызмет көрсететін және әлемнің қалалары мен елдерін байланыстыратын әуекомпаниялар. Басқаша айтқанда, әуекомпаниялар қоршаған әлемнің бір-бірімен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

Әуежайлардың табыстылығы оның транзиттік әлеуетіне және жолаушылар мен әуекомпаниялар үшін аса қолайлы бағдар желілердің болуына байланысты. Бұл тұрғыда АХҚО, әуежайлар — транзиттік хабтар сияқты өзінің географиялық орналасуын, құралдар мен өнімдердің кең спектрін пайдалана отырып, бүкіл әлемнен инвесторларды тартудың негізгі орталығы болуға ұмтылады.

АХҚО-ны өңірлік қаржы орталығы ретінде дамыту моделін сауда орталығымен салыстыруға болады. Олардың табыстылығы жергілікті және халықаралық тұтынушыларға, сатып алушыларға тауарлар мен қызметтерді ұсыну, іскерлік белсенділік пен клиенттер ағынының тиісті деңгейін қамтамасыз ету, қолайлы инфрақұрылым мен технологиялық шешімдердің болуы үшін тиімді алаң құру төңірегінде шоғырланған. Сауда орталықтарына ұқсас, АХҚО тиімді және тартымды бизнес-ортасы бар алаңды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Өзінің әрі қарай дамуында қосфакторлы тәсілді іске асыру үшін АХҚО технологиялық прогресті және халықаралық мойындалу мен сенімге қол жеткізудің маңыздылығын ескеруге тырысады.

АХҚО-ны одан әрі дамыту мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз ету үшін АХҚО-ны дамытудың қосвекторлы моделі «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» ҚР Конституциялық заңында бекітілген бес негізгі стратегиялық міндетті қамтиды.

АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы: мақсаттары және іске асырудың қосвекторлы моделі

МАҚСАТ 01. → **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ХАБ**

Қолайлы орта арқылы инвестициялар тарту

инвестицияларды ынталандыру
\$10 млрд

МАҚСАТ 02. → **ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ**

Бағалы қағаздар нарығын дамыту

қаржылық делдалдықты қолдау

МАҚСАТ 03. →

Банк ісін, сақтандыруды, ислам қаржысын, финтехті дамыту

МАҚСАТ 04. →

Қаржылық және кәсіби қызметтерді дамыту

МАҚСАТ 05. → **АХҚО-НЫҢ ЖАЙҒАСЫМЫ**

Халықаралық танылуға қол жеткізу

GFCI / WAIFC / MSCI

Пайым

Өңірдегі жетекші халықаралық қаржы орталығына айналу.

Миссия


Инновациялық қаржы өнімдері мен қызметтерді ілгерілету арқылы өңірдің тұрақты экономикалық дамуына үлес қосу.

АХҚО құрылған сәтінен бастап айтарлықтай прогреске қол жеткізді: жетекші халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бизнес-орта мен құқықтық жүйе құрылды, түрлі институттармен өзара іс-қимыл орнатылды, қолайлы салық режимі мен преференциялар есебінен көптеген халықаралық кәсіби мамандар мен нарық қатысушылары тартылды, жалпы алғанда, капитал нарығын дамыту үшін тұрақты экожүйе мен бірінші дәрежелі инфрақұрылым құрылды.

АХҚО әлемдік қауымдастық таныған, әрекеттегі қаржы орталығын құру бойынша өзінің бастапқы міндетіне қол жеткізді. Орталықтың одан әрі жұмысы қысқа мерзімді мақсаттар мен «жылдам жеңістерді» іске асыру арқылы өз мүмкіндіктерін кеңейтуге және алға қойылған ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге бағытталады. Ол үшін АХҚО әрбір «қарғып секірудің» ішінде сегменттелген басым жобалардың портфолиосы әзірленген «үш қарғып секіру» тактикасын қабылдады.

Бұл жобалар бизнестің өсуін арттыруға және ынталандыруға, сондай-ақ АХҚО-ның инвестициялық хаб және өңірлік қаржы орталығы ретінде қалыптасуына бағытталған кәдімгідей жол картасын қалыптастырады.

«Үш қарғып секіру» тактикасы



АХҚО ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ХАБ РЕТІНДЕ

АХҚО міндеттерінің бірі — инвестициялар тарту үшін ұлттық қаржы орталығына айналу. Қазіргі уақытта АХҚО Қазақстан Республикасына инвестициялар тарту және елдің инвестициялық имиджін жақсарту жөніндегі ұлттық саясатты іске асыруда маңызды рөл атқарады; АХҚО инвесторларға «бір терезе» қағидаты бойынша қызметтер көрсетеді және инвестициялық жобалардың бірыңғай пулын қалыптастырады. АХҚО бірегей платформа және юрисдикция ретінде инвесторларға бизнес жүргізу және инвестициялау үшін қолайлы және қауіпсіз орта ұсынады.

Қазақстанның географиялық орналасуы АХҚО-ға одан әрі өсу мен даму үшін жол ашады. Өңір елдерінің дамып келе жатқан экономикалық жағдайына қарамастан, соңғы уақытқа дейін одан әрі өсу үшін қажетті қаржы орталығы болған жоқ. АХҚО-ның Еуропа мен Қытайдың қаржы нарықтарына жақындығы Қазақстан экономикасына, сондай-ақ бүкіл өңірге капитал тарту бойынша үлкен мүмкіндіктер береді.

АХҚО-ның тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл өңір бойынша Орталық Азия мен ТМД елдерінің бизнес қауымдастығы мен халықаралық капитал нарықтары арасында капитал қозғалысын жеңілдету үшін «көлік хабын» құру мүмкіндігі бар. Бұл даму траекториясы әуежайға ұқсас инвестициялық хабты дамытуды көздейтін АХҚО-ны дамыту моделінде көрініс тапқан.



Қолайлы жағдайлар жасай отырып, АХҚО инвестициялық хаб ретінде оны пайдаланатын «әуекомпаниялардың» санын, яғни елге инвестициялар тартуға қатысатын ойыншыларды көбейтуге және әртараптандыруға тырысады. Бұған ұлттық оператор, АХҚО Business Connect, сондай-ақ жаһандық инвестициялық банктер, инвестициялық агенттіктер, консалтингтік компаниялар мен заң фирмалары да кіреді.

ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ



Halyk Finance инвестициялық банкі — Қазақстан нарығындағы көшбасшы Қазақстанның Халық банкінің еншілес компаниясы. Бұл тұрақты болжамы бар Fitch Ratings жетекші халықаралық рейтингтік агенттігінен BBB- жоғары кредиттік рейтингін иеленген және АХҚО аумағында қызмет етуге лицензия алған алғашқы қазақстандық инвестициялық банк. Halyk Finance корпоративтік және бөлшек сауда клиенттеріне қызметтердің кең спектрі, брокерлік қызмет, активтерді басқару, инвестициялық банкинг, сондай-ақ нарықты зерттеу және талдау қызметтерін көрсетеді.

COVID-19 пандемиясы компанияларды өз бизнес-процестері мен қызметтерін цифрлық жүйеге көшіруге итермеледі. Halyk Finance процестерді цифрлық технологияларды пайдалана отырып трансформациялаған алғашқы компаниялардың бірі болды. АХҚО биржасымен (AIX) ашық ынтымақтастық шеңберінде 2020 жылдың басынан бастап бөлшек сауда инвесторларына бағалы қағаздар нарығының жағдайы бойынша өзекті ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін беретін AIX Connect мобильді қосымшасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Halyk Finance АХҚО экожүйесінің мүшесі бола отырып, болашақта компанияның тұрақты өсуін қамтамасыз ететін ауқымды халықаралық инвестициялар мен сараптама нарығына қол жеткізе алады.

КТС және ҚҚС төлеуден босату оның клиенттері мен қатысушыларына тиімді болатын орталықтың негізгі бәсекелестік артықшылығы болып табылады. Сонымен қатар, АХҚО (AIX Connect және т.б.) алаңында дамушы жаңа цифрлық қызметтер бөлшек сауда инвесторларының биржаға қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Halyk Finance АХҚО алаңында көрсетілетін бизнес-процестерді, оның ішінде қатысушыларды тіркеу процесін, дербес корпоративтік менеджер қызметтерін, сондай-ақ ағымдағы қызмет, заңнамадағы өзгерістер бойынша жаңартуларды және т.б. жоғары бағалайды. Бизнесітегі аталған тәсіл қызмет үшін қолайлы корпоративтік ортаны қалыптастырады.

Инвестициялық хабтың басты стратегиялық міндеті қаржы қызметтері саласында тартымды инвестициялық орта құру арқылы Қазақстан экономикасына инвестициялардың өсуіне ықпал ету болып табылады. 2025 жылға қарай АХҚО мыналарды жоспарлап отыр:

Қаржы орталықтарының жаһандық индексінің (GFCI)

ТОП
50

қатарына кіру

Шамамен

\$10 млрд

сомасына инвестициялар тарту

АХҚО-НЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АРХИТЕКТУРАДАҒЫ РӨЛІ

Тікелей шетелдік инвестициялар ел экономикасын дамытуда маңызды рөл атқарады және өмір сүру сапасын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және әлеуметтік шығындарды арттыруға ықпал етеді.

АХҚО қызметі қаржы секторының және жаңа қаржы технологиялары сегментінің жедел дамуына ықпал ететін болады, бұл өз кезегінде ел экономикасын әртараптандыруға және оның мұнайға тәуелділіктен арылуына қажетті серпін береді.

2020 жылы елдің инвестициялық ахуалын одан әрі жақсарту мақсатында Үкімет инвестициялар тартудың жаңа тәсілдерін қабылдады, олардың әрқайсысына қаржы орталығы жұмылдырылды:

01. АХҚО инвестициялар тартудың ұлттық үш деңгейлі жүйесінің бір бөлігіне айналды және Сыртқы істер министрлігінің (СИМ) 2020-2022 жылдарға арналған Елдік инвестициялық бағдарламасы шеңберінде инвестициялық жобалармен жұмыс істей бастады. АХҚО Сыртқы істер министрлігімен және Қазақстанның шетелдегі барлық негізгі елшіліктерімен тығыз жұмыстық қарым-қатынастар орнатты.
02. Үкімет АХҚО экожүйесін таяуда қабылданған Стратегиялық инвестициялық келісімнің (СИК) жаңа инвестициялық схемасындағы жұмысқа қосты. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне тиісті түзетулер енгізілді.
03. Үкімет Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі арнайы кеңес (Инвестициялық штаб деп аталатын) және әлеуетті инвесторлармен жұмыс жөніндегі арнайы топ Task Force-ты құрды. Бұл топ Kazakh Invest және АХҚО келіссөз жүргізушілерінің арнайы командасын, сондай-ақ жобаларды әзірлеу мен құрылымдаудан бастап инвестициялық жобаны іске асыруға дейін кешенді қолдауды қамтамасыз ететін басқа да жауапты мемлекеттік мекемелердің өкілдерін білдіреді.

04.

Алдағы бірнеше жылда жұмыс тобы 2500-ден астам ұлттық инвестициялық жобамен жұмыс істейтін болады.

CIM, АХҚО, Kazakh Invest және іске қосылған органдардың үйлестірілген жұмысы стратегиялық инвестициялық жобалардың мемлекеттік деңгейде іске асырылуы мен қаржыландырылуын бақылауды қамтамасыз етеді.

BUSINESS CONNECT

АХҚО Business Connect қазақстандық экономиканың, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің негізгі секторларына халықаралық капиталды іздеуге, іске қосуға және тартуға қатысты АХҚО экожүйесінде негізгі рөл атқарады.

Осы ұйым тәуекелдерді төмендету жөніндегі шаралардың көмегімен әлеуетті жобалар мен мәмілелерді верификациялауды және құрылымдауды жүргізеді. Инвесторлар үшін қолайлы жобалар пулы оларды бизнеске дайын күйінде халықаралық нарықта одан әрі ұсыну үшін қалыптасуда. Өзінің жаһандық желісін, сондай-ақ жинақталған байланыстары мен іскерлік байланыстарын пайдалана отырып, АХҚО Business Connect ел ішінде инвестициялау процестерін және бизнесті жүргізуге кейіннен жетекшілік ету үшін әлеуетті және іске қосылған инвесторлармен және қаржы институттарымен өзара әрекет етеді.

Бизнес үшін тиісті инвестициялық өлшемшарттар мен қажеттіліктерді түсіне отырып, АХҚО Business Connect халықаралық ойыншылармен келіссөздер жүргізеді, олардың инвестициялық бейініне сәйкес келетін мәмілелер үшін инвесторлар мен бірлескен инвесторларды мақсатты іздеуді жүзеге асырады. Қажетті тіркеу және тіркеуден кейінгі қолдауды қамтамасыз ете отырып, АХҚО алаңы арқылы өңірде болу географиясын кеңейтуді жоспарлайтын халықаралық қаржы институттарымен және компаниялармен жұмысқа да ерекше назар аударылады.

ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ



iKapitalist компаниясы 2019 жылдың қазан айында АХҚО лицензиясын алған алғашқы краудфандинг платформа болды. АХҚО лицензияны Еуропа қайта құру және даму банкінің қолдауымен Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет краудфандингтік платформалар үшін реттеуші базаны әзірлеп, қабылдағаннан кейін мақұлдады. Қазіргі уақытта компанияда лицензияның екі түрі бар: инвестициялық краудфандинг платформасын басқару және қарыз краудфандинг платформасын басқару.

Екі платформаның іске қосылуына ықпал еткен негізгі фактор FinTech Hub реттеуші құм алаңындағы ағылшын құқығы аясында икемді реттеу шаралары арқылы оларды тестілеу мүмкіндігі болды. АХҚО сотында компаниялар мен инвесторлар арасында туындайтын дауларды реттеу және шешу мүмкіндігі АХҚО-ға келуге қосымша ынталандыру болды.

iKapitalist командасы клиенттерге қатысты сервистің жоғары деңгейі, түрлі тілдерде қызмет көрсету мүмкіндігі үшін АХҚО-ға алғыс білдіреді, бұл оны бүкіл әлем бойынша ұқсас юрисдикциялардан ерекшелендіреді.

МӘМІЛЕЛЕРДІ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДАУ

ЖОБАЛАРДЫ ІЗДЕУ

01. Өзара түсіністік туралы меморандумдарға, жарияламау туралы келісімдерге және басқа да келісімдерге қол қою арқылы мемлекеттік агенттіктерден, ұлттық компаниялар мен қорлардан, қауымдастықтардан және ерекше экономикалық аймақтардан қолайлы инвестициялық жобаларды айқындау және іздеу

ЖОБАЛАРДЫ ҚҰРЫЛЫМДАУ

02. Жобаларды халықаралық қатысушыларға, оның ішінде жеке және корпоративтік инвесторларға, сондай-ақ ұлттықтан жоғары агенттіктерге қолайлы модельдерге құрылымдау

НАРЫҚҚА ШЫҒУ

03. Қаржыландырушы инвесторлар үшін қолайлы жобаларды іріктеу және олардың сәтті іске асырылуын қамтамасыз ету үшін оларға сегментте және желіде терең білім беру

Инвестициялық жобалардың негізгі түрлері:

1. ЭНЕРГИЯ

Мұнай мен газ, электр қуаты, балама энергия және т.б.

2. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Бидай, арпа, мақта, қант, жүн, ірі қара мал және т.б.


3. ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІБІ

Мыс, литий, алтын, күміс, темір және т.б.

4. ҚАРЖЫ

Жасыл қаржы, исламдық қаржы, криптовалюта және т.б.

АХҚО АЛАҢЫ АРҚЫЛЫ ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫ



НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

2020 жылы АХҚО Business Connect келесі іс-шараларға қатысты:

01. АХҚО Business Connect әлеуетті инвесторлар үшін жалпы құны **24 млрд АҚШ долларын** құрайтын **250 жобадан** тұратын портфолио құрды.

02. АХҚО Business Connect 2020 жылғы қазанда БАӘ-ге Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Маминнің сапары кезінде инвесторлармен келіссөздер жүргізетін ресми делегацияның құрамына кірді, оның барысында АХҚО алаңындағы қызметтің негізгі шарттары мен артықшылықтары таныстырылды. Сапар барысында **6,1 млрд АҚШ доллары сомасына 21 жобаны** іске асыруды көздейтін Инвестициялық өзара іс-қимыл туралы меморандумға қол қойылды.

03. АХҚО Business Connect 2020 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Тимур Сүлейменовтің Қатар мемлекетіне сапары кезінде инвесторлармен келіссөздер жүргізетін ресми делегацияның қатысушысы болды, бұл кездесулерде де АХҚО алаңы таныстырылды. Сапар барысында қатарлық инвесторларға жалпы сомасы **2,2 млрд АҚШ долларды** құрайтын кен өндіру мен металлургия өндірісі, аграрлық-өнеркәсіптік кешен мен туризм саласындағы **10-нан аса жоба** көрсетілді.

ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ



Freedom Finance Global PLC жария компаниясы Freedom Holding Corp халықаралық тобының 100% еншілес компаниясы болып табылады. Компания қаржылық қызметті, бөлшек сауда брокерлік операцияларды жүзеге асырады, инвестициялық кеңес беру, бағалы қағаздармен сауда жасау, инвестициялық банкінг және андеррайтинг қызметтерін Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы Freedom Finance еншілес компаниялары арқылы көрсетеді. Холдингінің бас кеңсесі Қазақстанда, Алматы қаласында орналасқан, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша филиалдары бар.

АХҚО-да қабылданған Халықаралық реттеу стандарттары Қазақстанда қызметтердің толық спектрімен және клиенттерге шетелдік қор нарықтарына (Нью-Йорк (NYSE/NASDAQ), Лондон, Мәскеу, Санкт-Петербург, Гонконг, Франкфурт қор биржалары) және қаржы құралдарына, соның ішінде IPO (акцияларды бастапқы орналастыру) тікелей қолжетімділікті ұсыну мүмкіндігімен брокерлік компания құруға мүмкіндік берді. Холдингінің АХҚО-да дербес брокерлік компания құру туралы шешімі қаржы орталығының ұсынылатын шарттарымен, атап айтқанда, басқа өңірлердің жергілікті, сондай-ақ шетелдік клиенттерін тарту үшін қолайлы және қазіргі заманғы инфрақұрылыммен, сондай-ақ басқа юрисдикцияларға ұқсас қызметтер көрсету мүмкіндігінен туындады.

2020 жылдың соңында Freedom Finance Global PLC компаниясы өз клиенттеріне шот ашуды бастады. Осылайша, 2020 жылғы желтоқсан мен 2021 жылғы сәуір аралығындағы кезеңде компания 12 000-нан астам шот ашты және 200 000-ға жуық мәміле жасады.

Компания құрамына үздік әлемдік стандарттар негізінде брокерлік қызметті қатаң бақылауға жауап беретін жоғары білікті мамандар кіретін АХҚО-ның Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі тәуелсіз комитеті қамтамасыз ететін сенімді құқықтық және реттеушілік қорғау әлеуетті қатысушылар мен клиенттердің АХҚО-ға келуі үшін негізгі фактор болып табылатынына сенімді.



ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ



Мемлекеттік коммерциялық банк — Қытайдың төрт ірі банкінің бірі және The Banker, 2020 басылымына сәйкес капитал көлемі бойынша әлемдегі екінші ірі банк. Банк депозиттер ашу, кредиттеу, қорларды басқару және валюта айырбастау операцияларын жүргізу, сондай-ақ банктің корпоративтік және жеке клиенттері үшін халықаралық банк операцияларын жүргізу бойынша қызметтер көрсетеді.

Банк филиалының Дубай халықаралық қаржы орталығында табысты жұмыс істеу тәжірибесі АХҚО-да банктің ұқсас филиалын ашу туралы шешімге келуіне әсер етті. Қытай құрылыс банкінің «Астана» филиалы 2019 жылдың қыркүйегінде ашылған шетелдік банктің АХҚО-дағы алғашқы лицензияланған филиалы болды. Бұл қадам екі елдің қаржылық ынтымақтастығы платформасын құруға, олардың экономикалық дамуына, сондай-ақ капиталға қойылатын талаптарсыз бірдей операциялық қызмет түрлерін жүргізуге ықпал етеді.

АХҚО-мен стратегиялық ынтымақтастық банкке есеп айырысу жүйесін нығайтуға, сондай-ақ түрлі қаржыландыру көздерін тартуға мүмкіндік берді. 2020 жылдың наурыз айында Қытай құрылыс банкі «Астана» филиалының юаньмен номинацияланған облигацияларының (Falcon облигациялары) АХҚО биржасының «Белдеу және жол» сегментінде шығарылған алғашқы өнімі болып табылатын ресми листингі ынтымақтастықтың маңызды оқиғасы болды. Облигациялар жылдық 2,95% пайыздық мөлшерлеменен 1 млрд юань (шамамен 63 млрд теңге) сомасына шығарылды, өтеу мерзімі 2022 жылғы наурызда басталады.

Банк Англия мен Уэльс заңнамасының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне негізделген, сондай-ақ жетекші әлемдік қаржы орталықтары қабылдаған стандарттарға сәйкес АХҚО юрисдикциясының артықшылықтарын толық көлемде пайдаланады. Бұдан басқа, АХҚО-ның филиалдарды ашуға, жеңілдікті салық режиміне қатысты жеткілікті икемді талаптары, шетелдік қызметкерлер үшін жеңілдетілген көші-қон талаптары бизнес қызметтің табысты дамуына ықпал етеді. АХҚО-да филиал ашу мүмкіндігі бүкіл Орталық Азия нарығының клиенттеріне қызмет көрсету, қаржыландыру әлеуетін арттыру және озық тәжірибені ілгерілету бойынша зор келешекке ие. АХҚО өз тарапынан орталықтың қатысушылары үшін қауіпсіз және ашық реттеуші ортаны қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

04. Инвестициялар тартудың 2020-2024 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірлеу шеңберінде елге капитал тарту, капитал нарығының инфрақұрылымын оңтайландыру және визалық режимді ырықтандыру тұрғысынан АХҚО артықшылықтарын пайдалану жөнінде ұсыныстар берілді.

05. ЕҚДБ мен АХҚО арасындағы қазақстандық капитал нарығын дамытуды қолдау бойынша техникалық өзара іс-қимыл шеңберінде MSCI және FTSE Emerging Market дамушы нарықтарының мәртебесіне Қазақстан мәртебесінің сәйкестігіне қатысты есептерді дайындауға қатысу (gap-талдау). АХҚО биржасы алғаш рет FTSE Frontier индекстер сериясының негізгі ережелеріне сәйкес келетін сауда алаңы ретінде танылды.

06. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасына одан әрі инвестициялар тарту жөніндегі жол картасы шеңберінде негізгі іс-шараларды орындау.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ХАБТЫ ОДАН ӘРІ ДАМУДЫҢ ҚАДАМДАРЫ

Негізгі жобалардың келтірілген тізімі АХҚО-ның инвестициялық хаб ретінде дамуына ықпал етеді және «үш қарғып секіру» тактикасына сәйкес келеді.

ДАМУ САЛАСЫ	2021-2023 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР
ИНВЕТОРЛАРҒА КЕПІЛДІК	<p>Стратегиялық инвестициялық келісімдер: АХҚО алаңында инвестициялық мәмілелерді құрылымдау</p> <p>Мемлекеттік қолдау пакетін әзірлеу елге инвестициялар тартуға және экономиканың одан әрі өсуі мен әртараптандырылуына ықпал етуге бағытталған.</p> <p>2021 жылдың басынан бастап шетелдік инвесторлар — АХҚО қатысушылары АХҚО юрисдикциясында Үкіметпен стратегиялық инвестициялық келісімдерді тікелей жасай алады.</p> <p>Стратегиялық инвестициялық келісімдер экономиканың стратегиялық маңызды салаларында инвестициялар көлемі кемінде 7,5 млн айлық есептік көрсеткіш (51 млн АҚШ доллары) болатын ірі жобалар үшін жасалады.</p>
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ЖАҚСARTУ	<p>Ауыл шаруашылығын қаржыландыруды дамыту</p> <p>Жоба қолданыстағы шектеулерді алып тастау, мемлекеттік қолдауды оңтайландыру және АХҚО мүмкіндіктерін іске қосу арқылы ауыл шаруашылығын қаржыландыруға қолжетімділікті жақсартуға бағытталған.</p> <p>Соңғы бес жылда төмендеу байқалған саланы қаржыландыру көлемін ұлғайтуға бағытталған осы шаралар қазір әзірлеу сатысындағы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жобада көрсетілетін болады.</p> <p>Жоба жеке және мемлекеттік субсидиялар арасындағы нарықтағы үйлесімсіздікті жояды. Ауыл шаруашылығын АХҚО арқылы қаржыландыру заманауи, тиімділігі жоғары технологияларды тарту есебінен ауыл шаруашылығы секторын және оның инфрақұрылымын дамытуға ықпал ететін болады.</p>



ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ

SkyBridge Invest

SkyBridge Invest 2008 жылы құрылған SB Capital компаниялар тобына кіреді. Компания қазақстандық және шетелдік клиенттерге брокерлік және активтерді басқару кәсіби қызметтерінің кең спектрін ұсынады, сондай-ақ бірігу және қосып алу бойынша ірі мәмілелерді құрылымдау, іске асыруды сүйемелдеу, қаржылық берешекті қайта құрылымдау, жобалық қаржыландыру, қарыз капиталын тарту, облигациялар мен еурооблигацияларды шығаруды ұйымдастыру мәселелері бойынша консультациялар береді.

АХҚО-ның қолайлы режимі, сондай-ақ SkyBridge Invest пен қаржы орталығының 2020 жыл ішіндегі ортақ табысты жұмысы Қазақстанда алғаш рет портфельді басқару кезінде алгоритмдік стратегияларды қолданатын теңдессіз қор құруға мүмкіндік берді.

Бұрын мұндай сауда түрін жүргізу жөніндегі заңнама болмаған, сондықтан мұндай қорды құру — инвесторлар үшін мүлдем жаңа ұсыныс. Осы бірегей алгоритмнің негізіне S&P500 индексі, АҚШ-тың алтын және мемлекеттік облигациялары негізгі компоненттері болып табылатын инвестициялық портфельдің тәуекелін таргеттеу тетігі салынған. Алгоритмдік код нарықтық трендтерді ескере отырып, портфельдің құрылымын автоматты түрде есептейді және оның компоненттерін теңгерілмеген активтер арасында уақтылы бөледі, бұл қорға өз инвесторлары үшін тұрақты кіріс алуға ғана емес, сондай-ақ биржалық нарықтардағы құлдырау кезеңінде шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді.

SkyBridge Invest пікірінше КТС және ҚҚС төлеуден босатуға қатысты салықтық преференциялар компанияның өзі үшін ғана емес, оның клиенттері үшін де артықшылық болып табылады. Алгоритмдік сауда айтарлықтай табыс әкелді, сонымен қатар 2020 жылдың қорытындылары бойынша бағамдық айырмада пайда шамамен жылдық 14%-ды құрады, сондай-ақ қордың клиенттері қосымша табыстарға салық салудан босатуды пайдаланды.

ДАМУ САЛАСЫ		2021-2023 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР
<p>ТАУ-КЕН ӨНДІРУ ӨНЕРКӘСІБІН ОДАН ӘРІ ДАМУ</p>		<p>Еуразиялық тау-кен өндіру биржасы</p> <p>Пайдалы қазбалардың бай қорына қарамастан, Қазақстан тау-кен өндіру секторында өзінің инвестициялық мүмкіндіктерін толық көлемде пайдаланбайды. Қазақстандағы кен ошақтарының көпшілігі ондаған жылдар бойы пайдаланылып келеді және соңғы уақытта геологиялық барлау жұмыстары іс жүзінде жүргізілмейді. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін ынталандыру — тау-кен өндіру секторының инвестициялық келешегін жақсарту үшін шешуші мәнге ие. Қазақстан геологиялық қорлар мен мүмкіндіктерді бағалауға негізделген минералдық-шикізат әлеуеті индексі бойынша салыстырмалы түрде жоғары орынға ие. Осыған байланысты сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша елеулі қадамдар жасалуы мүмкін деп күтілуде.</p> <p>Жоба тау-кен өндіру секторының инвестициялық тартымдылығын арттыруға және геологиялық барлау жұмыстарына ТШИ келуіне (тау-кен биржасын іске қосу және құру арқылы) және озық халықаралық практикаға сәйкес заңнамаға өзгерістер енгізуге ықпал ететін платформа құруға жұмылдырылатын болады.</p> <p>Жобаның түрлі кезеңдерінде Росгеология, Қазгеология, Тау-Кен Самұрық, еуразиялық кен өндіруші негізгі ойыншылар (ERG, Қазақмыс және т.б.), шетелдік инвесторлар, сондай-ақ тиісті мемлекеттік агенттіктер мен министрліктер жобаның негізгі мүдделі тараптары болып саналады.</p>
<p>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРДАРЛЫҚТЫ АРТТЫРУ</p>		<p>Инвестициялық платформаны әзірлеу</p> <p>Елімізге инвестициялар тартуға жәрдемдесу мақсатында шетелдік инвесторлар мен жергілікті бизнесті «бір терезе» қағидаты бойынша байланыстыратын цифрлық инвестициялық платформаны енгізу бойынша жоба іске асырылуда.</p> <p>Цифрлық платформа инвестициялық өнімдерді пайдалануға қолжетімділікті ұлғайтуға, сондай-ақ олардың ұсынысын кеңейтуге мүмкіндік беретін бірыңғай ақпараттық порталға айналады. Платформа құрудың артықшылығы ретінде АХҚО:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ізденушілер мен инвесторлардың бірыңғай пулының болуын; • Инвестициялық жобалар бойынша ақпаратқа оңай және жылдам қолжетімділікті; • Транзакцияларға шектеулердің азаюын; • Инвестициялардың өсуіне жәрдемді көреді. <p>Кейіннен цифрлық платформаға АХҚО алаңында ұсынылатын, инвесторларларға арналған қызметтердің кең ауқымын пайдалану мүмкіндігі, оның ішінде консалтингтік, ақпараттық және білім беру қызметтерін, дауларды шешу жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ мемлекеттік органдар ұсынатын қызметтерді алу мүмкіндігі қосылатын болады.</p>



ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ



Қазақстан майнинг, финтехті дамыту, токендеу және басқа да қызмет түрлерін қамтитын цифрлық активтермен операциялар саласында жұмыс істейтін әлем елдерінің алғашқы бестігіне кірді. АХҚО осы саланы дамытуда негізгі рөл атқарады және орталық реттеуші органның функцияларын орындайды, ол Қазақстанның қаржылық хаб ретінде дамуын жоспарлап қана қоймай, сонымен қатар инновациялық компанияларды онда жұмыс істеу үшін тартады және ынталандырады.

QuantDART Fintech Limited цифрлық активтер саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін АХҚО лицензиясын алған алғашқы компаниялардың бірі болды. Осыдан кейін компания қауіпсіз және сенімді цифрлық активтер платформасын үстеме қорғалған постквантты криптография тетігін қолдана отырып әзірледі және іске қосты. Клиенттердің сеніміне қол жеткізіп, сенімді серіктес ретінде беделге ие бола отырып, компания бірқатар инвестициялық цифрлық өнімдерді әзірледі.

Бұл өнімдер инвестициялауда әртүрлі тәуекел тәбеті және тәжірибесі бар, өз саласында төңкеріс жасаған активтердің жаңа түрлеріне инвестиция салуға дайын инвесторларды тартады. Өнімдерге тұрақты кірістері бар консервативті борыштық құралдардан бастап жасанды интеллектке негізделген күрделі цифрлық талдауды қолданатын құралдарға дейін, сондай-ақ исламдық құралдар, DeFi-стейкинг өнімдері және биткоин майнинг өнімдері кіреді. QuantDART Fintech Limited цифрлық активтер нарығының серпінін бақылайтын, сонымен қатар негізгі туынды қаржы құралдарын теңдестірілген әртараптандыру арқылы базалық инвестициялық өнім ретінде қызмет ететін QD (QC) биржалық крипто индексіні жасайды.

Компанияның басқа бастамалары блокчейн саласында шоғырланған — жылжымайтын мүлік, өнер және зияткерлік меншіктің басқа түрлерінде токенеуді қолдана отырып, инновациялық өнімдер жасалуда.

Astana Hub IT-стартаптар халықаралық технопаркінің бағалауы бойынша QuantDART Fintech Limited компаниясы Қазақстандағы ең үздік технологиялық компаниялардың бірі болып танылды. Компанияның бас директоры Андерсон Ву — осы саладағы қоғамдық пікірдің негізгі жетекшісі, ал бизнесті дамыту бөлімінің бастығы Эдвард Вонг Мельбурн — Корольдік технологиялық университетінде сабақ береді және цифрлық активтер тақырыбында аса сұранысқа ие баяндамашы және танымал блогер.

ДАМУ САЛАСЫ		2021-2023 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР
<p>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАМУ ҮШІН ЖАҢА ТАУАШАЛАРДЫ ІЗДЕУ</p>		<p>Өсу зертханасы</p> <p>Қазақстанның негізгі экспорттық және инвестициялық секторы энергетикалық сектор болып қалатынына қарамастан, экономиканың тұрақты өсуіне қол жеткізу басымдықтарды айқындау және ел ресурстарын өнімді бөлу үшін одан әрі зерттеулерді талап етеді. Осыған байланысты жоба Гарвард университетінің экономикалық дамудағы бар кедергілерді анықтау, инвестициялық саясат тұрғысынан басым назар аударылуы тиіс экономика секторларын анықтау үшін ел экспортының экономикалық өсуі мен әртараптан-дырылуына зерттеу жүргізуін көздейді және Қазақстанның экономикалық және инвестициялық саясаты жөнінде ұсынымдар дайындайды.</p> <p>Зерттеу нәтижелері шикізаттық бағыттылықтан ауытқу мақсатында экономикалық өсу үшін барынша әлеуеті бар экономика салаларын және экспорттық өнімдерді айқындауға пайдаланылатын болады. Зерттеу қорытындысы бойынша елдің инвестициялық саясатын жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірленетін болады.</p>
<p>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ</p>		<p>АХҚО-ның Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасын ілгерілету</p> <p>Бағдарлама бес жылға дейінгі мерзімге инвестициялық виза алуға ниет білдірген Қазақстан азаматтары болып табылмайтын инвесторларға және олардың отбасы мүшелеріне бағытталған. Бұдан басқа, инвестор өзінің шетелдік кірісін салық салудан босата отырып, жеңілдетілген тәртіппен қазақстандық салықтық резиденттікті ала алады.</p> <p>Бағдарлама іске қосылған сәттен бастап және одан әрі оны іске асыру бағдарламаның әлеуетті қатысушыларының санын және ол туралы хабардар болуды арттыруға бағытталатын белсенді маркетинг және ілгерілету жөніндегі стратегияны әзірлеуді қамтитын болады. Стратегия ауқатты инвесторлар арасында бағдарламада көзделген құралдарға сұранысты арттыруға және ақыр соңында Қазақстанға инвестициялар тарту арқылы экономикалық нәтиже көрсетуге бағытталатын болады.</p> <p>COVID-19 пандемиясына байланысты барлық жердегі қозғалысқа қойылған шектеулерге орай АХҚО қатысушыларды тарту мақсатында бағдарламаның процестері мен рәсімдерін цифрландыруға ниетті. Жақын арада іске қосылатын онлайн-портал бағдарламаға қатысуға өтінім беру рәсімін берілген сәттен бастап өңдеуге және шешімдер қабылдауға дейін цифрландыруға мүмкіндік береді, бұл бизнесмендер мен инвесторлар үшін өтінім беру процесін айтарлықтай жеңілдетеді және жеделдетеді.</p>



ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ



Эксимбанк Венгрияның Сыртқы экономикалық байланыстар және сыртқы істер министрлігінің басқаруындағы мемлекеттік меншік иелігінде. Банк 25 жылдан астам уақыт бойы ЭЫДҰ және Еуропалық Одақ регламенттерінің негізінде ресми экспорттық-кредиттік агенттік функцияларын орындайды және 1 600-ден астам шағын және орта бизнес кәсіпорындарына қызмет көрсетеді. Банк әлемнің 150-ден астам елінде және юрисдикцияларында операцияларды жүзеге асырады, оған Fitch рейтингтік агенттігінің тұрақты болжамы бар «BBB» деңгейіндегі рейтинг берілген.

Эксимбанк 2019 жылғы желтоқсанда АХҚО реттеушісінен лицензия алғаннан кейін Қазақстанда қызметін жүзеге асыра бастады 2021 жылғы сәуірде АХҚО алаңында Эксимбанктің экспорттаушылар мен жеткізушілердің, сондай-ақ экспорттық операцияларды жүзеге асыруға дайындалып жатқан кәсіпорындардың қызметін қамтамасыз ету үшін қаржы және сақтандыру өнімдерін ұсынатын өкілдігі ашылды.

Эксимбанк өкілдігі мен АХҚО-ның стратегиялық ынтымақтастығы отандық компанияларға шетелде іскерлік операцияларды жүзеге асыру мүмкіндігін беру арқылы екі елдің экономикалық қатынастарын дамытуға ықпал етеді. Венгрия қазақстандық инвесторларға өз елінің экономикалық өсуінің артықшылықтарын, тартымды логистикалық инфрақұрылымын, сондай-ақ жоғары білікті кадрларын пайдалануды ұсынады.

Эксимбанк АХҚО-ның барлық қатысушылар үшін жасаған басымдықтары мен ұсынылатын артықшылықтарын, атап айтқанда, АХҚО Экспат орталығының шетелдік мамандарына визаны ұзарту қызметтерінен бастап COVID-19 пандемиясына байланысты енгізілген төтенше жағдай кезіндегі кеңес беруге және қолдауға дейінгі «бір терезе» қағидаты бойынша көрсететін қолдауын ерекше атап өтеді.

ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ



Инвестициялық қызметтер мен инвесторлардың мүдделерін қорғау бойынша қызметтер көрсететін, сондай-ақ әртүрлі жобалар шеңберінде халықаралық серіктестік қатынастар мен іскерлік байланыстар орнатуды қамтамасыз ететін венчурлік қор. Компания технологиялық стартаптар саласындағы ірі қорлардың бірі бола отырып, цифрлық экономиканы дамытуға бағытталған бастамаларға бағдарланған. 2020 жылдың соңына қарай компания алғашқы акселерацияны сәтті өткізді және Қазақстандағы 11 жобаға 1 млн. АҚШ долларын инвестициялады.

Quest Ventures компаниясы портфельдік компанияларға АХҚО аумағында жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер немесе жеке компаниялар түрінде тіркелуді ұсынады. Бизнес тұрғысынан инвестициялық мәміле аясында шоттар ашу инвестициялау процесін жеңілдетеді. Жұмыс қорытындысы бойынша, пандемияға қарамастан, компанияның 10 клиенті АХҚО-ға қатысушылар ретінде сәтті тіркелді, бұл оларға венчурлік нарық ойыншыларынан капитал тартуға мүмкіндік берді.

Компания АХҚО-да заңды тұлғаларды тіркеу рәсімдерінің, клиенттің жеке қатысуын қажет етпей, олардың онлайн форматқа толық көшуінің ыңғайлылығын атап өтті.

Шетелдік инвесторларға түсінікті және таныс басқа халықаралық қаржы орталықтарымен ұқсастығы бойынша құрылған АХҚО юрисдикциясы бизнеске сенімді қамтамасыз етеді. Өз кезегінде Quest Ventures АХҚО-да жергілікті компаниялар мен стартаптар үшін қолайлы жағдайларды, сондай-ақ халықаралық инвесторларды тарту бойынша зор әлеуеттің болуын үлкен артықшылық деп санайды. Басқа әлемдік қаржы орталықтарымен салыстырғанда, АХҚО-ның ерекшелігі — бизнес үшін шығындарды оңтайландыру мүмкіндігі.

АХҚО ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ

Қолданыстағы инфрақұрылым, орталық алаңында ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің кең спектрі АХҚО-ны сауда орталықтарын дамытудың ұқсас моделі секілді жергілікті сараптама орталығы ретінде тұрғыландырады.

«Сауда орталығы» моделі ең алдымен өнімдер мен қызметтердің соңғы тұтынушыларына бағытталған. Модель тиісті орта мен инфрақұрылымды құруға, сату нүктелері немесе авторизацияланған жеткізушілер арқылы тұтынушыларға өнімдер мен қызметтерді ұсынуға және ілгерілетуге жауап беретін компанияларға тікелей қолдау көрсетеді.

Заманауи инфрақұрылымы бар өңірлік қаржы орталығы бола отырып, АХҚО қатысушыларға өзінің бас компаниялары мен өңірлік штаб-пәтерлерін орналастыру үшін жайлы кеңселер ұсынады. Қаржы орталығының Орталық Азияда мінсіз орналасуы іскерлік белсенділікті арттыруға, инвестициялық мүмкіндіктерді іске асыруға және қызмет үшін қауіпсіз реттеуші ортаны таратуға ықпал етеді.



АХҚО өңірлік қаржы орталығы ретінде қалыптасу үшін мынадай негізгі стратегиялық мақсаттарды көздейді:

- MSCI Frontier Market Index индексында Қазақстанның ықпалын 2025 жылға қарай 5%-ға дейін арттыру.
- 2030 жылға қарай MSCI Emerging Market «дамушы» нарық мәртебесін алу.
- 2025 жылға қарай АХҚО-ның 2000 қатысушысын тіркеу.
- 2025 жылға қарай қаржылық және кәсіби қызмет көрсететін АХҚО-ның 600 қатысушысын тіркеу.
- 2023 жылдан бастап кірістер мен салықтардан түсетін түсімдер есебінен бюджеттік қаржыландыруды жабу.

ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ



Әлемдегі кәсіби қызмет көрсететін ең ірі сегіз халықаралық желінің бірі болып табылатын аудиторлық және бухгалтерлік компания. Crowe 24 жылдық жұмыс тәжірибесіне сүйенетін аудиторлық, салықтық және консалтингтік қызметтер көрсететін Қазақстандағы 10 компанияның бірі болып табылады. АХҚО-ның халықаралық нарықта кеңінен танылуы, сондай-ақ Дубайдың халықаралық қаржы орталығындағы жуырдағы табысты тәжірибесі компанияның 2019 жылы АХҚО-ға келуіне ықпал етті.

Crowe АХҚО экожүйесінде тіркелген және жоғары әлеуеті бар бизнес-тауашаны иеленген алғашқы қосалқы қызмет көрсететін алғашқы компания болды. COVID-19 пандемиясына қарамастан, компания клиенттер санын тұрақты түрде қызметтер көрсетілетін 30 компанияға дейін ұлғайтты.

АХҚО қатысушыларды тіркеу бойынша, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы сақтауға, міндетті есептілік пен бизнес-жоспарды дайындауға қатысты жоғары талаптар белгіледі. Қатаң стандарттар АХҚО қатысушыларына кәсіби және адал бизнес-серіктестер ретінде жоғары сенімділік деңгейін қамтамасыз етеді.

Орталық қатысушыларға 24/7 режимінде толық қолдау көрсетеді, орталықтың ақпараттық ресурстары өтім беру рәсімінен бастап реттеуші органға құжаттарды тапсыруға дейінгі кең ауқымды мәселелер бойынша қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді.



АХҚО ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

АХҚО ҚАРЖЫЛЫҚ ЛАНДШАФТЫ

	ДӘСТҮРЛІ ҚҰРАЛДАР	ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ	ЖАСЫЛ / ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫ	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ / ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАР
КАПИТАЛ НАРЫҒЫ	<ul style="list-style-type: none"> Жай акциялар (акциялар және ЖДҚ) Облигациялар (корпоративтік, тәуелсіз) Биржалық инвестициялық қорлар/Биржалық ноталар 	Сукук (корпоративтік, тәуелсіз)	<ul style="list-style-type: none"> Жасыл облигациялар *Әлеуметтік облигациялар *Жасыл кредиттер 	Қызметтер: <ul style="list-style-type: none"> Жасырын автоматты сауда Нақты уақыттағы нарық деректері Букбилдинг Бағалы қағаздарға кредит беру қызметтері Маркет-мейкер қызметтері +Мультивалюталық сауда және есеп айырысу Конвертация: ЖДҚ/акциялар Тізілімді жүргізу Депозитарлық қызметтер Кепілдерді тіркеу
САҚТАНДЫРУ	<ul style="list-style-type: none"> Сақтандыру/Қайта сақтандыру Кэптивтік сақтандыру Сақтандыру делдалдары 	<ul style="list-style-type: none"> Такафул / Ретакафул Такафул операторы Делдалдар 		
КОРПОРАТИВТІК БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ / ЖЕКЕМЕНШІК БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ / ЖЕКЕМЕНШІК КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік банктік қызмет көрсету — дәстүрлі/исламдық Жеке банктік қызмет көрсету (отбасылық кеңселерді қоса) Депозиттер, кредиттік желілер/исламдық қаржыландыруды ұсыну, коммерциялық/синдикатталған кредиттер, ЕСА-мен қамтамасыз етілген кредиттер Корпоративтік қаржы, Дискрециялық/консультациялық өкілеттіктер, Консультациялар**, мәмілелерді ұйымдастыру және сақтау Сауданы қаржыландыру (несие желісін, кепілдіктерді, айналым капиталын, жеткізілім тізбегін қаржыландыру шешімдерін қоса алғанда) FICC-бекітілген кірістілігі бар құралдар, валюта және шикізат тауарлары 	Андеррайтинг / кепілдіктер / кепілдемелер / актуарий қызметтері		<ul style="list-style-type: none"> Аударымдар/ ақша айырбастау Robo-консультациялар *Цифрлық/мобильді банкинг *Төлемдер және электрондық ақша
АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ	<ul style="list-style-type: none"> Қорлар (жылжымайтын мүліктің инвестициялық қорларын, хедж-қорларды қоса алғанда), акционерлік капитал Ұжымдық инвестициялау схемасы (қорды әкімшілендіру, брокерлік/дилерлік қызмет) Жеке қор, трасттық компания, активтерді басқару компаниясы Инвестицияларды басқару (шектеулі PSIA, жылжымайтын мүлік) 		Жасыл инвестициялар (қорды әкімшілендіру, брокерлік/дилерлік қызмет)	
БАЛАМА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ / ИННОВАЦИЯЛАР	<ul style="list-style-type: none"> Арнайы мақсаттағы компаниялар арқылы инфрақұрылымды қаржыландыру Құрылымдалған өнімдер, секьюриттеу Активтер негізінде қаржыландыру (қорларды қаржыландыру, лизинг/жалдау, жылжымайтын мүлік, әуе кемелері, лизинг) 		Жасыл/таза технологиялар	<ul style="list-style-type: none"> Реттеуші технологиялар Заң технологиялары +Краудфандинг, оның ішінде краудлендинг
	Қосалқы қызметтер (заң, бухгалтерлік, аудиторлық,	рейтингтік агенттіктер, «консалтинг», корпоративтік қызметтерді жеткізушілер, электрондық коммерция)		

*** жақын арада іске қосу****+ АХҚО-ға Қазақстан аумағында ғана қолжетімді****** исламдық қаржы және жасыл қаржы қызметтері үшін сыртқы тексеруді талап етеді**

Қосалқы қызметтер (заң, бухгалтерлік, аудиторлық, рейтингтік агенттіктер, «консалтинг», корпоративтік қызметтерді жеткізушілер, электрондық коммерция)

ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ

КЕРС

Kazakhstan Energy Reinsurance Company Ltd. «ҚазМұнайГаз» ҰК компаниялар тобы, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» бас холдинг компаниясы аясында қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыратын «ҚазМұнайГаз» ҰК еншілес компаниясы болып табылады. Компания өз қызметін АХҚО аумағында 2019 жылдан бастап өзге юрисдикциядан редомициляцияны жүзеге асырған еншілес сақтандыру компаниясы ретінде сақтандыру шарттарын жасасу және жүргізу жөніндегі реттелетін қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензия шеңберінде жүзеге асырады.

КЕРС-тің 2004 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Бермуд аралындағы тіркеуін АХҚО-ға ауыстыру компанияға барлық құқықтар мен міндеттемелерді, сондай-ақ компанияның заңды мәртебесін сақтауға мүмкіндік берді. Компания барлық мүлктік құқықтарды, жеңілдіктер мен артықшылықтарды сақтайды, сондай-ақ бұрын қабылданған барлық міндеттемелерді де орындайды.

АХҚО өз тарапынан инвестициялар жөніндегі мемлекеттік реформалар шеңберінде Қазақстанға инвесторлардың келуі және ел экономикасының одан әрі дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етуге ұмтылады. КЕРС компаниясының редомициляциясы қазақстандық активтер мен капиталды шетелдік юрисдикциялардан АХҚО юрисдикциясына ауыстыру бойынша процестің басталуына үлгі болады.

Бұдан басқа, АХҚО юрисдикциясына ауысқаннан кейін КЕРС-ке иелік етуші бас компания қазақстандық заңнамаға сәйкес бақыланатын шетелдік компанияларға салық төлеуден босатылды, сондай-ақ КЕРС-тің қазақстандық клиенттерге көрсететін қызметтерінен түскен кірістерінен төлем көздерінен салық төлеуден босатылды.

Сонымен қатар, COVID-19 пандемиясына жауап ретінде АХҚО компанияларға 2020 жылы жыл сайынғы жарнаны төлеуден босату арқылы айтарлықтай қолдау көрсетті.

КЕРС АХҚО-да қосалқы қызметтер көрсететін компаниялардың (аудиторлық, заңдық және т.б.) қызметтерін белсенді пайдаланады, олардың жоғары деңгейі мен кәсібилігін атап өтеді. КЕРС АХҚО қатысушыларының өзге халықаралық юрисдикцияларға ұқсас және олардың бизнесінің дамуына ықпал ететін қолайлы құқықтық және реттеуші ортаның болуы туралы пікірін қолдайды.

ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫН ОДАН ӘРІ ДАМУ ТУДАҒЫ ҚАДАМДАРЫ

Төмендегі кестеде көрсетілген негізгі жобалар АХҚО әлеуетін өңірлік қаржы орталығы ретінде іске асыруға ықпал етеді және «үш қарғып секіру» тактикасына сәйкес келеді.

ДАМУ САЛАСЫ	2021-2023 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР
<p>КАПИТАЛ НАРЫҒЫН ДАМУ</p>	<p>Әлемдік капитал нарықтарымен интеграция</p> <p>Жоба АХҚО-ны өңірге шетелдік инвесторлардың кіруін қамтамасыз ететін жоғары сыныпты платформа ретінде одан әрі дамыту арқылы елдің капитал нарығын әлемдік нарықтармен интеграциялауға бағытталған. Бұған нарықтың халықаралық қатысушыларымен, қызметтерді жеткізушілермен әріптестік қатынастарды кеңейту және нығайту, АХҚО биржасының Орталық депозитарийінің қатысушылары ретінде халықаралық кастодиан банктерді тарту, шетелдік инвесторлардың бағалы қағаздар шығаруға қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ нарықта өтімділікті тарту және қолдау есебінен қол жеткізілетін болады.</p> <p>Инвесторлық базаны ұлғайту (Tabys)</p> <p>Жоба Tabys сауда қосымшасы арқылы жергілікті инвесторлардың көбірек санын тарту есебінен бөлшек сауда инвесторларының базасын дамытуға және өтімділікті арттыруға бағытталған. АХҚО биржасының жеке өнімі — қазақстандық инвесторларға жаһандық</p> <p>Қазақстан үшін MSCI Emerging Markets «дамушы» нарық мәртебесін алу орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте шешуші бағыт болып табылады, себебі елеулі инвестициялар осы индексті қадағалайтын пассивті инвесторлардан және қорларды белсенді басқарушылардан түсуі мүмкін. Шетелдік меншікті иеленуге және жекешелендірілетін компаниялардың көлеміне практикалық шектеулердің болмауы қаржы нарығының «шекаралық» мәртебесінен «дамушы» нарыққа өту үшін жеткілікті элементтер болып табылады. АХҚО арқылы халықаралық инвесторлар үшін қазақстандық капитал нарығының көлемін, өтімділігін және қолжетімділігін одан әрі арттыру жобаның негізгі ерекшеліктері болып саналады.</p> <p>индекстерге (BlackRock, Vanguard және US Commodity Funds басқаруындағы ETF) инвестициялауға мүмкіндік беретін және өз инвестицияларын ең аз шығынмен әртарап-тандыратын биржалық ноталар (ETN) Tabys платформасында жүзеге асырылады.</p>



ТАБЫС МЫСАЛДАРЫ



Russell Bedford A+ Partners — аудиторлық, бухгалтерлік, салықтық және консалтингтік қызметтерді көрсететін АХҚО қатысушысы. 2020 жылдың соңында компания Қазақстандағы жетекші аудиторлық және консалтингтік компаниялардың топ-10 құрамына кірді. Компания корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғаларға бағалау, аудит, салықтық және қаржылық кеңес беруді қоса алғанда, қосалқы қызметтердің толық спектрін ұсынады.

АХҚО-да активтерді және капиталды басқару қызметтерін ұсынатын компаниялардың көбеюі, тартымды құқықтық режим, сондай-ақ бизнесті дамытудың жаңа мүмкіндіктері қаржы орталығында компания ашу туралы шешім қабылдауға әкелді. АХҚО қатысушысы бола отырып, Russell Bedford A+ Partners орталықтың басқару қатысушыларын қамтитын өзінің клиенттік базасын да кеңейтеді.

КТС және ҚҚС төлеуден босату — орталықтың клиенттері мен қатысушыларына пайдалы негізгі бәсекелестік артықшылығы. Сонымен қатар, компания тұрақты курстар, тренингтер мен семинарларды тегін түрде ұйымдастыра отырып, орталықтың қатысушыларының және өз қызметкерлерінің білімі мен кәсіби дамуына деген көзқарастарын ерекше атап өтеді.

ДАМУ САЛАСЫ	2021-2023 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР
<p>СЫРТҚЫ БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯЛАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН БАСҚАРУ НАРЫҒЫН ДАМУ</p>	<p>АХҚО-да сыртқы басқарушы компанияларды оқшауландыру — II кезең</p> <p>Жобаның бірінші кезеңі аясында Ұлттық қордың активтерінің және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің сыртқы басқарушыларын таңдау қағидаларына өзгерістер енгізілді, олар тендерге қатысатын компанияларға АХҚО-да оқшауландырылған және тиісті қаржылық қызметті жүзеге асырған жағдайда немесе егер мұндай қызметті олар АХҚО-да жүргізіп жатқан болса, қосымша балл алуға мүмкіндік береді.</p> <hr/> <p>Жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару</p> <p>Жоба АХҚО-ға отандық банктер мен халықаралық банк институттарының бөлімшелерін іске қосу және тарту арқылы Қазақстанда активтер мен жеке капиталды басқару жөніндегі қызметтерді енгізуге бағытталған.</p> <hr/> <p>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін басқару</p> <p>Жоба АХҚО басқарушы компанияларына таяудағы заңнамалық зейнетақы реформалары шеңберінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін басқаруға қатысу мүмкіндігін беруге бағытталған.</p> <p>Осы реформалар шеңберінде Қазақстандағы жеке тұлғалар өздерінің зейнетақы</p> <p>Ұсынылып отырған II кезең әлеуетті компаниялардың қаржы орталығының ерекшеліктері мен артықшылықтары туралы хабардар болуын арттыру арқылы АХҚО-да басқарушы компанияларды іс жүзінде оқшауландыру жөнінде шаралар қабылдауды көздейді, бұл оларға қажетті корпоративтік шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p> <p>активтерінің бір бөлігін мемлекет белгілеген белгілі бір өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс тағайындалған басқарушы компанияларға басқаруға ерікті түрде бере алады. АХҚО-да орналасқан басқарушы компаниялардың осы бастамаға қатысуы халықаралық ойыншыларды тарту есебінен АХҚО-да активтерді басқару саласының дамуына әкеледі.</p>

ДАМУ САЛАСЫ	2021-2023 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР
САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫН ДАМУ	<p>Сақтандыру және қайта сақтандыру</p> <p>Жоба қайта сақтандыру нарығын дамытуға ықпал етуге бағытталған. Сондай-ақ, негізгі басымдық Қазақстанда қазіргі уақытта көрсетілмейтін немесе жеткілікті дамымаған АХҚО-дағы ҚР резиденттерін тікелей сақтандыру қызметтерін ұсыну болады, атап айтқанда апаттар тәуекелдері мен климаттық тәуекелдерді сақтандыруға байланысты ерікті мүліктік сақтандыру, сондай-ақ кибер тәуекелдерді, саяси және терроризм тәуекелдерін сақтандыру сияқты тәуекелдердің жаңа түрлері салаларында сақтандыру да басты басымдылық болады. Теңіз, ғарыш және авиация тәуекелін, көлікті және олардың иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырумен және жүк тасымалдаумен байланысты тәуекелдерді сақтандыру сияқты мүліктік сақтандырудың түрлері даму үшін үлкен әлеуетке ие.</p>
ЖАҢА ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН ЕНГІЗУ	<p>АХҚО-ның Исламдық қаржы және Бизнес хабы</p> <p>Хаб АХҚО-да ислам банктері мен қаржы (банктік емес) компанияларын оқшауландыру үшін тартымды тиісті инфрақұрылымды, құқықтық және реттеуші базаны құру арқылы АХҚО-дағы ислам қаржысының экожүйесін жақсартуға назар аударады. Сондай-ақ хаб Қазақстанда ислам қаржысын дамыту бойынша Бас жоспардың (Жол картасының) іс-шараларын іске асыру жұмысын жүргізуде. Исламдық капитал нарығын дамыту басым бағыттардың бірі ретінде анықталды және Хаб АХҚО биржасында исламдық бағалы қағаздарды шығару жөнінде кеңес береді және жәрдемдеседі.</p> <hr/> <p>Жасыл қаржы орталығы</p> <p>Жоба жасыл қаржыландыру саласындағы реттеу базасын одан әрі жетілдіруге, экологиялық факторларды есепке алуға және жасыл жобаларды қаржыландыруды жақсартуға, сондай-ақ инфрақұрылым, энергетика (баламалы) және қоршаған орта сияқты ел экономикасы секторларының одан әрі орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.</p>

ДАМУ САЛАСЫ	2021-2023 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР
	<p>Лизингтік және сақтандыру қызметтері (Авиациялық хаб)</p> <p>Жоба сала үшін қаржыландыру мен сақтандырудың жаңа құралдарына сұраныс тудырады және төмендегілерге:</p> <ul style="list-style-type: none"> • коммерциялық және экспорттық кредиттерді қаржыландыруға • секьюритилендіруге (активтермен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар) • операциялық және қаржы лизингке • сату және кері жалдау арқылы қаржыландыруға • сақтандырудың басқа да түрлеріне маманданған ірі ойыншыларды тартады. <p>АХҚО платформасында әртүрлі лизингтік және сақтандыру операциялары үшін бірегей нарық құрылады. Мысалы, Бермуд аралдарында лизингтік және сақтандыру компанияларының 36 филиалы, оның ішінде AerCap, BOC Aviation, AIG Bermuda, Berkshire Hathaway, CDB leasing және ICBC жұмыс істейді.</p>
ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫН ДАМУ	<p>АХҚО техникалық хабы</p> <p>АХҚО Индустрия 4.0, FinTech, GovTech, Legal Tech және EdTech аясында құзыреттілік орталықтарының айналасында құрылатын технологиялық кластерлерді дамыту жұмысын бастады. Технологияларға сұранысты дамыту, реттеуші құм алаңы әлеуетін пайдалану, пилоттық жобаларды іске қосу және кейстерді Қазақстанның өзінде де, шетелде де ауқымдау жоспарлануда.</p> <p>Жобаның міндеті — технологиялық экожүйенің негізгі қатысушыларын, халықаралық серіктестерді, сарапшыларды, кәсіпкерлерді, стартаптар мен технологиялық жобаларды біріктіру.</p> <p>АХҚО-ның Тех хабы Орталық Азия елдерінде экономикалық дамуға ықпал ету мақсатында инновациялар мен жаңа идеяларды интеграциялау нүктесіне айналады.</p> <hr/> <p>Электрондық резиденттік (E-residence)</p> <p>Жоба АХҚО қатысушылары үшін цифрлық экожүйені қамтамасыз етуге бағытталған, онда олар АХҚО-ның барлық қызметтерін, оның ішінде мобильді қосымшаны (АХҚО-ның қазіргі және әлеуетті қатысушылары үшін), сондай-ақ инвесторлар мен бизнес қауымдастыққа онлайн қол жеткізе алады. Тараптар қажетті ақпаратты алып, АХҚО экожүйесінде бизнесті бастай алады.</p>

ДАМУ САЛАСЫ	2021-2023 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР
<p>РЕДОМИЦИЛЯЦИЯЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ</p>	<p>Редомициляциялау</p> <p>АХҚО өзін бизнес үшін айтарлықтай артықшылықтары бар сенімді және қауіпсіз юрисдикция ретінде танытты. Трансфер жүргізілетін елде заңды тұлға мәртебесін сақтау мүмкіндігімен АХҚО-дағы басқа юрисдикциядан компанияны редомициляциялау мүмкіндігі бар. АХҚО өзінің құқықтық мәртебесін, ұйымдық-құқықтық нысанын, корпоративтік құрылымын, сондай-ақ реттелетін қызметке, оның ішінде салықтық оңтайландыруды ескере отырып, міндеттемелерді, активтерді, банктік шоттарды және лицензияларды сақтай отырып, өз юрисдикциясын өзгерткісі келетін компаниялар үшін редомициляция бойынша қызметтерді ұсынады. Компаниялар өздерінің портфелін, несиелік рейтингтерін, контрагенттер алдындағы құқықтары мен міндеттемелерін сақтай алады. Қазіргі уақытта Бермуд юрисдикциясынан «ҚазМұнайГаз» ҰК еншілес компаниясы Kazakhstan Energy Reinsurance Company (KERC) Ltd.-дің АХҚО-да табысты редомициляцияның алғышарты бар.</p> <p>АХҚО құқықтық базасы компанияларға АХҚО аумағына осы рәсімге рұқсат беретін кез келген юрисдикциядан трансфер жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Алайда, шыққан елдің қолданыстағы юрисдикциясы оның заңнамасына сәйкес тікелей аударманы қарамайтын жағдайларда, екі кезеңді аударма, не болмаса біріктіру және қосып алу процестерін пайдалану (M&A) сияқты балама тетіктер ұсынылуы мүмкін.</p> <p>Қазіргі уақытта оффшорлық реттеудің қатаңдатылып жатқанын ескере отырып, инвесторлар реттелетін оншорлық юрисдикцияларды, салықтық анықтылықты, яғни жаңа инвесторларды тарту мүмкіндіктерін барынша арттыруға мүмкіндік беретін юрисдикцияларды таңдағанды жөн көреді.</p>

АХҚО **ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ, ЖАСЫЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР** СИЯҚТЫ ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ЖЕРГІЛІКТІ НАРЫҚТЫ ЖАҢАНДЫҚ КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ҮШІН МҮМКІНДІКТЕР АШАДЫ.

АХҚО Финтех экожүйесі

Қаржы технологиялары (финтех) бүкіл әлемде, атап айтқанда Қазақстанда да қаржы нарықтарын дамыту үшін жаңа сын-тегеуіріндер тудыруда. Қазіргі COVID-19 пандемиясымен байланысты дағдарыс жағдайында икемді және тұрақты модельдер мен даму құралдарына қажеттілік туғызды.

Финтех саласы Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия өңірі үшін аса маңызды, себебі инновациялар мен технологиялар экономиканы әртарапандырудың төмендігі, халықтың басым бөлігі үшін қаржылық қызметтерге қолжетімділіктің болмауы және дәстүрлі қаржы институттары тарапынан ШОБ-ты қаржыландыру деңгейінің жеткіліксіздігі сияқты проблемаларды шешуге ықпал етеді.

Жаһандық сын-тегеуіріндер мен даму үрдістеріне жауап бере отырып, АХҚО қаржылық технологияларды АХҚО-ның тұрақты дамуының маңызды стратегиялық бағыты ретінде айқындады. Бұл ретте халықаралық тәжірибе финтех шешімдер мен инновациялық экожүйелер дәстүрлі құралдарға қарағанда анағұрлым тиімді екенін көрсетеді.

АХҚО стартаптарды қолдауды, финтех компаниялардың өңірлік нарыққа шығуы үшін тартымды жағдайлар жасауды, инвестициялар тартуды және бірегей реттеуші базаны қамтамасыз етуді қоса алғанда, финтех экожүйесін дамытуға тұтастық тәсілін қолданады. АХҚО экожүйесі қаржы технологияларын дамытуды жеделдету үшін өңірдегі ең қолайлы орта болып табылады. Үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қаржылық технологиялар нарығын дамыту үшін АХҚО-ның құқықтық және реттеушілік режимі, шарттары мен инфрақұрылымы АХҚО-ның қаржылық технологиялардың өңірлік орталығы ретінде қалыптасуына жалпы ықпал етуге тиіс.

Финтех экожүйесінің стратегиялық дамуына жауапты АХҚО органдары:

01. АХҚО-да және жалпы өңірде қаржылық инновацияларды дамытуға, сондай-ақ бақылана-тын ортада инновациялық қаржы өнімдері мен қызметтерін тестілеу үшін құрылған ФинТех Лаб арқылы финтех компаниялар үшін қолайлы реттеу ортасын құруға ықпал ететін **АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті**.

02. Қазақстанда қаржылық технологиялардың экожүйесін дамытатын **ФинТех Хаб**.

2020 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

01. ФинТех хабтың стартап-қатысушылары **3 млн АҚШ доллары** көлемінде инвестициялар тартты.
02. ФинТех Лаб-қа **12 жаңа** компания қабылданды (краудфандинг, төлем қызметтері және цифрлық активтер сияқты салалардан 34 компания жіберілді).
03. **14 стартап** АХҚО алаңында айырбасталатын қарыз шарттарына қол қою арқылы, сондай-ақ стартаптардағы үлестерді жеке орналастыру және сатып алу арқылы мәмілелер жасады.
04. Орталық Азияның **130+ стартапына** қолдау көрсетілді. Оларға және шетелдік серіктестер үшін бизнес-модельдерді дамыту және кеңейтуге қолайлы жағдайлар жасалған. 21 стартап халықаралық алаңдарда ұсынылды, олардың бірі Әбу-Дабидегі финтех форум аясында конкурс жеңімпазы болып танылды.
05. **70 стартап** Орталық Азия мен басқа өңірлерде стартаптарды дамытуды қолдауға бағытталған ФинТех хаб платформасының мүшелері болып табылады.
06. Қаржылық технологиялар жөніндегі құзыреттер орталығы **10 зерттеу және талдау есепті** шығарды.
07. АХҚО мен Қазақстанның цифрлық активтер саласындағы реттеушілік жүйелерін үйлестіруге бағытталған бірқатар түзетулер бекітілді.
08. Стартаптарға арналған тұрақты білім беру бағдарламалары, оның ішінде вебинарлар, финтех курстар, семинарлар мен шеберлік сыныптары *[толығырақ жылдық есептің «тұрақты даму» бөлімінен қараңыз].*

АХҚО реттеуші құм алаңы

Қаржы нарығында инновацияларды дамыту мен енгізуді қолдау мақсатында АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті 2018 жылғы қаңтарда финтех компанияларға арнайы нормативтік талаптары бар арнайы реттеуші база шеңберінде инновациялық қаржы өнімдері мен қызметтерін тестілеуге және әзірлеуге мүмкіндік беретін өңірдегі алғашқы ФинТех Лаб атты реттеуші құм¹³ алаңын іске қосты. ФинТех Лаб қатысушылары жаңа бизнес-модельдер мен инновациялық қаржылық қызметтерге қатысты осы қағидалар мен талаптарды пайдалану бойынша реттеушіден кеңес ала алады¹⁴. ФинТех Лабтың үш жылдық тиімді жұмысын қаржы саласындағы бүкіл әлемнің новаторлары тарапынан құм алаңына деген үлкен қызығушылығы дәлелдейді.

2020 жылдың аяғында инновациялық қаржылық қызметтердің 7 түрін ұсынатын 11 юрисдикциядан

34

финтех компания ФинТех Лаб-қа тіркелді

АХҚО Финтех хабы

ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ (ДЭФ) ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ОРТАЛЫҒЫ

- Мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды қолдау
- Төртінші өнеркәсіптік революцияның үлестес орталығы (ДЭФ)

ВЕНЧУРЛІК КАПИТАЛДЫ ҚОЛДАУ

- Краудфандинг платформасы (Venture Rocket Eurasia)
- Венчурлік капитал жөнінде нұсқаулық
- Мектеп және венчурлық капитал қоғамдастығы

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫ

- Жергілікті деңгейде жаһандық тәжірибе мен түсінуге арналған талдамалық орталық
- Талдама және есептілік

ЭКОЖҮЙЕ ЖОБАЛАРЫ

- ВІ Краудинвестинг
- Кеңес беру

КОРПОРАТИВТІК ИННОВАЦИЯЛАР

- CorpUp Boot Camp
- CorpUp акселераторы

СТАРТАПТАР

- Финтех мектеп
- Халықаралық бағдарламалар (VISA-мен бірге)



АХҚО Финтех хабы қаржы технологиялары нарығын дамыту үшін қолайлы жағдайлар мен жоғары сыныпты инфрақұрылым жасайды. Хаб бес стратегиялық бағыты бар кешенді экожүйені құрайды, олар: стартаптарды қолдау, инвестициялар тартуға көмек көрсету, таланттарды дамыту, корпорацияларда финтех шешімдерді енгізу, сондай-ақ 2020 жылы құрылған Қаржылық технологиялар жөніндегі құзыреттер орталығы. Орталық бүкіл әлем бойынша озық цифрлық технологияларды Қазақстанда енгізу және оларды одан әрі бүкіл Орталық Азияға тарату мақсатында оларды қадағалай және талдай отырып, талдау орталығы ретінде әрекет етеді.

дегі құзыреттер орталығы. Орталық бүкіл әлем бойынша озық цифрлық технологияларды Қазақстанда енгізу және оларды одан әрі бүкіл Орталық Азияға тарату мақсатында оларды қадағалай және талдай отырып, талдау орталығы ретінде әрекет етеді.

СЕРІКТЕСТІКТЕР

АХҚО жаһандық деңгейде өзінің қатысымын кеңейту бойынша үнемі жұмыс істейді, 2020 жылдың соңына қарай орталық осы саланың түрлі секторларында 50-ден астам серіктестік шарт жасасты. АХҚО жаһандық реттеушілер мен бизнес көшбасшылары арасында блокчейн технологиясы саласын тану мен түсінуді арттыру үшін 50-ден астам елдің инновациялық ұйымдары мен пікір көшбасшыларын біріктіретін блокчейн технологиясы экожүйесінің жетекші салалық қауымдастығы Блокчейн жөніндегі жаһандық бизнес кеңестің (GBBC) патрон мүшесі атанды.

Bitfury Group, Forbes нұсқасы бойынша ең инновациялық 50 финтех компанияның бірі, АХҚО қатысушысы болып табылады. Компания Қазақстанда дата-орталықтар ашты.

2021 жылға және орта мерзімді келешекке арналған болжам

АХҚО қаржы технологияларының экожүйесін одан әрі дамыту үшін мынадай позицияларға қол жеткізуге бағытталған іс-қимылдар қабылданатын болады:

- 01.** АХҚО Финтех хабы өңірде саланы дамыту бойынша жетекші хаб ретінде.
- 02.** АХҚО юрисдикциясы мәмілелерді құрылымдау және венчурлік инвестицияларды тарту бойынша негізгі платформа ретінде.
- 03.** АХҚО-ны құзыреттердің, зерттеулер мен әзірлемелердің, инновациялардың өңірдегі жетекші орталығы ретінде тану.
- 04.** Финтех Лаб қатысушылары жүйелерінің осалдықтарын тестілеу бойынша ұсынымдар әзірлеу.
- 05.** Финтех Лаб қатысушыларын бақылау бойынша нұсқаулық әзірлеу.
- 06.** Қадағалау рәсімдерін және кейінгі өтінімдерді автоматтандыру.

ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ

Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) АХҚО құрылымы аясында 2018 жылдың маусым айында құрылды, ал 2019 жылдың желтоқсан айында жеке заңды тұлға (АХҚО еншілес компаниясы) ретінде өз қызметін бастады. 2020 жылдың шілдесінде Еуразиялық Даму Банкі ЖҚО-ның екінші акционері болды. ЖҚО-ның негізгі мақсаты — тұрақты қаржыландыру құралдарын енгізу мен дамыту және Қазақстан мен Орталық Азияда экологиялық және әлеуметтік жобаларға инвестициялар тарту.

ЖҚО қызметінің негізгі бағыттары:

- Жасыл және әлеуметтік қаржыландыру құралдарын енгізу.
- Жасыл қаржыландыру/инвестициялау үшін қолайлы жағдайлар жасау.
- Жасыл қаржыландыру және орнықты даму саласындағы әлеуетті арттыру.
- Жасыл қаржыландыру нарығына қатысушыларды көтермелеу және қолдау.
- Жасыл нарықты (өнімдер, қаржы, білім) дамыту.

ЖҚО-ның жасыл қаржыландыру, орнықты даму саласында қызметтер көрсетуге, сондай-ақ жасыл қаржыландыру, агенттік және заң қызметтері саласындағы жобаларды қолдауға, зерттеуге және мониторинг жүргізуге лицензиясы бар.

Нарықтың жетілуі жеткіліксіз болуына байланысты ЖҚО Орталық Азиядағы даму институтының рөлін атқарады және жасыл облигациялардың әлеуетті эмитенттерін, инвесторлар мен кәсіби қызметтерді жеткізушілерді қоса алғанда, нарық қатысушыларына толық қолдау көрсетеді.

Бір жыл бұрын ЖҚО 2021 жылдың соңына дейін әрекет ететін **Жасыл облигациялар эмитенттерінің сыртқы шолуға кеткен шығыстарын өтеу бағдарламасын** іске қосты. Сонымен қатар, ЖҚО қол қойылған келісімдер мен тығыз серіктестік аясында эмитенттердің қаржы және заң кеңесшілеріне кететін шығындарын азайтуға көмектеседі.

ЖҚО Қазақстан мен өңірдегі жасыл қаржыландырудың даму үрдісін анықтайтын талдау орталығы және институты болып табылады, сондай-ақ реттеуші актілер мен қағидаларды әзірлеуге және қабылдауға қатысады. ЖҚО мемлекеттік органдар мен ұйымдарға, ұлттық компанияларға, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарға, сондай-ақ шағын және орта бизнеске стратегиялық және бизнес-кеңес береді. Әлеуетті эмитенттер үшін де, инвесторлар үшін де әлеуетті арттыру орталықтың басты мақсаттарының бірі болып табылады.



2020 жылдың басты оқиғалары

01.	Жасыл облигацияларды шығару жөніндегі нұсқаулықты және жасыл облигациялар шығарылымдарының жасыл облигациялар қағидаттарына сәйкестігіне сыртқы шолуды дайындау әдіснамасын әзірлеу.	07.	Новосібір мемлекеттік университетімен, Еуразиялық Даму Банкімен және ФинТех хабпен бірлесіп, ең үздік инвестициялық жобалардың бестігіне кіретін Алматы қаласы үшін экологиялық оператор құру жобасы іске қосылды.
02.	Жасыл облигациялар эмитенттерінің сыртқы шолуға кеткен шығыстарын өтеу қағидаларын әзірлеу.	08.	Бизнестің 2025 жылға дейінгі жол картасын қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жасыл облигациялардың купондық мөлшерлемелерін және жасыл кредиттердің пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау тетігі әзірленді.
03.	Эмитенттің жасыл облигациялар саясатына алғашқы тәуелсіз сыртқы шолуды жазу.	09.	28 шарт, өзара түсіністік және серіктестік туралы меморандумдар, келісімдер жасалды.
04.	Жаңартылатын энергия көздері саласындағы шағын жобаларды қаржыландыру үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының АХҚО биржасында алғашқы жасыл облигацияларды шығаруы. ЖҚО бағалы қағаздарды шығару, оның ішінде бірқатар кеңес беру қызметтері мен эмитенттің сыртқы шолуын дайындау, сондай-ақ қаржы кеңесшісімен, реттеушімен және АХҚО биржасымен жұмыс істеу кезінде толық қолдау көрсетті.	10.	ЖҚО сараптамалық қолдауымен Еуразиялық Даму Банкі жаңартылатын энергетика саласындағы жасыл жобаларды 147 млн АҚШ долларынан астам сомаға қаржыландырды және банк операциялары елдерінде (Қазақстан, Ресей, Армения, Беларусь, Қырғызстан және Тәжікстан) портфелін одан әрі ұлғайта отырып, жасыл экономиканы (545 млн АҚШ доллары) қаржыландыру бағдарламасын іске қосты, сондай-ақ АХҚО биржасында 100 млн АҚШ доллары сомасына дебюттік облигацияларды орналастырды.
05.	Жасыл облигациялар нарығын дамыту шеңберінде Азия даму банкі 2020 жылдың төртінші тоқсанында Қазақстан қор биржасында жасыл облигациялар шығарды.	11.	Еуразиялық экономикалық одақпен АХҚО алаңында оның институттарын құру және оқшаулау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.
06.	Жасыл қаржыландыру саласындағы тұжырымдамалық құжаттарды заңнамалық деңгейде біріздендіру; ҚР жаңа Экологиялық кодексінде жасыл қаржыландыру, жасыл жобалар, жасыл жобалар мен жасыл кредиттер, жасыл облигациялар таксономиялары анықтамалары көрсетілді.	12.	Қазақстанның жасыл жобаларының таксономиясы әзірленді.

Жасыл қаржы орталығы ұсынатын қызметтер

ЖҚО нарықтың дамуын қолдау үшін коммерциялық қызметтерді, сондай-ақ тұрақты облигацияларға сыртқы шолу қызметтерін ұсынады.

ЖАСЫЛ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНА ЖЕТЕКШІЛІК ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІК ҚЫЗМЕТТЕР	АГЕНТТІК КЕЛІСІМДЕР НЕГІЗІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ФАНДРАЙЗИНГІ	ШАРТТЫҚ НЕГІЗДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ	БАСШЫЛЫҚ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ ҚОРЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТARTУ БОЙЫНША КОНСАЛТИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕР
ЖАСЫЛ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ЭМИТЕНТТЕРІ ҮШІН СЫРТҚЫ ШОЛУЛАР МЕН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ	ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУ, ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ҚҰРАЛДАРЫ БОЙЫНША ТҰЖЫРЫМДАМАЛАР, СТРАТЕГИЯЛАР, САЯСАТТАР МЕН ЕСЕПТЕР ӘЗІРЛЕУ	ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІККЕ ЫҚПАЛ ЕТУ	ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР МЕН «ЖАСЫЛ МАРКЕТПЛЕЙСТІ» БІРЛЕСІП ӘЗІРЛЕУ

Green Technology Hub

Green Technology Hub АХҚО қатысушысы ретінде тіркелген, Жасыл қаржы орталығының еншілес компаниясы болып табылады, оның мақсаты — инновациялық стартаптар алаңын құру және Беларусь, Ресей, Украина, Балтық жағалауы елдерінен жергілікті және халықаралық нарықтар үшін өз жобаларын бастапқы қаржыландыру/қаржыландыру (pre — seed/seed) сатысында іске асырып жатқан IT-саласының жоғары сыныпты менеджерлері мен әзірлеушілерінен тұратын болашағы зор командаларын Қазақстанға аудару (толығырақ «Тұрақты даму» бөлімінен қараңыз).

БИЗНЕС-КЛУБ

Бизнес-клубқа кірудің төмен шегі мен тез дамушы бизнес-акселераторға инвестиция салу мүмкіндігінің үйлесімі бүкіл әлемнің 100-ден астам кәсіпкері мен бизнес-періштесін.

GREEN TECHNOLOGY HUB

Барлық жобалар инвестицияларды тарту және өз өнімдерін нарыққа шығару мақсатында белсенді дайындық үстінде.

ЕАЭО-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АКСЕЛЕРАТОРЫ

Беларусьтегі Green Technology Hub өкілдігі стартаптарды іріктейді, іріктелген жобаларды кешенді түрде дамытады және оларды Қазақстанға қоныс аударуға дайындайды.

СТАРТАП-КОНФЕРЕНЦИЯ

B2B халықаралық конференциясы жылына бір рет Green Technology Hub-ты насихаттау, жаңа жобалар мен бизнес-клуб мүшелерін тарту, сондай-ақ Қазақстан ұсынатын экономикалық мүмкіндіктерді көрсету мақсатында өткізіледі.



Жасыл қаржы орталығының серіктестері



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАНЫЛУ ЖӘНЕ ЖАЙҒАСЫМ

АХҚО жасыл қаржы бойынша жаһандық бастамалар қатысушысы

- Қаржы орталықтарының орнықты даму жөніндегі халықаралық желісі (FC4S).
- Азиялық қаржылық ынтымақтастық қауымдастығының Жасыл қаржы комитеті.
- ESCAP Тұрақты бизнес желісінің Экологиялық бизнес жөніндегі жұмыс тобы.
- Жасыл қаржы жаһандық индексі (GGFI).

ЖҚО келесі құжаттарды әзірлеуге қатысқан жұмыс топтарының мүшесі болып табылады:

- Қазақстанның жаңа Экологиялық кодексі.
- Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі төмен көміртекті даму стратегиясы.
- Нұр-Сұлтан қаласының төмен көміртекті даму стратегиясы.

Жасыл қаржы жаһандық индексіне сәйкес ЖҚО әлемде

57^{ші}

және Орталық Азия мен Шығыс Еуропа өңірінде 1-ші орын алады¹⁵

2021 жылға және орта мерзімді келешекке арналған болжам

ЖҚО-ны одан әрі дамыту үшін келесі қадамдар жоспарланған:

01. АХҚО биржасы арқылы Қазақстан мен Орталық Азиядағы экологиялық жобаларға шетелдік инвестициялар ағынын жандандыру.
02. Реттеуші базаны одан әрі жетілдіру және заңнамалық стандарттарды енгізу.
03. Өңірлік мұқтаждықтар үшін жаңа жасыл және әлеуметтік қаржы құралдарын енгізу.
04. Жасыл қаржыландыру саласындағы сарапшылар санын ұлғайту.
05. Қазақстанның орнықты өсу және Жасыл қаржы жаһандық индексіне жасыл қаржыландыру салаларындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
06. Инновациялық экожүйелердегі, жасыл қаржыдағы және жасыл технологиялардағы әзірлемелерді одан әрі қолдау.
07. Қолайлы ортаны одан әрі құру және жоғары білікті кадрларды көбейту.
08. Өңірде жасыл қаржыландыру орталығына айналу.

АХҚО-НЫҢ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БИЗНЕС ХАБЫ

Исламдық қаржы индустриясын дамытудың маңыздылығын ескере отырып, АХҚО исламдық қаржы институттарының бөлшек және корпоративтік секторларда жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасады. Халықаралық ұйымдардың¹⁶ қолдауымен озық исламдық қаржы стандарттары мен тәжірибелеріне сәйкес қолайлы құқықтық және реттеуші база құрылды, бұл АХҚО-ға исламдық банктерге, исламдық қаржы компанияларына, активтерді басқару жөніндегі исламдық компанияларға, исламдық брокерлік-дилерлік компанияларға, исламдық сақтандыру компанияларына (такафул және ретакафул) қатысуға мүмкіндік берді.

Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамытудың 2025 жылға дейінгі Бас жоспары (Жол картасы) Ислам даму банкінің (ИДБ) техникалық жәрдемдесуімен (грант) әзірленді және исламдық банкингті, исламдық капитал нарықтарын, такафул мен ретакафулды, исламдық банктік емес секторды, исламдық әлеуметтік қаржыландыруды, исламдық қаржылық технологияларды және халал¹⁷ секторын қоса алғанда, саланың әртүрлі секторларын дамыту жөніндегі ұсынымдарды қамтиды.

Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі консультативтік кеңес АХҚО юрисдикциясына реттеу және бизнес-экожүйелер саласындағы жоғары халықаралық стандарттарды қолдауға ықпал етеді. Кеңес құрамына исламдық қаржы саласындағы бірінші дәрежелі және халықаралық сарапшылар кіреді.

2020

Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамытудың 2025 жылға дейінгі Бас жоспары (Жол картасы)

Ислам даму банкінің консультанты дайындаған Қазақстан Республикасында исламдық қаржыны дамыту жөніндегі ұсынымдар.

Корпоративтік табыс салығын және қосылған құн салығын төлеуден босату туралы бірлескен бұйрық

Исламдық банктік, банктік емес және исламдық сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары үшін салық жеңілдіктерін ұсынады.

2019

Исламдық сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын пруденциялық реттеу актісі

Исламдық сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары үшін нормативтік талаптарды айқындайды.

2018

Исламдық қаржы институттарына арналған нұсқаулық

Исламдық қаржы институттары үшін әртүрлі нормативтік талаптар мен өлшемшарттарға қатысты нақты нұсқаулықты ұсынады.

2017

Исламдық банк қызметтерін пруденциялық реттеу жөніндегі акт

Исламдық қаржы институттары, оның ішінде исламдық банктер үшін нормативтік талаптарды айқындайды.

Исламдық қаржы жөніндегі акт

Исламдық қаржы институттары реттейтін саясаттың негізгі мәселелерін айқындайды.

Компанияларды АХҚО алаңына тарту үшін 2023 жылғы қарашаға дейін исламдық қаржы институттарының жарғылық капиталына қойылатын ең төменгі талаптар төмендетілді. Қаржы министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі және АХҚО исламдық банк мекемелерін, исламдық банктік емес мекемелерді, сондай-ақ такафул және ретакафул компанияларын қоса алғанда, лицензияланған қаржы қызметтерін көрсетушілерді корпоративтік КТС және ҚҚС төлеуден босату туралы бірлескен бұйрық қабылдады.

АХҚО юрисдикциясында Ұлыбритания, Швейцария, АҚШ, Малайзия, Бахрейн, Қатар, Мысыр, Ресей, Қазақстан және т.б. елдерден исламдық қаржыландыру қызметтерін ұсынатын шамамен 40 компания тіркелген.

Стратегиялық даму мақсаттары мен бағыттары



Халықаралық деңгейде танылу және жайғасым

Қазақстан Thomson Reuters және DinarStandard 2017 есебінде ТМД елдері арасында **исламдық қаржы саласында**

1 ОРЫН
алды

Қазақстан 2020-2021 жылдарға арналған Исламдық қаржы жөніндегі жаһандық есептің (GIFR) **Исламдық қаржы жөніндегі елдік индексі**нде

14 ОРЫН
алды

Қазақстан Исламдық финтех бойынша жаһандық есептің 2021 жылғы **Исламдық қаржы технологияларының жаһандық рейтингінде**

27 ОРЫН
алды

2020 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

01. Ислам даму банкінің мен Катар Халықаралық Ислам Банкінің исламдық бағалы қағаздары (сукук) АХҚО биржасының ресми тізіміне енгізілді:

Тұрақты Сукук	Жасыл Сукук	Сукук	Сукук
\$1,5 млрд	€1 млрд	\$2 млрд	\$500 млн

02. 2020 жылдың ақпан айында АХҚО-да Al Rayan Investment (Қатар) еншілес компаниясы «Al Rayan Bank» исламдық банкі тіркелді.

03. 2020 жылдың желтоқсан айында «Al Saqr Islamic Bank» (Қазақстан) ислам банкі АХҚО-да тіркеліп, 2021 жылдың наурыз айында лицензия алды.

04. 2020 жылғы шілдеде Astana Finance Days аясында АХҚО-ның Исламдық қаржы жөніндегі конференциясы кезінде жергілікті және халықаралық жетекші сарапшылар тарапынан талқылаудың негізгі тақырыптары исламдық қаржыны дамыту, исламдық қаржыдағы цифрлық платформалар мен финтех-шешімдерді пайдалану артықшылықтары және адами капиталды дамыту болды. Конференцияға 1800-ден астам адам қатысты. Жергілікті және халықаралық серіктестердің қолдауымен АХҚО сала, оның маңыздылығы мен негізгі артықшылықтары туралы хабардар болуды арттыру мақсатында ислам қаржысы жөнінде іс-шаралар, семинарлар мен практикумдар ұйымдастырды.

АХҚО-ДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Шетелдік исламдық қаржы институттарының филиалдары, өкілдіктері және исламдық «тере-зелері» (филиалдар түрінде)

Исламдық қаржы саласында консалтингтік және заң қызметтерін ұсынатын компаниялар

Исламдық банктер



Исламдық банктік емес компаниялар

Исламдық брокерлер, дилерлер және активтерді басқарушы компаниялар

Такафул және ретакафул операторлары (исламдық сақтандыру және қайта сақтандыру)

2021 жылға арналған жоспарлар

- Исламдық қаржыландыру қызметтерін ұсынатын компанияларды тарту және тіркеу. 2021 жылдың басында АХҚО мен БАӨ серіктестері арасында АХҚО-да толыққанды Исламдық цифрлық банк құру бойынша ынтымақтастыққа бағытталған Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.
- АХҚО биржасында корпоративтік сукук шығару.
- ИЫҰ 2017 саммиті барысында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастамашылық еткен ИДБ Қорының ғылым, технологиялар және инновациялар жөніндегі саммитін ұйымдастыру.
- Азия даму банкінің техникалық қолдауымен «Инклюзивті өсуге арналған исламдық қаржыландыру» жобасы шеңберінде
- Қазақстанның мемлекеттік органдары мен саланың негізгі қатысушылары үшін үш тілде (ағылшын, орыс, араб) адами капиталды дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша ықпал ету.
- Еуразия ұлттық университеті жанынан Катардағы серіктестермен бірлесіп исламдық экономика білім беру орталығын құру.



05.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ұзақ мерзімді келешекте табысқа жету үшін корпоративтік басқаруды жетілдірудің және үздік практикаларға сәйкес келудің маңыздылығын назарға ала отырып, АХҚО корпоративтік басқару жүйесін нығайту бойынша бірқатар шаралар қабылдады. 2020 жылы АХҚО Этика кодексі және АХҚО органдары мен олардың ұйымдарына арналған корпоративтік басқару қағидаттары қабылданды.

АХҚО корпоративтік басқару жүйесі Қазақстанға халықаралық деңгейдегі басқарудың стандарттары мен практикасын енгізе отырып, ұйымның өзінде ғана емес, одан тыс жерлерде де корпоративтік басқару деңгейін арттыруды өзінің мақсаты етіп қояды. Корпоративтік басқару қағидаттарын әзірлеу және оларды АХҚО органдары мен олардың ұйымдарына, АХҚО серіктестері мен қатысушыларына одан әрі енгізу жүйені жетілдіру шеңберіндегі қызметтің түйінді бағытына айналады.

АХҚО-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

АХҚО-ның корпоративтік басқару қағидаттары ұзақ мерзімді келешекте бизнестің орнықты дамуына ықпал етуге бағытталған аса маңызды 13 қағидаттан тұрады.

01. Компанияларды директорлардың тиімді кеңесі басқарады, оның басты мақсаты компанияның ұзақ мерзімді өсуіне және табысқа жетуіне, компания акционерлері үшін оның табыстылығына қол жеткізуге және оның құнын арттыруға, Қазақстанда компания қызметін жүзеге асырған жағдайда, бүкіл елдің орнықты экономикалық дамуына үлес қосуға ықпал ету болып табылады.

02. Компанияларды тиімді және дұрыс басқаруға жауапты директорлар кеңесі басқарады.

03. Директорлар кеңесі компанияның миссиясын, мақсатын, құндылықтары мен стратегиясын анықтайды және оның мәдениетіне сәйкес келетіндігін растайды.

04. Директорлар кеңесі компаниядағы этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттарын белгілейді, ал оның мүшелері оларға қатаң сәйкес келуі керек. Компания басшылығы компания ішінде жаппай осы стандарттарды ұстануға жауапты болып табылады.

05. Директорлар кеңесі атқарушы емес директорлар мен атқарушы басшылық арасындағы міндеттердің нақты бөлінуін қамтамасыз етеді, ешқандай тұлғаның жеке шешім қабылдауы бойынша шексіз өкілеттіктері жоқ.

06. Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің саны бойынша орынды болып табылады, тиісті дәрежеде жеткілікті білім мен құзыретке ие болады, бірақ сонымен бірге үйлесімділік, икемділік және тартымдылық өлшем-шарттарына жауап береді. «Директорлар кеңесі мүшелерінің оңтайлы саны 8-12 адамды құрайды. Егер мүшелер саны 12 адамнан асса, бірқатар психологиялық факторлар пайда болуы, атап айтқанда, зейіннің, назар аударудың болмауы, күрделі мәселелерді, әртүрлі деструктивті тұлғааралық, мінез-құлықтық қатынастарды жеңе алмау мүмкін¹⁸.

07. Директорлар кеңесі мен оның комитеттері компания қызметі туралы дағдылардың, тәжірибенің, тәуелсіздіктің және білімнің тиісті теңгеріміне, сондай-ақ қажетті ресурстарға ие, оның ішінде қажеттілігіне қарай сараптамаға және компанияның қызметіне қатысты уақтылы және жан-жақты ақпаратқа қол жеткізе алады.

08. Директорлар кеңесі тәуекелдер мен есептілікке қойылатын талаптардың тиімді ішкі бақылауының болуын қамтамасыз ете отырып, қаржылық және басқа да есептердің компанияның қаржылық жағдайы мен келешегін дұрыс, теңдестірілген¹⁹ және қолжетімді бағалауын білдіретініне кепілдік береді.

09. Директорлар кеңесі өзінің стратегиялық міндеттеріне қол жеткізу үшін қабылдауға дайын компанияның тәуекел дәрежесін анықтауға жауапты.

10. Директорлар кеңесі компанияда тәуекелдерді басқарудың, ішкі бақылау мен комплаенстің тиімді, ұйымдастырылған және дұрыс интеграцияланған жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

11. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің, оның комитеттері мен директорларының қызметіне жыл сайын қатаң бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің жыл сайынғы бағалауы оның құрамы мен тиімділігін бағалауды қамтуы тиіс. Директорларды жеке бағалау олардың кеңес пен оның комитеттерінің жұмысына қосқан үлесін айқындауы керек.

12. Директорлар кеңесінің директорлар мен басшыларға сыйақы беруге қатысты саясатты әзірлеуінің ашық рәсімі бар. Ешбір директор өзінің сыйақысы туралы шешім қабылдауға қатыспауы керек.

13. Директорлар кеңесі сыйақылар жөніндегі саясат компанияның стратегиялық мақсаттарының аясында дамуын қолдау үшін әзірленгенін және компанияның ұзақ мерзімді мүдделеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

АХҚО БАСҚАРУШЫ



АХҚО ҰЙЫМДАРЫ



АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес — Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын және АХҚО-ның жоғары басқару органы болып табылатын тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган. Кеңес АХҚО-ны дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайды және АХҚО-ны жетекші халықаралық қаржы орталығы ретінде жайғастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді. Кеңестің өкілеттіктеріне АХҚО актілерін қабылдау, орталық органдарының құрылымын, АХҚО сотының құрамын және Халықаралық төрелік орталығын қалыптастыру негіздерін айқындау және АХҚО қызметі туралы жылдық есепті бекіту кіреді.

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңестің мүшелері

Нұрсұлтан Назарбаев

ҚҰРМЕТТІ ТӨРАҒА

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы

Қасым-Жомарт Тоқаев

ТӨРАҒА

Қазақстан Республикасының Президенті

Асқар Мамин

ТӨРАҒАНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Сэр Сума Чакрабарти

ТӨРАҒАНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің Экономикалық даму жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңес Төрағасының орынбасары, ЕҚДБ-ның бұрынғы Президенті

Ерұлан Жамаубаев

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Әсет Ерғалиев

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Ерболат Досаев

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы

Қайрат Келімбетов

«Астана» халықаралық қаржы орталығының Басқарушысы

Доктор Джейкоб Френкель

Group Of Thirty (G30) Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және JPMorgan Chase International бұрынғы төрағасы

**Доктор М.Х. Бандар Хаджар**Ислам даму банкі
Тобының Президенті**Джули Монако**

Үкіметтер мен мемлекеттік сектордың жаһандық блогының басшысы, Инвестициялық және корпоративтік банкі, CITI

Герман Греф

Сбербанк ЖАҚ-ның Президенті, Басқарма төрағасы

Аркадий Волож

Яндекс компаниялары тобының тең құрылтайшысы және бас директоры

Басшылық — АХҚО органдары және олардың ұйымдары, сондай-ақ консультативтік кеңестері**Қайрат Келімбетов**

«Астана» халықаралық қаржы орталығының

БАСҚАРУШЫСЫ**Ернұр Рысмағамбетов**

АХҚО әкімшілігінің

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ**Лорд Манс**

АХҚО сотының

ТӨРАҒАСЫ**Барбара Доманн, QC**

Халықаралық төрелік орталығының (ХТО)

ТӨРАЙИМЫ**Кристофер Кэмпбелл-Холт**

АХҚО соты және ХТО

ТІРКЕУШІСІ ЖӘНЕ АППАРАТ БАСШЫСЫ**Профессор Александр Ван де Путт**

АХҚО-ның корпоративтік басқару және басшылық жөніндегі басшысы, АХҚО-ның стратегиялық даму мәселелері жөніндегі

БАСШЫСЫ**Марк Хольцман**

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**Мұхтар Бөбеев**

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің

БАС ДИРЕКТОРЫ**Тимоти Беннетт**

АХҚО биржасының

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**Ренат Бектұров**

АХҚО биржасының

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ**Жаслан Мәдиев**

АХҚО Business Connect

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**Джеймс Мартин**

АХҚО Business Connect

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТЕҢ ТӨРАҒАСЫ, АХҚО-НЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫСЫ**Темірлан Мұханбетжанов**

АХҚО Business Connect

БАС ДИРЕКТОРЫ**Қайрат Әйтекенов**

АХҚО Жасыл қаржы орталығының

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**Айдар Қазыбаев**

АХҚО Жасыл қаржы орталығының

БАС ДИРЕКТОРЫ**Шон Кидни**

АХҚО жанындағы Жасыл қаржы консультативтік кеңесінің

ТӨРАҒАСЫ**Қайрат Қалиев**

АХҚО Финтех хабы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**Павел Коктышев**

АХҚО Финтех хабының

БАС ДИРЕКТОРЫ**Айнұр Жұматова**

АХҚО Экспат-орталығының

БАСШЫСЫ

**Дэвид Галло**

ҮҚДБ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, АХҚО ҚҰҚЫҚ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ**Майкл Блэр, QC**

АХҚО-ның Құқықтық консультативтік кеңесінің

ТӨРАҒАСЫ**Эльмира Обри**

АХҚО Үзіліссіз кәсіби даму бюросы

БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ М.А.**Крис Кенни**

АХҚО-ның Заң қызметін құқықтық реттеу мәселелері жөніндегі консультативтік тобының

ТӨРАҒАСЫ**Датук Доктор Мохд Дауд Бакар**

АХҚО жанындағы Исламдық қаржыландыру қағидаты жөніндегі орталық кеңесінің

ТӨРАҒАСЫ**Марк Бир, OBE**

АХҚО жанындағы Заң технологияларын дамыту жөніндегі консультативтік кеңестің

ТӨРАҒАСЫ**АХҚО-да корпоративтік басқаруды енгізу**

Инвесторлардың корпоративтік басқару қағидаттарын сақтауы және орнықты дамуды нығайтуы мәселелерінде озық әдістерді енгізу аясында АХҚО-ның TheCityUK британдық қаржы институтының қолдауымен АХҚО-ның әлемдік нарықтарда табысты ілгерілеуіне ықпал етуі үшін Қазақстан Республикасының Корпоративтік басқару кодексін²⁰ әзірлеу бойынша ұсыныстар бар есеп дайындады. АХҚО-ның корпоративтік жүйелі басқару қағидаттарын ұстануы жаңандық инвесторлар мен компаниялар үшін АХҚО тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Корпоративтік басқарудың озық стандарттарына сәйкес болу мақсатында 2019 жылдың шілдесінде АХҚО Ұлыбритания үкіметі мен TheCityUK-дің қаржылық қолдауымен өз қағидаттарын әзірлеуді бастады. Осылайша, профессор Александр Ван де Путтың басшылығымен, сондай-ақ Дипломды басқару институтының бұрынғы бас директоры Саймон Осборнның FCG көмегімен 2021 жылғы наурызда АХҚО Корпоративтік басқару қағидаттары мен оны қолдануға басшылық қабылданды. Бұл Қағидат-

тар ерікті және компанияларды басқару жөніндегі кеңестердің және жекелеген директорлардың мүмкіндіктерін, көзқарастарын кеңейтуге арналған, сондай-ақ компаниялардың Қазақстандағы тұрақты ұзақ мерзімді жетістігіне ықпал етеді. Халықаралық команданың бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде пайда болған АХҚО Корпоративтік басқару қағидаттарын АХҚО Басқарушысы мен АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес оларды кейіннен АХҚО әкімшілігі мен еншілес ұйымдары қабылдауы үшін бекітті.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ДАМУТҮ САЛАСЫНДАҒЫ KEЙІНГІ ҚАДАМДАР

01.

Үздік стандарттар мен тәжірибеге сәйкес бүкіл Қазақстанда корпоративтік басқаруды дамыту мақсатында АХҚО-дан тыс жерлерде корпоративтік басқаруды енгізу.

02.

Үзіліссіз кәсіби даму бюросының алаңы арқылы корпоративтік басқару саласындағы білімді кеңейтуге, оның ішінде CGI біліктілік бағдарламасына, корпоративтік басқаруды сертификаттау бағдарламасына және корпоративтік хатшыларды сертификаттаудың мамандандырылған бағдарламасына дайындалуға баса назар аудару керек.

03.

Директорлар кеңестерінің негізгі саясаттары мен қағидаларының орындалуын мониторингілеу арқылы директорлар кеңестерінің тиімділігін арттыру мақсатында ҮҚДБ алаңында корпоративтік хатшылар форумын ұйымдастыру.

04.

АХҚО-да және қазақстандық компанияларда Корпоративтік басқарудың өзекті мәселелері бойынша тоқсан сайынғы конференцияларды ұйымдастыру.

05.

АХҚО брендінің беделі мен танымалдығын нығайту үшін АХҚО-ның халықаралық конференцияларда корпоративтік басқару саласындағы қызметін ілгерілету.

06.

2021 жылғы шілдеде Ұлыбританиядағы Корпоративтік басқару жөніндегі форум (The Governance Forum) жариялайтын тақырыптық кітапқа АХҚО-дағы және Қазақстандағы корпоративтік басқару туралы бөлімді дайындау.

07.

АХҚО-да ағымдағы жылдың соңында АХҚО Басқарушысы Қ. Келімбетовтің, профессор Ван де Путтың және директорлар кеңестерінің қызметін бағалау жөніндегі сарапшы Саймон Осборнның бірлескен авторлығымен дайындалатын АХҚО-да корпоративтік басқару жүйесін дамыту туралы кітапты жариялау.

2020 жылдың соңында АХҚО Үзіліссіз кәсіби даму бюросы жанынан АХҚО Корпоративтік басқару институты құрылды. Институт АХҚО Корпоративтік басқару қағидаттарын ілгерілетумен және қолдаумен айналысады, сондай-ақ АХҚО қоғамдастығы, квазимемлекеттік ұйымдар және Қазақстандағы жеке бизнес үшін тренингтер ұсынады. АХҚО Корпоративтік басқару институты жанынан құрылған жұмыс тобы АХҚО әкімшілігінің және еншілес ұйымдарының корпоративтік хатшыларымен олардың қызметінде қағидаттардың қолданылуын айқындау үшін жұмыс жүргізуде. Осы бағыттағы жұмысты 2021 жылдың шілде айының ортасында аяқтау жоспарлануда.

Үзіліссіз кәсіби даму бюросы Дипломды басқару институтының (CGI) ресми оқу серіктесі болып табылады және Chartered Governance Professional кәсіби біліктілігін және CGI стипендиясын ұсынады. 2021 жылы CGI біліктілік бағдарламасының екі модулі Қазақстан мен Орталық Азиядағы тәжірибелі заңгерлер мен дипломды бухгалтерлерге ұсынылады. Осы уақытқа дейін ҮҚДБ-да бес оқу бағдарламасы өткізілді, сондай-ақ 2021 жылға арналған қосымша бағдарламалар, оның ішінде корпоративтік басқару бойынша сертификаттау бағдарламасы (АХҚО Құқық академиясымен серіктестікте) жоспарланған.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

АХҚО корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті ретінде тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын түсінеді. Тәуекелдерді басқаруға жауапты АХҚО әкімшілігі тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізді және тәуекелдерді басқарудың²¹ халықаралық танылған стандарттына сәйкес (COSO Enterprise Risk Management және ISO 31000: 2018 Risk Management) тәуекелдерді

басқару процесін реттейтін тиісті ішкі құжаттарды бекітті. Тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмысына жауапкершілік АХҚО-ның әрбір ұйымының директорлар кеңесіне жүктеледі. Директорлар кеңестері тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға, комплаенс-бақылауды қамтамасыз етуге және тәуекел дәрежесінің қолайлы шекараларын анықтауға жауапты болады²².

Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы

АХҚО ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІ ІШКІ ҚҰЖАТТАРДЫ БАСШЫЛЫҚҚА АЛАДЫ:


01

Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді басқару процесінің қағидаттарын анықтауды, тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерін сипаттауды және мүдделі тараптардың рөлдері мен міндеттерін айқындауды қамтиды.

02

Тәуекелдерді басқару рәсімдері тәуекелдерді басқару процестерінің сипаттамасын және тәуекелдерді басқару процесіне қатысатын негізгі құралдарды анықтауды қамтиды.

АХҚО-НЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ



ІШКІ АУДИТ ПРОЦЕСІ

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) АХҚО әкімшілігі Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне есеп береді. ІАҚ қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АХҚО әкімшілігінің ішкі құжаттарымен және Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарымен реттеледі.

ІАҚ Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке АХҚО-ны, еншілес компанияларды тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді қолдану арқылы тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін тәуелсіз және дұрыс ақпарат беруге бағытталған.

ІАҚ жылдық аудит жоспарына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру үшін мынадай міндеттерді орындайды:

- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқаруға қолданылатын құралдардың сенімділігі мен тиімділігін бағалау.
- Ресурстарды қолдану өнімділігі мен нәтижелілігін бағалау.
- Қызмет нәтижелерінің белгіленген мақсаттарға, міндеттерге және жоспарларға сәйкестігін бағалау.
- АХҚО-ның тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігіне мониторинг жүргізу және бағалау.

- АХҚО талаптарына сәйкес корпоративтік басқарумен, тәуекелдерді басқарумен және бақылаумен байланысты консультациялық қызметтер.

ІАҚ аудит нәтижелерін АХҚО қызметін жақсарту бойынша ұсынымдарды әзірлеу үшін қолданады, сондай-ақ өз ұсынымдарын орындау бойынша шаралардың әзірленуін және орындалуын үнемі қадағалап отырады және бақылайды. Халықаралық стандарттарға сәйкестік және ішкі аудиттің тиісті сапасын қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ өз біліктілігін осы саладағы халықаралық сертификаттармен, мысалы, Дипломды сертификатталған бухгалтерлер қауымдастығының дипломдарымен растайды.



ЭТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

ІСКЕРЛІК ЭТИКА

АХҚО АХҚО-ның Этика кодексінде²³ жазылған іскерлік этиканың ең жоғары стандарттары мен қағидаттарын ұстанады. Кодекстің халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерге сәйкестігін Ұлыбританияның іскерлік этика институты растады.

Кодекс АХҚО-ның жоғары этикалық стандарттарға сәйкес бизнес жүргізуге бейілділігін көздейді және этикалық шешімдер қабылдау үшін басты ақпарат көзі болып табылады. Кодекс мүдделі тараптар, нарық, қауымдастық және компаниямен өзара қарым-қатынаста этикалық нормалардың сақталуын қарастырады, сондай-ақ АХҚО ұстанатын бизнес жүргізудің құндылықтары мен қағидаттарын анықтайды. Кодекс құпиялылық, мүдделер қайшылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік желілерді пайдалану және жария коммуникациялар сияқты маңызды мәселелерді қозғайды.

Кодекстің ережелері:

- АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңесті, АХҚО сотының төрағасын, судьяларын, тіркеушісін, сондай-ақ Халықаралық төрелік орталығының төрағасын, төрешілерін және тіркеушісін қоспағанда, АХҚО органдарына;
- АХҚО Этика кодексіне сәйкес келетін меншікті Тәртіп кодексін қабылдаған АХҚО биржасын қоспағанда, АХҚО ұйымдарына қолданылады.

АХҚО-ның негізгі құндылықтары және бизнесті жүргізу қағидаттары

АХҚО-ның негізгі құндылықтары жұмыс орнында да, одан тыс жерлерде де АХҚО беделін қорғауға бағытталған дұрыс шешімдер қабылдау процесінде бағдар ретінде қызмет етеді. АХҚО-ның негізгі құндылықтары мен қағидаттары:

ЖАУАПКЕРШІЛІК:

- Біз өз шешімдеріміз бен олардың салдарына, қабылдаған міндеттемелеріміз, әрекеттеріміз бен олардың нәтижелері үшін жауапкершілік қабылдаймыз.

ЖОҒАРЫ МОРАЛЬДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰСТАНУ

- Біздің адалдығымызға, әділдігімізге және ашықтығымызға сенімді болғандықтан бізге сенеді. Біз іскерлік қажеттіліктерімізді және біз жұмыс істейтін барлық адамдардың мүддесін қанағаттандыратын объективті шешімдер қабылдауға міндеттеміз.

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

- Біз көреген болуға тырысамыз және әрқашан өз іс-әрекетімізді бірнеше қадам алға жоспарлаймыз.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

- АХҚО бүкіл қауымдастығының ауқымында тігінен де, көлденеңінен де тиімді әрі нәтижелі қарым-қатынаспен қатар командалық жұмыс айрықша бағаланады.

Этика бағдарламасы

АХҚО өзінің Этика бағдарламасын іске қосты, оның негізгі мақсаттары:

- Мүдделі тараптармен сенімді нығайту: этикалық қағидаттар мен этикалық тәртіпті нақты сақтау барлық мүдделі тараптармен, оның ішінде инвесторлармен, АХҚО қатысушыларымен, қызметкерлермен және қоғамдастықпен сенімді нығайтуға көмектеседі.
- Нарық үшін бағдарды айқындау: этикаға қатысты озық практиканы басшылыққа ала отырып,
- АХҚО органдары және олардың ұйымдары АХҚО-да тіркелген компаниялар мен кеңірек контексте Қазақстанда жұмыс істейтін компанияларға бағдар бола алады.
- Клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру: этикалық қағидаттар қызметкерлерді даулы жағдайларында өзін қалай ұстауға және клиенттермен, яғни АХҚО-да тіркелген және оның артықшылықтарын алатын
- Компаниялармен, сондай-ақ АХҚО экожүйесінің қызметтерін пайдаланатын жеке тұлғалармен қарым-қатынас жасау жолына бағыттайды.
- Қызметкерлердің қанағаттанушылығын арттыру: АХҚО экожүйесіне этикалық тәртіп нормаларын енгізу жұмыс берушінің тартымдылығын арттыруға, сондай-ақ білікті қызметкерлер санын сақтауға ықпал етеді.

2020 ЖЫЛ ІШІНДЕ ЭТИКА БАҒДАРЛАМАСЫН ОРЫНДАУ ШЕҢБЕРІНДЕ КЕЛЕСІ ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛДІ:

01.	АХҚО Этика кодексі әзірленді және оны АХҚО Басқарушысы бекітті.	05.	Этикалық шешімдер қабылдау үшін нұсқаулық әзірленді.
02.	АХҚО Этика кодексін АХҚО органдары мен олардың ұйымдары қабылдады.	06.	Этика мәселелері жөніндегі өтініштер бойынша нұсқаулық әзірленді.
03.	Этика мәселелері жөніндегі тараудан тұратын және АХҚО-да этикалық мәдениетті ілгерілететін, АХҚО органдары мен АХҚО ұйымдары компания ішінде де, одан тыс жерлерде де кездесуі мүмкін этика мәселелері бойынша жоғары деңгейлі консультациялар мен нұсқаулар беретін Этика бойынша уәкілетті АХҚО-ның Этика мәселелері жөніндегі командасы тағайындалды.	07.	Өтініштерді қарау тәртібі бойынша нұсқаулық әзірленді.
04.	АХҚО-ның Этика мәселелері жөніндегі командасының Жарғысы әзірленді және оны АХҚО Басқарушысы бекітті.	08.	Ақпарат беру арналары, оның ішінде құпия (кездесу, электрондық пошта, MS нысандары, жедел желі) арналар құрылды.
		09.	АХҚО Этика мәселелері жөніндегі командасы мен персоналы үшін тренингтер өткізу арқылы Этика бағдарламасы туралы хабардарлықты арттыру және хабардар ету.



06.

**АХҚО — ТҰРАҚТЫ
ДАМУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ
ЖОЛЫНДА**

ОРНЫҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІ ҚОЛДАУ

АХҚО миссиясы — инновациялық қаржы өнімдері мен қызметтерін ілгерілету арқылы Қазақстан мен өңірдің тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу.

Экономикалық тұрақты даму капиталдың барлық бес түрі — табиғи капиталдың, өндірістік капиталдың, адами капиталдың, әлеуметтік капиталдың және қаржылық капиталдың тең-герімділігі мен өсуін білдіреді.

АХҚО қаржы қызметтері саласына инвестициялар үшін тартымды орта құру, бағалы қағаздар нарығын дамыту және оны халықаралық капитал нарықтарымен интеграциялау, озық халықаралық әдістер негізінде қаржылық және кәсіби қызметтерді дамыту, сондай-ақ қаржы орталығы ретінде халықаралық танылуға қол жеткізу арқылы тұрақты экономикалық дамуға ықпал етеді.

Қазақстанның тұрақты дамуына ықпал ету аясында АХҚО келесі стратегиялық бағыттарда жұмыс жүргізуде:

01. ТҰЙЫҚ ЦИКЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУ

02. НАҚТЫ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

03. ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯНЫ ТИІМДІ ІСКЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ КЕЛЕСІ ДЕҢГЕЙІНЕ ӨТУ (4ӨР)

АХҚО өзінің миссиясы мен стратегиялық даму бағыттарын БҰҰ-ның Орнықты даму саласындағы ұлттық басымдықтары мен жаһандық мақсаттарымен байланыстырады және өз қызметі шеңберінде жауапкершілік пен орнықты даму қағидаттарын интеграциялау үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

АХҚО-НЫҢ БҰҰ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА (ОДМ) ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

АХҚО-НЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ	ТАҢДАЛҒАН ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ (ОДМ)	ТИІСТІ МІНДЕТТЕР	НЕГІЗГІ БАСТАМАЛАР МЕН ЖОБАЛАР
Тұйық цикл экономикасын дамыту	7 ОДМ 7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ 	<p>7. b 2030 жылға қарай дамушы елдерде, атап айтқанда ең нашар дамыған елдерде, шағын аралдық дамушы мемлекеттерде және теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде олардың тиісті қолдау бағдарламаларын ескере отырып, барлығын заманауи және тұрақты энергиямен қамсыздандыру үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту</p> <p>7. a 2030 жылға қарай экологиялық таза энергетика саласындағы зерттеулер мен технологияларға, оның ішінде жаңартылатын энергетикаға халықаралық өзара іс-қимылды жандандыру, энергия тиімділігін және қазбалы отынды пайдаланудың алдыңғы қатарлы және неғұрлым таза технологияларды арттыру, энергетикалық инфрақұрылымға және экологиялық таза энергетика технологиясына инвестицияларды көтермелеу</p>	<ul style="list-style-type: none"> Жасыл жобалар үшін экономикалық ынталандыруды енгізу арқылы жасыл инфрақұрылымды дамыту. Нұр-Сұлтан қаласының төмен көміртекті даму стратегиясы: <ul style="list-style-type: none"> Энергияға сұранысты төмендету үшін энергия тиімділігін оңтайландыру. Қазбалы отынмен жұмыс істейтін қозғалтқыштарды, пештерді және т.б. электрлендіру. Қазбалы отынды пайдаланудан бас тарту үшін энергиямен жабдықтауды көміртексіздендіру.
	11 ОДМ 11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР 	<p>11. 6 2030 жылға қарай жан басына шаққанда қайта есептеу кезінде, оның ішінде ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы қалалардың жағымсыз экологиялық әсерін азайту</p>	<ul style="list-style-type: none"> 2025 жылы Еуразиялық даму банкімен, АХҚО Жасыл қаржы орталығымен және Новосібір мемлекеттік университетімен бірлесіп Алматыда қоршаған ортаны мониторингтеу және басқару жөніндегі экологиялық операторды құру.
	17 ОДМ 17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК 	<p>17.16 Барлық елдерде, атап айтқанда дамушы елдерде тұрақты даму міндеттеріне қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияларды және қаржы ресурстарын жұмылдыратын және алмастыратын көпжақты серіктестікпен толықтырылатын орнықты даму мақсатындағы жаһандық серіктестікті нығайту</p>	<ul style="list-style-type: none"> Әлеуетті арттыру және жасыл өсу мен тұрақты дамуды ілгерілету үшін биліктің заңнамалық және атқарушы органдарының кәсіби қауымдастығымен, азаматтық қоғам институттарымен, жергілікті бизнес-қауымдастықтармен өзара әрекет ету. Тәжірибе алмасу және АХҚО-ның орнықты даму озық қағидаттары мен тәжірибелеріне сәйкестігі мақсатында халықаралық серіктестермен (Сбербанк, КПМГ, VISA, Climate Bonds Initiative, Бейжің Қаржы және орнықты даму институты, орнықты даму жөніндегі халықаралық қаржы орталықтарының желісі, қоршаған орта жөніндегі БҰҰ бағдарламасы) өзара әрекет ету. GRI стандарттары бойынша қаржылық емес есептілікті жариялау. АХҚО Жасыл қаржы орталығы Орталық Азияның қаржы институттары арасында жасыл инвестициялар қағидаттарын ілгерілетуде, жаһандық жасыл қаржы саласындағы көшбасшылық бағдарламасының платформасы арқылы әлеуетті арттыру бойынша іс-шараларды өткізуде, жасыл жобалардың дерекқорын дамытуға және өңірде тұрақты қаржыландыру ауқымын кеңейтуге ықпал етуде маңызды рөл атқаратын болады.

АХҚО-НЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ	ТАҢДАЛҒАН ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ (ОДМ)	ТИІСТІ МІНДЕТТЕР	НЕГІЗГІ БАСТАМАЛАР МЕН ЖОБАЛАР
Физикалық және әсіресе цифрлық инфрақұрылымды инвестициялау	4 ОДМ 4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ 	4.4 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдылары, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдылары бар жас және ересек адамдардың санын едәуір ұлғайту	<ul style="list-style-type: none"> Кремний алқабынан бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу бағдарламаларын ұсыну арқылы Қазақстандағы цифрлық экономиканың болашақ көшбасшыларын даярлау бойынша АХҚО базасында QWANT бағдарламалау инновациялық мектебінің жұмыс істеуі. Жоғары сынып оқушылары мен студенттерді қолдау және ішкі дарын мен дағдыларды анықтау, мансаптық міндеттер қою және т. б. үшін АХҚО-ның Alfabius сияқты цифрлық білім беру платформаларының жұмыс істеуі, сондай-ақ әр түрлі кәсіби салаларда құзыреттілікті арттыру үшін білім беру нарығын құру мақсатында кәсіби мамандар үшін «Болашақ университеті» платформасын іске қосу. АХҚО құқық академиясы студенттер, журналистер, инвестициялар тартуға жауапты жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың уәкілетті қызметкерлері үшін 323 тыңдаушының қатысуымен түрлі құқықтық тақырыптарға алты бағдарлама ұйымдастырды. Үзіліссіз кәсіби даму бюросының командасы бүкіл ел бойынша мамандардың қолжетімді білім алуы үшін барлық қажетті мүмкіндіктерді жасады және 2020 жылдың соңына қарай CFA/Инвестициялар негіздері, FRM/ERP/Қаржылық тәуекелдер негіздері, ACCA, CIMA, CIA, HRCI, PMI, ислам қаржысы сияқты сертификаттау бағыттары бойынша 3 627 маманды кәсіби даярлықтан өткізді. 2020 жылы АХҚО Финтех хабы кәсіпкерлерге арналған «Өз адамдарыңды қолда» атты білім беру жобасын іске қосты. Нарықты жоғары білікті жұмыс күшімен қамтамасыз ету.
	9 ОДМ 9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ 	4.6 2030 жылға қарай барлық жастар мен ересек тұрғындардың, еркектердің де, әйелдердің де оқу, жазу және санауды білуін қамтамасыз ету.	<ul style="list-style-type: none"> Кәсіби даму бағыттарын қалыптастыру, АХҚО экокүйесінде және сыртқы нарықта кәсіби қызметтер көрсету үшін «A-PRO» жобасы арқылы жергілікті мамандарды дамыту, сондай-ақ мамандарды жалдау есебінен жұмыс орындарын құру. 2020 жылы АХҚО-ның кадрлық резерві нарық талаптарына толық жауап беретін 12 000 кандидатты құрады. «ЖОО студенттеріне арналған ҮҚДБ: шабыттандыратын көшбасшылық» атты онлайн тағылымдама бағдарламасы Қазақстанның барлық өңірлеріндегі студенттер мен түлектерге арналған және ағылшын тілін білу деңгейін, инвестициялық сауаттылықты, аналитикалық, зерттеу және көшбасшылық қасиеттерді жақсартуға мүмкіндік береді. Халықтың қаржылық сауаттылығын және ислам қаржысы туралы хабардарлығын арттыру мақсатында шағын және орта бизнес, қаржы нарығы және Қазақстан өңірлерінің мемлекеттік билік органдары, жоғары оқу орындары өкілдері, сондай-ақ көрші елдердің, соның ішінде Татарстанның қатысушылары үшін түрлі оқыту дәрістері өткізілді.
		9.4 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің қатысуымен ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза және экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді неғұрлым кеңінен қолдану есебінен оларды орнықты ете отырып, қайта жабдықтау	<ul style="list-style-type: none"> Жасыл облигацияларды шығару, сондай-ақ шығару рәсімінің өзі арқылы қаржыландырылуы мүмкін жасыл жобалар үшін өлшемшарттарды айқындайтын АХҚО биржасының жасыл облигациялар қағидаларын әзірлеу.

АХҚО-НЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ	ТАҢДАЛҒАН ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ (ОДМ)	ТИІСТІ МІНДЕТТЕР	НЕГІЗГІ БАСТАМАЛАР МЕН ЖОБАЛАР
		9.b Дамушы елдердегі отандық технологиялар саласындағы әзірлемелерді, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, оның ішінде өнеркәсіпті әртараптандыру және шикізат салаларындағы қосылған құнды ұлғайту жолымен қолайлы саяси ахуал жасау	<ul style="list-style-type: none"> Орталық Азия мен өңірдің финтех-стартаптар қауымдастығын қолдау. Капиталға қолжетімділікті кеңейтетін Еуразиялық тау-кен биржасының дамуы. АХҚО органдары мен олардың ұйымдарының жергілікті сараптаманы дамыту үшін ғылыми және инновациялық зерттеулерге қосқан үлесі.
Төртінші өнеркәсіптік революцияны іске қосу арқылы болашақта аттану	8 ОДМ 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ 	8.3 Өнімді қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке ықпал ететін дамуға бағдарланған саясатты жүргізуге ықпал ету және микро-, шағын және орта кәсіпорындарды, оның ішінде оларға қаржылық қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы ресми танылуын және дамуын көтермелеу	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО-ның жаңа кәсіпорындар мен өндірістерге инвестициялар тарту есебінен жаңа жұмыс орындарын құруға қосқан үлесі. Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейту үшін АХҚО биржасының өңірлік қор нарығының сегментін (REMS) дамыту.
		8.10 Ұлттық қаржы мекемелерінің барлығына банктік, сақтандыру және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті көтермелеу және кеңейту қабілетін нығайту	<ul style="list-style-type: none"> Құқықтық базаны одан әрі жетілдіру және Азиялық валюта нарығының құралдары үшін инфрақұрылым құру арқылы «Белдеу және жол» бастамасы шеңберінде нарықтық сегмент құру. АХҚО-да Дүниежүзілік экономикалық форумның 4-ші өнеркәсіптік революциясының Аффилденген орталығын құру.
	16 ОДМ 16 БЕЙБІТШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР 	16.3 Ұлттық және халықаралық деңгейлерде құқық үстемдік құруына ықпал ету және сот төрелігіне бәрінің бірдей қол жеткізуін қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО сотының және ХТО-ның халықаралық стандарттарға сәйкес келетін дауларды шешу қызметтерін ұсынуы
		16.5 Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың барлық түрлерін едәуір қысқарту	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО-ның Этика кодексін және парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты ішкі саясаттарды қатаң сақтау.
		16.6 Барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және ашық институттар құру	<ul style="list-style-type: none"> Британдық іскерлік этика институтының, сондай-ақ АХҚО TheCityUK корпоративтік басқару жөніндегі сарапшыларының ықпал етуімен АХҚО органдары мен олардың ұйымдарына өз қызметінде пайдалану және ұстану үшін Этика кодексі және Корпоративтік басқару қағидалары әзірленді.

ЖАСЫЛ ҚАРЖЫНЫҢ ӨҢІРЛІК ХАБЫН ДАМУ

Қазақстанның және жалпы өңірдің орнықты экономикалық дамуына ықпал ету аясында АХҚО-да елдің жасыл экономикасын дамыту және осы саладағы стратегиялық міндеттерді іске асыру үшін негізгі институт ретінде Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) жұмыс істейді.

ЖҚО техникалық қолдауымен 2020 жылғы тамызда АХҚО биржасында алғаш рет жасыл облигациялар шығарылды, атап айтқанда, БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры 200 млн теңге сомасына АХҚО биржасында жасыл облигацияларды дебюттік орналастыруды сәтті өткізді.

Орта мерзімді келешекте Қазақстанның жасыл қаржы экожүйесін құру жөніндегі жұмыс шеңберінде ЖҚО АХҚО қатысушылары мен АХҚО биржасында листинг жасайтын компаниялардың экологиялық және әлеуметтік жауапкершілігі туралы ақпаратты ашу қағидаттарын әзірлеу, сондай-ақ ESG есептілігі аясында нұсқаулықты әзірлеу бойынша жұмыс жүргізеді.

ЖҚО портфелі күн электр станцияларын, шағын су электр станцияларын салуды, сондай-ақ көшені жарықтандыру желілерін салу мен пайдалануды қоса алғанда, жаңартылатын энергия көздері саласындағы бірқатар жобаларды қамтиды. Сонымен қатар, ЖҚО борыштық құралдар желісін (әлеуметтік облигациялар және жасыл несиелер) кеңейткенін ескере отырып, қолжетімді тұрғын үй мен биоэлектр станцияларын салу жобалары әзірленуде.

Іске асырылып жатқан
жобалардың жалпы құны

\$270 млн

құрайды

АХҚО биржасында жасыл облигациялар шығарылуы мүмкін жасыл жобалардың санаттарына мыналар кіреді:

01. Жаңартылатын энергия көздері
02. Энергия тиімділігі
03. Ластану деңгейін төмендету және оларды бақылау
04. Тірі табиғи ресурстар мен жер пайдалануды экологиялық тұрақты басқару
05. Жер және су биоалу-антүрлілігін сақтау.
06. Экологиялық таза көлік
07. Су ресурстары мен ағынды суларды тұрақты басқару
08. Климаттың өзгеруіне бейімделу
09. Экологиялық тиімді және/немесе бейімделген қалдықсыз экономика өнімдері, өндірістік технологиялар мен процестер
10. Жасыл ғимараттар

КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҚ ПЕН СЕРІКТЕСТІКТІ ДАМУ

4-ші Өнеркәсіптік революцияны іске қосу арқылы өзінің миссиясы мен келесі даму деңгейіне өту жөніндегі стратегиялық бағыты шеңберінде АХҚО жергілікті және халықаралық инвесторлармен, нарық қатысушыларымен, қазіргі және әлеуетті эмитенттермен, реттеуші органдармен және кәсіби қауымдастықпен АХҚО органдары мен жұмыс топтары арқылы, сондай-ақ инвестициялық конференцияларда, форумдарда және арнайы оқыту іс-шараларында тікелей өзара іс-қимыл жасау арқылы сындарлы диалог құру үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҚПЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ	ӨҢІРЛІК ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ	БАСҚА
Пандемияға қарсы шаралар шеңберінде Еуропа және Еуразия елдерінде саясат әзірлеу бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның өңірлік тобын жоғары деңгейде құру. АХҚО-да Дүниежүзілік экономикалық форумның 4-ші Өнеркәсіптік революциясының Аффилденген орталығын құру.	2020 жылғы желтоқсанда АХҚО-ның Қазақстан өңірлерімен өзара іс-қимыл жасау тұжырымдамасы әзірленді.	2020 жылғы ақпанда АХҚО орнықты және жасыл қаржыландыру, исламдық қаржы және қаржылық технологиялар саласындағы өзара іс-қимыл жасау мақсатында Штутгарт Stuttgart Financial Қаржы орталығымен меморандумға қол қойды.
АХҚО-ның Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Халықаралық сақтандыру қадағалаушыларының қауымдастығымен (IAIS) Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумның (ММoU) 75-ші қатысушысы атанды. Осы келісім сақтандыру компанияларын трансшекаралық қадағалау саласындағы басқа реттеушілермен ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді, бұл АХҚО-да тиімді қадағалауды дамыту және қатысушыларды қорғау үшін қажет.	«Белдеу және жол» бастамасы АХҚО үшін негізгі стратегиялық бағыт болып саналады. АХҚО құрылғаннан бері өзін Қазақстан мен Орталық Азиядағы осы бастаманың инвестициялық және қаржы орталығы ретінде көрсетіп келеді. «Белдеу және жол» бастамасын іске асыру шеңберіндегі негізгі қадам ретінде АХҚО Орталық Азиядағы юаньға арналған клирингтік және есеп айырысу орталығы бола отырып, бастаманың жобаларына инвестициялау мен қаржыландыруды тарту үшін оффшорлық юань нарығын дамытуды бастады. 2019 жылы АХҚО BRI үшін Жасыл инвестициялар қағидаттарына қол қойды және осы салада одан әрі өзара іс-қимылға ұмтылады. Бұл 2060 жылға қарай көміртексіз бейтарап ел болу бойынша елдің жаңа пайымына сәйкес келеді.	2020 жылғы ақпанда АХҚО-ны өңірлік қаржы орталығы ретінде ілгерілету шеңберінде ЖҚО мен Моңғолияның Тұрақты қаржыландыру қауымдастығы (MSFA) тұрақты және жасыл қаржыландыру саласында Өзара түсіністік пен ынтымақтастық және білім алмасу туралы меморандумға қол қойды.
АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (IOSCO) консультацияларға, ынтымақтастыққа және ақпарат алмасуға қатысты Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумға (EMMoU) қол қойды.		2020 жылғы мамырда еуропалық елдердің қаржылық реттеушілерімен ынтымақтастықты ілгерілету шеңберінде АХҚО-ның Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Кипрлық бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясымен (CySEC) өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы екіжақты меморандумға және баламалы инвестициялар қорлары саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.
ЖҚО АХҚО-ның Қаржы орталықтарының орнықты даму жөніндегі халықаралық желісіндегі (FC4S) үйлестірушісі болып табылады. АХҚО 2017 жылы осы желінің негізін қалаушылардың бірі болды. ЖҚО жыл сайын FC4S жиналыстарына қатысады және жасыл қаржыландыру мен орнықты даму саласындағы АХҚО жетістіктерін көрсетеді.		

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ

АХҚО органдары мен олардың ұйымдары халықаралық сертификаттау бағдарламалары мен білім беру технологиялары арқылы білікті кадрлар даярлау жолымен қазақстандық мамандардың кәсіптік білімін жақсартуға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру бойынша белсенді жұмыс істеуде.

QWANT

QWANT — Қазақстанның цифрлық экономикасының болашақ көш-басшыларын даярлау мақсатында АХҚО-ның Үзіліссіз кәсіби дамыту бюросы құрған инновациялық бағдарламалау мектебі. Оқу Кремний алқабының жетекші платформасында жүргізіледі, онда студенттер ІТ саласында (деректерді талдау, бағдарламалық инженерия, Full-Stack Development) барлық қажетті дағдыларды меңгереді. Оқу бағдарламасы белсенді оқыту (active learning), тең құқықты андрогогика (peer-to-peer), жобалық оқыту (project-based), геймификация (gamification) және рөлдік модельдеу (role-play) қағидаттарына негізделген.

2020 жылы QWANT-тың 88 түлегі алғаш рет ашық нарыққа шықты. Банк саласы, Заттар интернеті, электрондық сауда, телекоммуникация, ІТ және кәсіби рекрутинг индустрияның 27 көшбасшы компаниясы мектеп түлектеріне қызығушылық танытты, олардың 46-сы жұмысқа орналасты немесе жұмыс туралы ұсыныстар алды.

«ALPHARABIUS» ЖӘНЕ «БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРЫ

EdTech индустриясындағы іскерлік белсенділікті экономиканың жоғары әлеуетті драйвері ретінде ілгерілету (B2B).

Қарқынды дамушы нарық талаптарына сәйкес болу мақсатында «Alpharabius» және «Болашақ университеті» цифрлық платформалары әзірленді, олар жаңа дарынды жастардың өсуіне ықпал етеді және халықтың қалың тобына арналған үзіліссіз даму тұжырымдамасын қолдайды.

«Alpharabius» — орта мектеп оқушылары мен студенттерге арналған толық циклді білім беру платформасы. Платформа оқушыларды ағымдағы жұмысқа дайындауды, олардың Қазақстан экономикасына кезекті үлесін қоса отырып, тұрақтылықты, дағдылар мен сандық құзыреттілікті дамытуға көмектесуді жоспарлайды, сондай-ақ студенттерге бойындағы дарынды анықтауға, мансаптық мақсаттар қоюға, университет-

терді іріктеуге, икемді дағдыларды дамытуға және олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыруға қолдау көрсетеді.

«Болашақ университеті» — қаржы, инвестициялар, қызметкерлерді басқару, жобаларды басқару, өзгерістерді басқару және бухгалтерлік есеп саласындағы құзыреттерді арттыру үшін білім беру нарығын құруға бағытталған мамандарға арналған платформа. Платформа АХҚО органдары мен қатысушыларын, сондай-ақ сыртқы нарықты білікті кадрлармен қамтамасыз ететін жоғары танылған кәсіби қауымдастықты қалыптастыруға ұмтылады.

АХҚО ҚҰҚЫҚ АКАДЕМИЯСЫ 2020

АХҚО Құқық академиясы — халықаралық коммерциялық құқық саласындағы жұмысқа мамандарды даярлау мақсатында АХҚО құқығы бойынша заңгерлік білім беру бағдарламалары өткізілетін білім беру алаңы. Академия әлемдік деңгейдегі институттармен ынтымақтасады және түрлі білім беру қызметтерін ұсынады.

АХҚО құқығы және халықаралық коммерциялық практика бойынша заңгерлік білім беру бағдарламаларын жүргізу жоғары білікті мамандарды даярлаудың бір бөлігі болып саналады және АХҚО юрисдикциясында бизнесті тиімді жүргізуге ықпал етеді.

2020 жылдың қаңтарынан бастап АХҚО Құқық академиясы 2 870 адамның қатысуымен заң фирмалары мен білім беру мекемелерімен бірлесіп 55 семинар мен вебинар ұйымдастырды.

«ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ АДАМ- ОРТАЛЫҚ ТӘСІЛІ»

Икемді дағдылар мен кәсіби құзыреттердің (B2C) теңгерімді моделін қалыптастыру есебінен кәсіби дамуға мультимодальдық және мультивекторлық.

COVID-19 пандемиясы білім беру жүйелерінің жұмысына, оның ішінде ересектерге арналған білім беру бағдарламалары аясында, мамандарға арналған оқыту ұсыныстарын қысқарта отырып, айтарлықтай теріс әсер етті. Үзіліссіз кәсіби даму бюросының командасы жедел әрекет ету шаралары ретінде бүкіл ел бойынша кәсіби мамандар үшін ашық білім берудің барлық мүмкіндіктерін жасады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша CFA/Инвестициялар негіздері, FRM/ERP/Қаржылық тәуекелдер негіздері, ACCA, CIMA, CIA, HRCI, PMI, исламдық қаржы, СМС және басқа сияқты халықаралық сертификаттау бағдарламалары бойынша 3 627 маман қайта оқытылды.





КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

АХҚО қызметкерлер стандартты емес міндеттерді шешуге бағытталған күш-жігерді қоса алғанда, тиімді және дәйекті жұмыс арқылы стратегиялық міндеттерге қол жеткізуге ықпал ететінін мойындайды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

АХҚО денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласында міндеттемелерді мойындап, өзіне жауапкершілік алады, осыған байланысты денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді (мысалы, өрт қауіпсіздігі, қауіпті заттар мен нәрселерді сақтау, пайдалану және тасымалдау) барынша азайту үшін қызметкерлерге тиісті қамқорлық жасау деңгейін қамтамасыз етіп, қажетті ақпарат, нұсқаулықтар беріп, оқытып-үйретеді және барлық қағидалардың сақталуына бақылау жүргізеді. Компанияға жұмысқа орналасу кезінде қызметкер жұмыс орнында туындауы мүмкін қауіптер туралы, сондай-ақ ол қабылдауы тиіс тиісті қорғау шаралары туралы жазбаша хабардар етіледі. Сонымен қатар, қызметкерлердің жұмыс орнына тиісті және қауіпсіз қол жеткізуді қолдауды талап етеді және қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін барлық қажетті ресурстар беріледі.

АХҚО-НЫҢ ЖАСЫЛ КЕҢСЕСІ

АХҚО инфрақұрылымы ЭКСПО аумағындағы 2017 жылы BREEAM ғимараттар тиімділігін бағалаудың халықаралық жасыл стандарты бойынша сертификатталған екі С3 және С4 павильондарынан тұрады. Сертификаттау басқару, денсаулық және жайлылық, энергияны тиімді пайдалану, көлік, су, материалдар, қалдықтарды жою, ластану және инновация сияқты өлшемдерді бағалайды.

АХҚО сондай-ақ «жасыл кеңсе» саясатын ұстанады. Осыған байланысты АХҚО кеңселерінде қалдықтарды бөлек жинау және одан әрі өңдеу бағдарламасы енгізілді. Бизнес-процестер Enterprise System Management және Property Management System сияқты платформаларда барынша цифрландырылған, бұл қағазды айтарлықтай үнемдеуге әкелді.

COVID-19-ҒА АХҚО-НЫҢ ЖАУАБЫ

2020 жылы АХҚО өз қызметкерлерінің жағдайына қатысты бірқатар шаралар қабылдады. Мәселен, 2020 жылғы наурыздың ортасынан бастап халықаралық сапарлар бойынша шектеу шаралары қабылданды, қызметкерлерді тұрақты дамыту мен оқытуға ықпал ету мақсатында бірқатар онлайн-бағдарламалар ұйымдастырылып, жыл сайынғы кездесулер мен конференциялар, атап айтқанда, жыл сайын жылдың ортасында өтетін Astana Finance Days қаржы форумы да онлайн форматқа ауыстырылды. Дауларды реттеу бойынша қызметтерді онлайн режимде көрсетуге бағытталған шаралардан басқа, АХҚО соты мен ХТО іскерлік және құқық орталары өкілдерін COVID-19 пандемиясы салдарынан туындаған оқиғаларды қоса алғанда, орын алған барлық оқиғалар мен АХҚО соты мен ХТО-ның даму мәселелері жөнінде уақтылы хабардар етуге арналған вебинарлар сериясын өткізді.

2020 ЖЫЛЫ ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН АХҚО-НЫҢ НЕГІЗГІ БАСТАМАЛАРЫ МЕН ЖАУАП ШАРАЛАРЫ

01. Ғимараттарда санитарлық шараларды енгізу: антисептикалық құралдармен өңдеу, ортақ пайдаланылатын кеңселер мен қоғамдық орындарды үнемі зарарсыздандыру, желдету жүйелерін зарарсыздандыру, бетперде режимі, кіреберіс/шығаберістерде адамдардың температурасын өлшеу, келушілердің кіруін, АХҚО қызметкерлерінің жұмыс режимін шектеу, оның ішінде қызметкерлердің 80%-ын қашықтан жұмыс істеу форматына ауыстыру, COVID-19 жұқтыру деңгейін анықтау үшін ПТР-тестілеу.

02. 24/7 нысанында АХҚО қызметкерлеріне консультациялар беру үшін білікті мамандардан тұратын медициналық топ құрылды.

03. АХҚО қызметкерлеріне қолдау көрсету және кеңес беру үшін жұмыс тобы құрылды.

04. Бүкіл ел бойынша жарияланған ресми төтенше жағдай кезінде АХҚО-ның барлық қатысушылары, серіктестері мен сервистік компаниялары үшін жалдау ақысынан толық босату.

БІЗДІҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ ҚОЛДАУ

АХҚО барлық мүдделі тараптармен тиімді қарым-қатынас орнатуға үлкен мән береді, сонымен қатар орталықтың мүддесі үшін әрекет ете отырып, оларға қолдау көрсетеді, сонымен бірге өз қызметіне жауап береді, өз ресурстарының қауіпсіздігі мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Қызметті жауапкершілікпен және ашық жүргізу «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында жазылған АХҚО стратегиялық міндеттеріне қол жеткізумен тығыз байланысты, осыған орай АХҚО-ның барлық мүдделі тараптарға ұсынатын ақпараты толық және ашық.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ СЕБЕБІ	АХҚО-МЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ СЕБЕБІ	ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ТЕТІКТЕРІ
1 Бизнес қауымдастық және инвесторлар	<ul style="list-style-type: none"> Инвестициялар тарту. Бизнес-жобаларда өзара іс-қимылға ықпал ету. АХҚО-ның өңірлік қаржы орталығына айналуына және Қазақстан экономикасының дамуына ықпал ету. Өңірде қаржы нарықтарын дамыту (мемлекеттік және жеке секторларға арналған жаңа өнімдерді, қызметтерді қоса алғанда). Бизнес ортаны жетілдіру. 	<ul style="list-style-type: none"> Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымға қол жеткізу. Бизнестің өсуіне ықпал ету. Сенімді серіктестік орнатуға ықпал ету. Ірі халықаралық және өңірлік қаржы институттарын, сондай-ақ активтерді басқарушылар мен ислам қаржы институттарын қоса алғанда, инвесторларға қолжетімділікті қамтамасыз ету. 	<ul style="list-style-type: none"> Бизнес-форумдар, инвесторлар күндерін ұйымдастыру. АХҚО өнімдері, қызметтері туралы жарияланымдар ұсыну. Іскерлік кездесулерді ұйымдастыру.
2 АХҚО қатысушылары	<ul style="list-style-type: none"> Өнімдер мен қызметтерді ұсыну. Іскерлік белсенділікті арттыруға ықпал ету. АХҚО-ның жалпы стратегиясы мен миссиясын іске асыруға қатысу. Инвестициялар тарту. Бизнес-жобаларды іске асыруда өзара іс-қимылға ықпал ету. АХҚО-ның реттеушілік және құқықтық базасын нығайту. 	<ul style="list-style-type: none"> Сапалы инфрақұрылымға және сенімді тәуелсіз реттеуге қол жеткізу. Ортақ құқық жүйесіне қол жеткізу. Жеңілдетілген салық режимі. Инновациялық сауда инфрақұрылымы. Коммерциялық дауларды шешу рәсімдеріне қол жеткізу. Инвесторларды қорғау. Төмен алымдармен бірге тіркеудің жеңілдетілген рәсімі. 	<ul style="list-style-type: none"> Форумдар, іс-шаралар, шеберлік-сыныптар, вебинарлар және т. б. ұйымдастыру. Сауалнамалар, кездесулер, сұрақтар мен жауаптар арқылы кері байланысты қамтамасыз ету. АХҚО жарияланымдары мен зерттеулік есептері.
3 Серіктестер	<ul style="list-style-type: none"> Халықаралық өзара іс-қимыл және танылу. Озық тәжірибе және біліммен алмасу. АХҚО-ны ілгерілету. Халықаралық реттеушілік және құқықтық стандарттарды енгізу. АХҚО-ның халықаралық индекстер мен рейтингтерге кіруі. Халықаралық ұйымдарды тарта отырып, АХҚО алаңында жобаларды бірлесіп іске асыру. 	<ul style="list-style-type: none"> Жаңа өнімдер мен қызметтерді әзірлеу. Халықаралық стандарттарды ілгерілету. Халықаралық ұйымдардың қатысуымен бизнес қауымдастықтар үшін тренингтер мен семинарлар өткізу. Инвесторлар тарту. Коммерциялық мүдделерді қорғау. 	<ul style="list-style-type: none"> Серіктестермен келіссөздер және кездесулер өткізу. Өзара іс-қимыл жасау туралы шарттар мен меморандумдар бекіту. Орталық сайтында жылдық есептерді жариялау.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ СЕБЕБІ	АХҚО-МЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ СЕБЕБІ	ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ТЕТІКТЕРІ
4 Мемлекет	<ul style="list-style-type: none"> Экономиканы дамытуда серіктес ретінде мемлекетпен қарым-қатынас орнату және нығайту. Мемлекеттік стратегияны іске асыру. Заңнаманы дамытуға үлес қосу. Құқықтық нормаларды сақтау. 	<ul style="list-style-type: none"> Экономикалық дамудағы басты рөл. Инвестициялар тарту. Қаржы индустриясы нарығын дамыту. Жаңа өнімдер мен қызметтер ұсыну. Мемлекеттік стратегияны іске асыруға ықпал ету. Мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру. 	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңестің отырыстарын өткізу. Мемлекеттік деңгейдегі түрлі іс-шараларға қатысу. Орталықтың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеу. Келіп түсетін сұрауларға жауаптар дайындау. Орталық сайтында жылдық есептерді жариялау, сондай-ақ заңнама талаптарына және озық тәжірибеге сәйкес басқа ақпаратты ашу. Ресми делегацияларға және мемлекеттік лауазымды тұлғалардың халықаралық сапарлары кезінде қатысу.
5 Акционер	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік басқару қағида-даттарына сәйкес акционерлердің құқығының сақталуын қамтамасыз ету. АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру. Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы шынайы ақпарат беру. 	<ul style="list-style-type: none"> Орталық акционерлерінің мүддесін сақтау. Мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру. 	<ul style="list-style-type: none"> Акционерлердің отырыстарын өткізу. Акционерлердің тапсырмаларын орындау. Орталықтың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеуге және жаңартуға қатысу. Келіп түсетін сұрауларға жауаптар дайындау. Орталық сайтында жылдық есептерді жариялау, сондай-ақ заңнама талаптарына және озық тәжірибеге сәйкес басқа ақпаратты ашу.
6 Қызметкерлер	<ul style="list-style-type: none"> Стратегиялық даму бағыттары мен қызмет фокусын көрсету. Қауіпсіз және қолайлы жұмыс ортасын қамтамасыз ету. Қызметкерлердің қажеттіліктері мен проблемаларын түсіну және оларға жауап беру. Бәсекеге қабілетті жалақыны және озық қаржы мекемесінде мансаптық өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. 	<ul style="list-style-type: none"> Еңбек жағдайларын жақсарту және бизнестің тиімділігін арттыру бойынша пікірлер мен ұсыныстар беру. 	<ul style="list-style-type: none"> Өтініштерді қабылдау бойынша «қаурыт желі» арнасының жұмысы. Ішкі байланыс арналарының жұмысы. Қызметкерлерді тарту деңгейін бағалау. Корпоративтік кездесулерді ұйымдастыру.



07.

ҚОСЫМША

АХҚО-ДА БИЗНЕС АШУ

АХҚО-ДА ӨЗ БИЗНЕСІҢІЗДІ ҚАЛАЙ АШУҒА БОЛАДЫ

ҚАДАМ
01.

digitalresident.kz сайтына өту



ҚАДАМ
02.

АХҚО-де ұйымды тіркеу талаптарын орындаңыз:

- Өтініш нысанын толтырыңыз
- Тіркеу жарнасын төлеңіз

ҚАДАМ
03.

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің өтінімді бағалауы және бекітуі.

ҚАДАМ
04.

Жұмысты бастау үшін сертификат/лицензия алыңыз.

Көмек үшін АХҚО Business Connect тіркеуді қолдау бөліміне хабарласыңыз:

rsbd@aifc.kz



Компанияны тіркеу жөніндегі бейне-нұсқаулыққа сілтеме



АХҚО-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ РЕТТЕУШІЛІК БАЗАСЫ

БИЗНЕС-ҚАУЫМДАСТЫҚ ҮШІН АХҚО ЮРИС-ДИКЦИЯСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ



АХҚО АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕКЕМЕНШІК ЗРІПТЕСТІК ЖОБАЛАРЫН ҚҰРЫЛЫМДАУ



ҚҰҚЫҚТЫҚ
БАЗА



АХҚО ВЕНЧУРЛІК КАПИТАЛЫ ЖӨНІНДЕГІ ПРАКТИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ





АХҚО БАЙЛАНЫСТАРЫ



info@aifc.kz

authority.aifc.kz



info@afsa.kz

afsa.aifc.kz



info@aifc-court.kz

court.aifc.kz



info@aifc-iac.kz

iac.aifc.kz



markets@aix.kz

aix.aifc.kz




FintechHub@aifc.kz

fintech.aifc.kz



rsbd@aifc.kz / psbd@aifc.kz

bc.aifc.kz



expat@aifc.kz

expatcentre.aifc.kz



Info@aifc.edu.kz

bcpd.aifc.kz



greenfinance@aifc.kz

gfc.aifc.kz



academyoflaw@aifc.kz

aol.aifc.kz

АХҚО-НЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛКІ

АХҚО-НЫҢ ОРГАНДАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ ЭКСПО ПАВИЛЬОНДАРЫНДАҒЫ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕҢСЕЛЕРІ





КЕҢСЕЛЕРДІҢ ІШКІ КӨРІНІСІ





 **AFSA** Astana
Financial
Services
Authority
 **Business Connect**





AIFC Astana International Financial Centre
MANAGEMENT COUNCIL

AI
ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE



БИБЛИОГРАФИЯ

1	Азия даму банкі, Азияның 2021 жылғы дамуына шолу
2	Қазақстанның 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы
3	Қазақстанның 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы
4	Дүниежүзілік банк, Еуропа мен Орталық Азияның экономикасына шолу
5	https://www.doingbusiness.org/en/reports/global-reports/doing-business-2020
6	https://www.nationalbank.kz/en/page/statistika
7	https://nationalbank.kz/ru/news/pryamyie-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya
8	https://www.nationalbank.kz/ru/page/statistika
9	https://openknowledge.worldbank.org/bitstream/handle/10986/32436/9781464814402.pdf
10	https://primeminister.kz/en/news/sovet-po-uluchsheniyu-investicionnogo-klimata-rassmotrel-perspektivy-vosstanovleniya-ekonomiki-rk-2292428
11	https://www.primeminister.kz/ru/news/sovet-po-uluchsheniyu-investicionnogo-klimata-rassmotrel-perspektivy-vosstanovleniya-ekonomiki-rk-2292428
12	https://aifc.kz/uploads/exp_rus.pdf
13	Реттеуші құм алаңы — реттеуші орган құрған құрылым, ол FinTech стартаптары мен басқа да жаңашыл өнім иелеріне реттеуші органның бақылауымен бақыланатын ортада тікелей тәжірибелер жүргізуге мүмкіндік береді
14	Финтех хаб ұсынатын артықшылықтар туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сілтемеге өтіңіз: https://afsa.aifc.kz/Fintech-lab және екі минуттық бейнежазбаны көріңіз
15	Қазақстан Жасыл қаржы жаһандық индексіне кірді
16	Азия даму банкі (АДБ), Ислам даму банкі (ИДБ), IFSB (Исламдық қаржы қызметтері жөніндегі кеңес), AAOIFI (Исламдық қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудит жөніндегі ұйымы), Ислам қаржы институттарының аудиті және CIBAFI (Ислам банкілері мен қаржы институттары бойынша бас кеңес).
17	https://aifc.kz/files/pages/721/documents/1/islamic-finance-master-plan-for-the-republic-of-kazakhstan-2020-2025.pdf
18	Қаржы саласындағы британдық банктердегі және басқа ұйымдардағы корпоративтік басқару: Қорытынды ұсыныстар, 2009.
19	Компанияның қаржылық жағдайын теңгерімді бағалау бірнеше балама көзқарастарды қажет етеді — бұл әдетте компанияның операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметін, сондай-ақ қаржыландыру құрылымын талдауды қамтиды.
20	https://www.thecityuk.com/assets/2020/Reports/c16d38b7b8/UK-Kazakhstan-corporate-governance-working-group-report.pdf
21	https://afsa.aifc.kz/uploads/Risk%20Management%20Framework%20AFSA.pdf
22	Тәуекел тәбеті Директорлар кеңесі өзінің стратегиялық мақсаттарына жету үшін қабылдауға дайын тәуекелдің мөлшерін білдіреді.
23	https://aifc.kz/files/pages/2275/documents/1/aifc-code-of-ethics.pdf

ГЛОССАРИЙ

4ӨР	Төртінші өнеркәсіптік революция
АДБ	Азия даму банкі
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЕҚДБ	Еуропа Қайта құру және Даму банкі
ХТО	Халықаралық төрелік орталығы
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
АХҚО	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
КТС	Корпоративтік табыс салығы
ҚҚС	Қосылған құн салығы
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ТШИ	Тікелей шетелдік инвестициялар
Жоспар	Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі даму жоспары
Өңір	Орталық Азия, Кавказ, ЕАЭО, Батыс Қытай, Моңғолия және Шығыс Еуропа
Орталық Азия	Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан
ЖҚО	АХҚО Жасыл қаржы орталығы
БҰҰ ОДМ	БҰҰ Орнықты даму мақсаттары
ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ВРИ	«Белдеу және жол» бастамасы
ЕММОУ	Өзара түсіністік туралы кеңейтілген көп жақты меморандум
FC4S	Қаржы орталықтарының тұрақты даму жөніндегі халықаралық желісі
GFCI	Жаһандық қаржы орталықтарының индексі
GGFI	Жасыл қаржы жаһандық индексі
GRI	Есеп беру жөніндегі жаһандық бастама
IOSCO	Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы
IAIS	Халықаралық сақтандыру қадағалаушыларының қауымдастығы
IPO	Бастапқы жария орналастыру
IsDB	Исламдық даму банкі

